

ISBN 978-83-66216-07-5

С.С. Қожабеков, А.Ш. Молдабекова,  
Д.Б. Муратова

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

МОНОГРАФИЯ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ  
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УИНВЕРСИТЕТИ

С.С. ҚОЖАБЕКОВ  
А.Ш. МОЛДАБЕКОВА  
Д.Б. МУРАТОВА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ  
ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ:  
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

**МОНОГРАФИЯ**

**Варшава-2018**

ӘОЖ 331.25+630.676 (574)

КБЖ 65.24+65.2/4-93

Қ

**Авторы:**

**С.С. Қожабеков, А.Ш. Молдабекова, Д.Б. Муратова**

**Пікір жазғандар:**

**Тажибиев С.Д.** – э.э.д., Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің профессоры;

**Сайлаубеков Н.Т.** – э.э.д., Абылай хан атындағы ХҚЖӘТ университетінің профессоры;

**Исакова С.А.** – э.э.д., М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің профессоры.

Бұл монографияда Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінің қаржылық дауының теориялық аспектілері және жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық қызметі мен «МЖЗҚ» АҚ-ның жағдайы талданған, мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеуді жетілдіру мен зейнетақы жүйесін инвестициялық стратегиясын ұйымдастыруды жаңғырту мәселелері қарастырылған.

КБЖ 65.24+65.2/4-93

Баспаға М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесінің шешімі бойынша ұсынылды (№2 хаттамасы, 26 қараша 2018 ж.).

**ISBN 978-83-66216-07-5**

© С.С. Қожабеков, А.Ш. Молдабекова,  
Д.Б. Муратова, 2018

© М.Х. Дулати атындағы Тар МУ, 2018

© iScience Sp. z o. o.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	4
<b>1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ</b> .....	10
1.1. Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қаржылық теориялық негіздері .....	10
1.2. Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту .....	23
1.3. Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғыртудың әлемдік тәжірибесін Қазақстан жағдайында қолдануы .....	37
<b>2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН «МЖЗҚ» АҚ-НЫҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ</b> .....	53
2.1. Экономиканы жаңғыртудың жаңа жағдайында зейнетақы жүйесіне баға беру .....	53
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметін талдау.....	69
<b>3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ</b> .....	82
3.1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ң активті операциялар құрылымын экономикалық-математикалық моделдеу .....	82
3.2. «БЖЗҚ» АҚ-ның қаржылық даму стратегиясын ұйымдастыруды жаңғырту .....	95
3.3. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеуді жетілдіру .....	101
3.4. Зейнетақы жүйесінің инвестициялық стратегиясын ұйымдастыруды жаңғырту.....	119
3.5. «МЖЗҚ» АҚ-ның биржалық айналымдағы зейнетақы активтерінің өсу тенденциясы.....	133
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	146
<b>ӘДЕБИЕТ</b> .....	153

## КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтарда «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында: «Әлеуметтік саясат азаматтарды толыққанды экономикалық өмірге тарту арқылы жүзеге асырылатын болады. Қазір зейнетақы жүйесі толықтай еңбек өтіліне байланыстырылған. Кім көп жұмыс істесе, сол көп зейнетақы алатын болады. Осыған орай, барша қазақстандықтар өздерінің атқаратын жұмыстарын заңдастыруға зор мән беруі керек. Әлеуметтік сақтандыру жүйесінде де еңбек өтілі мен өтемақы мөлшері арасындағы өзара байланыс күшейтілетін болады. Біз 2018 жылдан бастап халықтың әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған тобына атаулы әлеуметтік көмеккөрсетудің жаңа тәртібіне көштік. Оның шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 процентінен 50 процентіне дейін көтерілді. Еңбекке қабілетті әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған азаматтар үшін берілетін қаржылай көмек олар жұмыспен қамту шараларына қатысқан жағдайда ғана қолжетімді болады. Еңбекке қабілетсіз азаматтарға мемлекеттік қолдау көрсету шаралары күшейтіледі» - деп айтқан.

Республикамыздың "Қазақстан – 2050" бағдарламасында барлық Қазақстандықтардың әл-ауқатын, қауіпсіздігін жақсарту, гүлдену, даму стратегиясында Президентіміз Н. Назарбаев атап өткендей, еліміздің дамуының басым бағыттарының бірі тұрғындардың материалдық және әлеуметтік әл-ауқаты болып табылады. Тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз етудің деңгейі мен сапасы-еліміздің азаматтарының әлеуметтік және экономикалық жағдайының маңызды құрамдас бөлігі. ЖЗЖ тұрақты түрде дамуы Қазақстан Республикасының экономикалық дамуын жылдамдатуға ықпал етеді [1].

Республиканың әлеуметтік-экономикалық жүйесінде неғұрлым қарқынды дамушылардың бірі зейнетақы жүйесі болып табылады. Сонымен қатар, әрекет етуші жинақтаушы зейнетақы жүйесіне зерттеулер жүргізу, оның тереңдеуі, нарықтық экономикалық жағдайындағы Қазақстан экономикасына бейімделуі және оның әрекет етуінің қысқа мерзім ішінде пайда болған пікірталастағы және шешілмеген көптеген мәселелер мен сұрақтардың бар екендігі жөнінде белгілі бір тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Атап айтатын болсақ, еңбек етіп болғаннан кейінгі кезеңде қалыпты өмір сүруді қамтамасыз етуге зейнеткерлердің жинақ қорларының саны емес сапасының жеткіліксіздігі, гендерлік

мәселелердің шешімін таппауы, өмір сүру ұзақтығының әр-түрлілігі, еңбек ақы теңсіздігі нәтижесінде әйелдер мен ерлер арасындағы зейнетақы мөлшеріндегі теңсіздіктің болуы, өндірістік мүгедектік мәселелері және т.б. Қазақстан экономикасының даму ерекшеліктері зейнеткерлікке шыққан мерзім ішінде тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту мен қолдау мақсатында тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін дамытуға бағытталған кешенді шаралардың жүзеге асырылуын қолдайды. У. Ростоу экономикалық өсу теориясына сәйкес «Саясат және кезеңдері» атты еңбегінде бірінші кезекке адамның рухани дамуы қойылатын өмір сүрудің «сапасын іздеуді» қояды. Қажетті нәтиже алу үшін, экономиканы жеделдету мақсатында инвестициялар жасау қажет. Ол үшін ішкі жинақ қорларды шоғырландыру-басты шарттардың бірі болады. Экономикалық өсу және дамытудың құпиясы өте қарапайым: тек қана ұлттық қорларды және инвестицияларды көбейту қажет. Шындығында инвестицияны және қорларды көбейту жылдам дамудың қажетті, бірақ жеткіліксіз шарты болып табылады. Бұл тұрғыда, инвестициялық институттар тиімді инвестициялау процесін жүзеге асырады. Ал, ЖЗҚ төлемдердің басталуы мен жарналар түсімдерінің аяқталуы арасындағы бірнеше жылды құрайтын уақыт аралықтары ЖЗҚ ұзақ және орта мерзімді инвестиция жасауға және өзінің портфелін құруға мүмкіндік береді. ЖЗҚ әрекет етуі ұзақ мерзімді инвестициялық процесті білдіреді. Алайда, қорлар кәсіпорындардың бағалы қағаздарына инвестиция жасап экономиканы қаржыландыруды және қаржы құралдарын банк депозиттеріне орналастыру арқылы, коммерциялық банктердің ресурстық базасын толықтыруды әзірше қаржылар тиімді орналастырылды деп айтуға болмайды. Зейнетақы қорларының инвестициялық іс-әрекеттерінің нәтижесі, олардың әрекет етуінің бастапқы кезеңінде, инвестициялық мүмкіндіктерді жеткіліксіз пайдаланғанын көрсетеді. Біздің ойымызша, оның басты себептері: қаржы құралдарының қайтарылуына мемлекеттік кепілдіктердің болмауы, қаржы нарығындағы тұрақсыз жағдай. Біздің көзқарасымыз бойынша, зейнетақы активтерін экономиканың нақты секторындағы шаруашылық салаларын және зейнетақы саласын дамытудың басты бағыттарын қаржыландыру мақсатында пайдалану керек.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінің қаржылық даму концепциясына талдау жүргізу және тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту мен әрі қарай дамытудың басымдықтарын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Тақырыпты таңдау экономикалық талдау, өмір сүрудің әлеуметтік тәртіптерінің қалыптасуы, демография қарқыны және басқа да факторларға байланысты тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз

ету жүйесінің жалпы зыңдылықтарын зерттеу қажеттілігімен анықталады.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Түрлі бағыттағы экономикалық мектептер ғалымдарының жұмыстарында қоғамның еңбекке жарамсыз мүшелерінің жағдайында барлық уақытта едәуір орын беріліп отырған. Бұл мәселені қозғағандардың қатарына: А. Смит, У. Ростоу, Г. Мюрдаль, Д. Рикардо, Д. Кейнс, А. Маршалды жатқызуға болады.

Кеңестік дәуірде қоғамдық қорлар арқылы тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы зерттеу жұмыстары келесі авторлармен жүргізілген: М. Герасимов, Б. Ракитский, Ю. Шаршов және басқалары. Тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз ету мәселесімен арнайы айналысқан келесі авторлардың жұмыстарын атап өтуге болады: Н. Ветрова, А. Егоров, Л. Соловьева, Е. Астрахан, В. Агаркан, А. Зайкин сияқты ғалымдармен жүргізілген.

Тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз етудің қазіргі таңдағы тенденциясы мен ондағы мәселелері А.Аникеева, С. Афанасьева, Л. Зубченко, Лебедева, Е. Четыркин, А. Алибаев және тағы басқалардың жұмыстарында жарық көрген. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің әрекет етуі барысында Қазақстандық нарықтың ерекшеліктерін ескеру қажет. Аталған тақырыптың даму барысындағы түрлі аспектілер Н.К. Мамыров, Т.М. Рогачева, Мұхтарова К.С., Кравцов А., Н.Н. Хамитов, В.Д. Лидің және тағы басқа ғалымдар еңбектерінде көрініс тапқан.

Республикада соңғы жылдары жүзеге асырылып келе жатқан мәселелердің бірі элеуметтік саясат, оның ішінде, зейнетақы реформасына қатысты сұрақтарды келесі ғалым экономистердің еңбектерінен көруге болады: Баймуратов У.Б., Кенжегузин М.Б., Кошанов А.К., Исаков У.М., Нурланова Н.К., Зейнельгабдина А.Б., Ильясов К.К., Мельников В.Д., Есентугелов А.Е., Тимошенко Л.С., Шалгимбаева Г.Н., Карагусова Г.К., Н.А. Коржова, Берешев С.Х., К.М. Тулепбаев, А.Х. Нурсейтов.

ҚР БЖЗҚ қалыптасуына арналған Б.Л. Бекбердиев, Н.А. Коржова, Л.Е. Ибрагимованың ғылыми зерттеулерінде тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз етудің қаржы және оны басқару тетіктері, зейнетақы активтерінің портфельді инвестицияларының пайда болуы, оны оңтайландыруға байланысты ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ ел экономикасын қаржыландыруда зейнетақы қорларының активтерін пайдаланудың келешегі туралы сұрақтар қарастырылған.

Республикадағы БЖЗҚ қаржы тетіктерінің қалыптасуы, нормативтік реттеу, зейнетақы төлемдеріне талдау, БЖЗҚ міндеттемелердің орындалуына бақылау жүргізуге қатысты сұрақтар

А.Х. Нұрсейтовтың ғылыми зерттеулерінде көрініс тапса, ал К.М. Тулепбаевтың 2009 жылғы «Қазақстан Республикасының зейнетақы реформасы» және 2013 жылғы «Тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз етудің Қазақстандық үлгісі» атты монографиялары зейнетақы жүйесінің әрекет етуіне талдау жүргізу және олардың қызметін тиімді жүргізуді қамтамасыз етуге қатысты ұсыныстар әзірлеумен байланысты зерттеулер қатарына жатады. Онда зейнетақы жүйесін жаңғыртудың құқықтық және институционалдық инфрақұрылымының қалыптасуы, БЖЗҚ елдің экономикалық дамуындағы алатын ролі қарастырылған.

Алайда, Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінің қаржылық даму концепциясына қатысты сұрақтар жеткіліксіз зерттелген. Сондықтан, ҚР тұрғындарын зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту айтарлықтай өзекті мәселе болып табылады, ал БЖЗЖ жетілдіру мен дамытудың зейнетақы жүйесінің қаржылық даму концепциясына қатысты басымдықтар мен ұсыныстарды өңдеу зерттеу тақырыбын және оның құрылымын, логикасы мен мазмұнын анықтайды.

Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінің қаржылық даму концепциясын теориялық негіздеу мен оның басымдықтарын анықтау барысында зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту болып табылады.

Ғылыми зерттеу жұмысында қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей зерттеу жұмысының міндеттері алға қойылды:

- тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз етудің объективті негіздерін анықтай отырып, әлеуметтік-экономикалық категория ретінде зейнетақымен қамтамасыз етудің мәнін нақтылай түсу;

- нарықтық экономикасы дамыған елдердегі азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету тәжірибесіне, оны Қазақстанның ерекшеліктеріне байланысты қолдануына талдау жүргізу;

- бірыңғай зейнетақы жүйесінен жинақтаушы түріне өтуді анықтаушы факторларды ғылыми түрде жүйелеп, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін жетілдіру;

- бірыңғай зейнетақы жүйесін анықтаушы факторларды ғылыми түрде жүйелеп, жинақтаушы зейнетақы қорының қызметтерін жетілдіру;

- «МЖЗҚ» АҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметін талдау;

- «МЖЗҚ» АҚ ЖОФ-ның қызметтерін мемлекеттік реттеудің қазіргі жағдайын және олардың инвестициялық ресурстарының қалыптасуына әсерін зерттеу;

- Қазақстандағы зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту ерекшеліктерін ашып көрсету.



Зерттеу пәні ретінде ҚР тұрғындарын зейнетақымен қамтамасыз етудің инвестициялық процесі ұйымдастыру барысы және экономикалық-ұйымдық қарым-қатынастар қарастырылды.

Зерттеу нысаны ретінде ҚР «МЖЗҚ» АҚ-ы алынған.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін қоғам мүшелерін зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелеріне арналған шетелдік және отандық ғалым экономистердің еңбектері және зерттеулері жатады. Құқықтық негізін тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз ету қатынастарын реттеуші ҚР Заң актілері мен нормативтік құжаттары құрайды және жұмыста абстрактылы-логикалық, монографиялық, статистикалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық сараптама әдістерін пайдалана отырып, орташа шамалар және салыстыру әдістері қолданылған.

Зерттеудің ақпараттық базасын ҚР бағалы қағаздар бойынша Ұлттық комиссиясы, Қазақстанның зейнетақы қорының қызметтерін реттеуші Комитет, мемлекеттік қаржылық статистикасының есептік мәліметтері, статистикалық материалдары және анықтамалықтары пайдаланылған.

*Ғылыми зерттеу жұмыстың негізгі тұжырымдары:*

1. Қазақстан Республикасының БЖЗҚ қызметінің теориялық аспектілері толық ашылған.

2. Автормен экономиканы жаңғыртуды жеделдету қажеттілігін туындатқан факторлар негізінде зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту шарттары ұсынылды.

3. Жағымды және жағымсыз жақтары нақтыланған зейнетақы жүйесін жаңғыртудың үлгісі ұсынылды.

4. Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының ел экономикасын қаржыландыруға әсері талданды.

5. Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінің қаржылық даму концепциясының мәселелерін шешу жолдары бойынша ұсыныстар берілді.

Ғылыми зерттеу жұмыстың жаңалықтары келесілерден көрінеді:

- Зейнетақы активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарын ұлғайту үлгісі ұсынылды;

- зейнетақымен қамтамасыз етудің әлеуметтік, материалдық базасын құруда және адам капиталын дамытуда зейнетақы салымдарының артықшылық-тары негізделді;

- жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді;

- тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз етудің артықшылықтары нақтыланып, автормен зейнетақы жүйесінің жағымды және жағымсыз жақтары бөлініп көрсетілді;

- Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінің қаржылық даму концепциясына мәселелері мен оларды шешу жолдары ұсынылды.

## 1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

### *1.1. Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қаржылық-теориялық негіздері*

Жаңғырту процесін Қазақстанның қазіргі таңдағы экономикасының маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастыра отырып, соңғы 10 жылдықтағы жаңғырту теориясының эволюциясын сипаттау және оны қысқаша қарастыру қажет деп есептейміз. Ол әсіресе, біздің республикамыз үшін теориялық және практикалық қызығушылық танытып отырған экономиканың даму теориясына қатысты. Өйткені, онда нарықтық экономиканы дамыған және әлде қайда қалып қойған елдер арасында алшақтықты жою мәселелері зерттеледі.

Даму мәселесі, 50 жылдары афро-азиат елдерінде колониалдық жүйенің тарауы кезеңінің зерттеу пәні болып табылады. Алғашқыда нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттің ғалымдары бұл елдер үшін алдыңғы қатарлы экономикалық теорияны, жаңғыртудың негізі ретінде қолдану мүмкіндігін оптимисті түрде бағалады. Әлемдік шаруашылықтың даму үлгісін жасау үшін, дәстүрлі үлгілерге қосымша алғы шарттар мен кейбір коэффициенттерді енгізу жеткілікті деп есептелінді. Дамушы елдердің мәселелері дамыған елдердің бір кездері шешкен мәселелеріне ұқсас деп болжанды. Осыларға сәйкес классикалық және неоклассикалық экономикалық теорияның негізгі ережелерін- нарықтық ортаға талдау жүргізу үшін, ал кейнсиандық және неокейнсиандық үлгілерді- дамушы елдердің мемлекеттік секторын зерттеуде қолдануға болады деген қорытынды жасалды. Сонда да болса, әмбебаптық классикалық теорияға тән белгі болып табылатын, яғни қоғамның дамуы бірдей заңдылықтар мен кезеңдер тән болып келетін әмбебаптық процесс ретінде қарастырылады. Мұндай пікір экономикалық өсуді 5 кезеңге бөліп қарастыратын У. Ростоудың теориясында айқын байқалады:

- бірінші кезең – дәстүрлі жанұялық жерге негізделген қоғам;
- екіншісі – өсу үшін алғы шарттар жасалынатын өтпелі қоғам;
- үшінші кезеңде – қор жинауға, инвестициялауға бағытталған ұлттық табыстың үлесі өседі, индустриялану және урбанизациялану басталады;

- төртінші кезеңде – шаруашылықтың көп салалы құрылымы құрылады, химия, энергетикалық және автомобиль өнеркәсібі пайда болады, машина жасау дамиды;

- бесінші кезеңде – экономика құрылымында қызмет көрсету және күрделі техникалық тұтыну тауарлары өндірісінің үлесі артады.

Өзінің кейінірек шыққан «Саясат және өсу кезеңдері» атты еңбегінде (1997ж) У. Ростоу алтыншы кезеңді қосады – бірінші кезекке адамның рухани дамуы қойылатын өмір сүрудің «сапасын іздеу кезеңі» [2]. Сонымен, У. Ростоу теориясына сәйкес батыс елдері сияқты жоғары деңгейде даму үшін дамушы елдер жоғарыда қарастырылған кезеңдердің сатылылығын сақтай отырып, жоғары дәрежеде дамуға ұмтылу қажет [3].

У. Ростоу пікірі бойынша, қажетті нәтиже алу үшін олар белгілі бір шарттарды орындауы тиіс. Экономикалық өсуді жеделдету мақсатында қажетті инвестициялар жасау үшін ішкі және шетелдік жинақ қорларды шоғырландыру басты шарттардың бірі болып табылады. Жалпы ұлттық өнімнің 15-тен 20 пайызға дейін сақтай алатын елдер салыстырмалы жинақтау нормасы төмен елдерге қарағанда әлде қайда жылдамырақ дами алады, сонымен қатар, мұндай даму әлде қайда тұрақты болып келеді. Сонымен, экономикалық өсу және дамудың құпиясы өте қарапайым: тек қана ұлттық қорларды және инвестицияларды көбейту қажет. Дамудың басты тежеуіші – көптеген елдер үшін жинақ қорларының төмендігі. Мұндай "қор тапшылығы" шетелдік, мемлекеттік және жеке инвестициялармен толықтырылуы мүмкін немесе қазіргі таңдағы инвестициялық институттардың атқаратын роліне тоқталып кеткен жөн деп есептейміз.

Нарықтық экономика кезінде инвестициялық институттардың алатын орны ерекше. Инвестициялық институттарға, инвестициялық компаниялар, пайлық инвестициялық трастар, инвестициялық қорлар, бірлескен қорлар, жылжымайтын мүлікке жасалынатын инвестицияға маманданушы трастар және өзара әрекет етуші қорлар жатады.

Инвестициялық компаниялар бұл – жеке инвесторлардың қаржы құралдарын тарта отырып, оларды кең қолданыстағы бағалы қағаздарға немесе активтердің кейбір түрлеріне инвестициялаушы қаржы делдалдары.

Инвестициялық компаниялардың басты міндеті-активтерді біріктіру. Әрбір инвестордың, инвестициялық компанияға инвестормен салынған сомаға пропорционалды, инвестициялық компаниямен құрылған актив портфелінің белгілі бір үлесіне құқығы

бар, осылайша инвестициялық компаниялар ірі инвестициялаудан пайда табу үшін, жеке компаниялардың инвесторлары бірігіп, инвестициялық механизм ұсынады.

Инвестициялық компаниялар өздерінің инвесторларына қатысты бірнеше маңызды қызметтер атқарады:

1. Құралдар есебі және басқару. Инвестициялық компаниялар өздерінің қаржы жағдайлары жөнінде мерзімді есеп беріп отырады және капитал, дивиденд, инвестиция және бағалы қағаздар бойынша өсімінің бөлу есебін жүргізіп отырады. Сонымен қатар, өздерінің акционерлерінің пайыздық табыстарын және дивиденттерін реинвестициялай алады.

2. Диверсификация және бөлінуі. Инвестициялық компаниялар өз инвесторларының қаржы құралдарын біріктіре отырып, түрлі бағалы қағаздар үлестеріне мүмкіндік береді. Бұл жағдайда олар ірі инвесторлар сияқты әрекет етеді.

3. Біліктілікті басқару көптеген инвестициялық компаниялардың қаржы сарапшыларымен портфельдерді басқарушы тұрақты штаты болады. Олар өз инвесторлары үшін максималды тиімді капитал қайтарымын алуға тырысады.

4. Трансакцияда жүргізуге жұмсалатын шығындарды төмендету. Инвестициялық компаниялар бағалы қағаздардың ірі пакеттерімен сауда жасайтын болғандықтан, бұл оларға комиссиялық және брокерлік гонорардың есебінен едәуір үнем жасауға мүмкіндік береді.

Атап өтетін жағдай, зерттеулер көрсетіп отырғандай "инвестицияның шектеулілігі" дамыған елдер тарапынан әлемге техникалық көмек және капитал экспортын жасауға ыңғайлы құрал болып табылады. Шынында инвестицияны және қорларды көбейту жылдам дамудың қажетті, бірақ жеткіліксіз шарты болып табылады.

Бұл тұрғыда, инвестициялық институттар оптималды инвестициялау процесін жүзеге асырады.

«Инвестор» – біздегі теория мен практика үшін салыстырмалы түрде жаңа термин. Жоспарлы экономика аясында ол "капитал салымдары" деген түсінікті береді. Оны негізгі қорлардың ұдайы өндірісіне сонымен қатар, оларды жөндеуге жұмсалатын барлық шығындар деп түсінген. Соңғы жылдары ғылыми әдебиеттерде бұл екі түсінік екі түрлі мағынада беріліп жүр. Дәстүрлі түрде «инвестиция» деп белгілі бір экономикалық жобалардың есебіне негізделі отырып, болашақта пайда табуды айтамыз. Отандықпен қатар, шет елдік

экономикалық әдебиеттерде инвестиция көбіне осылайша түсіндіріледі.

«Инвестиция» түсінігі өте ауқымды, сондықтан оған нақты анықтама беруге болмайды. Экономика ғылымдарының түрлі бөлімдерінде оның мазмұны түрлі ерекшеліктерге ие болады.

Инвестицияның экономикалық мәні, ақшаның «санын табыс алу жолымен немесе капиталды өсіру мақсатында» пайдалануында екендігін атап өтуге болады [4, 26 б].

Осыған ұқсас анықтамалар әлемнің түрлі елдеріндегі танымал еңбектерде берілген және олардағы инвестицияға берілген анықтамалардың бір-бірінен өзгешелігі кемде-кем. Мысалыға: «Инвестиция – бұл капитал құнын өсіруді және белгілі бір табыс әкелетін немесе сақтауды қамтамасыз ететін капитал салымын орналастырудың әдісі» [4, 29 б].

Инвестиция термині латынның «invest» деген сөзінен шыққан және «салу» дегенді білдіреді. Мысалыға, макроэкономикада инвестиция өндірістің жаңа құралдарын сатып алуға жұмсалатын шығындар (өндірістік және тұрақты шығындар), жаңа тұрғын үйлермен тауар запастарын өсіруге жұмсалатын жиынтық шығындардың бір бөлігі. Басқаша сөзбен айтқанда, инвестиция – бұл ағымдағы мерзімде тұтынылмаған және экономикадағы капитал өсімін қамтамасыз ететін ішкі жалпы өнімнің бір бөлігі. Микроэкономикада инвестиция жаңа капиталды (өндіріс құралдары мен адам капиталын ескере отырып) құру процесі деп түсіндірілсе, ал қаржы теориясында инвестиция нақты және қаржы активтерін сатып алу деп түсіндіріледі. Яғни, «бүгінгі күнгі белгілі бір құн мөлшерін болашақтағы белгісіз құнға айырбастау мүмкіндігі» [5, 19 б].

Қаржылық экономикалық сөздіктерде келесі анықтамалар беріледі. «Инвестиция – табыс алу мақсатында негізгі және айналымдағы капиталға салымдар. Материалдық активтерге салынған инвестициялар – жылжитын және жылжымайтын мүліктерге салымдар (жер, ғимараттар, құрал-жабдықтар және т.б.), қаржы активтеріне салынған инвестициялар – бағалы қағаздарға, шоттарға және басқа да қаржы құралдарына салымдар» [6, 27 б].

Инвестиция түсінігі N39-Ф 3 25.04.1999 жылғы ҚР капиталдық салымдар түрінде әрекет ететін «ҚР инвестициялық қызметі туралы» Заңында ашып көрсетіледі. Онда инвестиция – бұл ақша құралдары, бағалы қағаздар, басқада мүліктер сонымен қатар, белгілі бір пайдаға жету немесе пайда алу мақсатындағы қызмет түріне

және кәсіпкерлік объектілерге салынатын ақшалай бағаланатын салымдар және мүліктік құқықтар [7, 144 б].

ҚР «Капиталдық салымдар түрінде әрекет ететін ҚР инвестициялық қызметі туралы» Заңында капитал салымдары түсінігі қолданылады. Осыған сәйкес, капитал салымдары капиталға салынған инвестиция сонымен қатар жаңа құрылысқа, әрекет етуші кәсіпорындарды техникалық қамсыздандыруға, ұлғайтуға, машиналар мен құрал-жабдықтарға, жобаларға жұмсалатын шығындар [8, 6 б].

В. Бочаров және Р. Потапов инвестицияға келесідей анықтама береді, инвестиция, нәтижесінде пайда немесе әлеуметтік нәтиже алынатын кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салынатын барлық мүліктік және интеллектуалдық құндылықтарды білдіреді [4, 26 б].

Инвестиция мәселелеріне байланысты теориялық зерттеулер, шет елдік экономикалық әдебиеттерде П. Массе және Дж. Кейнстің жалпы әдістемелік анықтамаларында көрініс тапқан. Мұнда П. Массе «...инвестициялау бүгінгі қажеттілікті қанағаттандыруды инвестициялық игіліктердің көмегімен болашақта қанағаттандыруға айырбастау актісін білдіреді» деп атап көрсетеді [6, 27 б].

Дж. Кейнс инвестицияға «нақты мерзімдегі өндірістік қызметтің нәтижесінде капиталдың мүліктер бағалықтарының ағымды процесі» деген түсінік берді [9, 117 б].

Алайда, инвестицияға берілген бұл анықтамалар инвестицияның экономикалық мәнін толық ашып көрсетпейді.

Н.К. Нурланованың тұжырымдауы бойынша, «инвестицияны – қаржы құралдарының, инновациялық және әлеуметтік сала арқылы материалдық және материалдық емес байлықтарға салынатын инвестициялық ресурстар деп түсінеміз» [10, 27 б].

Осылайша, инвестиция категориясының мәні жөнінде түрлі авторларда нақты көзқарастың қалыптаспағандығын байқауға болады.

Біздің ойымызша, «инвестиция» анықтамасында макроэкономикалық және микроэкономикалық көзқарастарды біріктіру қажет, сонда ғана инвестициялық нарықтың ролі артады.

Алайда, инвестиция экономиканың әлеуметтік саласын қолдауда және дамытуда негізгі құралдардың бірі екендігін мойындағанмен, мұнда инвестицияның әсіресе, ішкі инвестицияның тапшылығы мәселесі туындайды. Осыған сәйкес Маршалл жоспарына тоқталып өткен орынды деп есептейміз.

Маршалл жоспары Еуропада өз орнын тапты. Өйткені онда барлық қажетті құрылымдық, институционалдық және мәдени алғы шарттар бар болатын (дамыған тауар және қаржы рыноктары, білікті

мамандар, кәсіпкерліктің қалыптасқан психологиясы, тиімді әкімшілік жүйе). Осы шарттардың арқасында Еуропа, салынған капиталдардың көмегімен өте ыңғайлы түрде өндірісті дамыта алды.

Соғыстан кейінгі Еуропаның қайта дамуында үлкен роль атқарған «Маршалл жоспары» әсерінен «үлкен серпіліс» идеясы пайда болды. «Үлкен серпіліс» концепциясына сәйкес елдер экономикасының дамуын жаңғырту үшін ірі капитал құйылымдары қажет. Қажетті ресурстарды ерікті түрде шоғырландыру іс жүзінде мүмкін емес.

Сондықтан, қаржы институттарына акцент жасау қажет деп есептейміз. Қазіргі кезде жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестицияларын портфельдік инвестиция ретінде қарастыруға болады, яғни «қаржы активтеріне жасалған инвестициялар» [11, 27 б].

Портфельдік инвестициялар бұл – ұзақ мерзімдегі бағалы қағаздар арқылы салынатын салымдар, сондықтан портфельдік инвестициялар қор нарығында, бағалы қағаздар нарығында әрекет етеді, яғни бұл қайталама инвестициялық нарық.

Қор нарығында бағалы қағаздар субъектілері институционалдық инвесторлар болып табылады, оның қатарына ЖЗҚ жатқызуға болады. Материалдық активтермен қатар, қаржы активтері де инвестициялық табыс көзі болып табылады.

Э. Боди, А. Кейн, А. Дж Мароу анықтамалары бойынша, қаржы активтері «бұл нақты активтердің көмегімен алынған табысқа деген құқық» [4, 26 б].

Зейнетақы қорлары зейнетақы төлемдерінің негізгі көзі болып табылатын инвестициялық табысты құруға қажетті инвестициялық бағдарламаларды орындайды.

Сонымен, біздің көзқарасымыз бойынша, нарықтық экономиканың субъектісі болып табылатын зейнетақы қорлары қызметінің экономикалық мазмұнын анықтауға болады. Келісім-жинақтаушы (сақтандыру компаниялары қаржы құралдары) қорлардың бұл тобының қызметтеріне сипаттама беру маңызды болып табылады, өйткені ол айқын көрінетін әлеуметтік сипатқа ие.

Осылайша, экономикалық жүйеде қаржы делдалдарының бір түрі болып табылатын зейнетақы қорлары маңызды белсенділікті арттырушы роль атқаруы тиіс, яғни капитал салымдарын қажет ететін өнеркәсіп компаниялары мен ұсақ инвесторлардың қызығушылықтарының балансын қамтамасыз ету.



Қаржы институттары жүйесінде Қазақстанның зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғыртуға сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорлары келесідей ерекшеліктермен сипатталады:

- олар әлеуметтік бағыты бар институттар болып табылады;
- бұл зейнетақы жарналарын қабылдаушы және мүмкіндіктердің өсуіне байланысты зейнетақы активтерін қауіптілігін төмен және сенімді жобаларға инвестициялайтын қаржы институттары;

- жинақтаушы зейнетақы қорларында төлемдердің басталуы мен жарналар түсімдерінің аяқталуы арасында бірнеше жылды құрайтын уақыт лагтары пайда болады. Бұл жинақтаушы зейнетақы қорларының ұзақ және орта мерзімді инвестиция жасауға және өзінің портфелін құруға мүмкіндік береді.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары қаржы нарықтарына тікелей және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар арқылы да қатыса алады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының әрекет етуі 3 кезеңнен тұратын ұзақ мерзімді инвестициялық процесті білдіреді:

- бірінші кезеңде жарна түрінде жинақтаушы зейнетақы қорларына салымдар жасалады;
- екінші кезеңде жинақталған қаржы ресурстарын инвестициялау жүзеге асады;
- үшінші кезеңде мерзімді зейнетақы төлеу жүзеге асады.

Қаржы құралдарының үздіксіз түсіп отыруы қаржы нарығында әріқарай инвестициялау үшін зейнетақы активтері бойынша төлем рентасын құрайды.

Зейнетақы активтерін инвестициялау табиғаты- бұл уақыт бойынша төлемдердің сатылылығы, мысал ретінде, жинақтаушы зейнетақы қорларының «кастодиандық шотына» түскен міндетті зейнетақы жарналарын орналастыруда, қаржы құралдарын жабуды, инвестициядан түскен мерзімді түсімдерді зейнетақы активтерін әріқарай реинвестициялауды қарастыруға болады.

Кез-келген зейнетақы қорының басты мақсаты- бұл оған қатысушылардың алдында зейнетақы төлеміне байланысты міндеттемелерді орындау. Активтерді инвестициялау, тартылған құралдардың өсімін қамтамасыз етудің негізгі тәсілі болып табылғандықтан, ол зейнетақы мөлшеріне сәйкес келетін табыс мөлшеріне кепілдік беру керек.

Сонымен қатар, активтерді жинақтаушы зейнетақы қорларына орналастыру зейнетақы жинақтарын инфляциядан

қорғайды, яғни бұдан шығатын қорытынды, құралдардың сақталуы және төлемдері жөніндегі міндеттемелердің орындалуы инвестициялау нәтижесіне байланысты. Сондықтан, жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық саясаты көрсетілген мақсаттарға жетуге бағытталуы тиіс. Осыған байланысты инвестицияның тиімді портфелін құру біздің көзқарасымыз бойынша, ЖЗҚ-ның және олардың активтерін басқарушы ұйымдардың негізгі міндеттері болып табылады.

«Үлкен серпіліс» теориясының көптеген жинақтаушылары нарықты динамикалық жүйеге қарағанда әлдеқайда статикалық деп қарастырады, яғни өздігінен жаңғыртуды жүзеге асыра алмайды дегенді білдіреді.

«Үлкен серпіліс» теориясы жаңғыртудың кейнсиандық теориясының негізін қалайды. Жаңғырту кейнсиандықтармен, халық шаруашылығының негізгі салаларын қамтитын құрылымдық өзгерістер ретінде қарастырылады. Халық шаруашылығының алдыңғы қатарлы салаларының болмауы басты тежеуіш болып табылады. Сондықтан, маңызды салаларды жасауға үлкен көңіл бөледі.

Қомақты капиталдардың көмегімен экономиканы жаңғыртуды жүзеге асыру үшін оны табу қажет. Өкінішке орай, сырттан қарыздар алу практикада сыртқы қарыздардың көбеюіне алып келуде. Мұны жаңғыртуға қатысты аталған концепцияның басты кемшілігі ретінде қарастыруға болады. Бұл мәселені екі жақты тапшылық үлгісі шеше алады (two gaps model). Оның мақсаты – қаржыландырудың сыртқы көздерімен ішкі жинақ қорларының байланысын дамытудан көрінеді. Бұл көзқарасқа сәйкес жаңғырту сыртқы қаржы көздерін ішкі қорлармен ығыстыру деп түсіндіріледі.

Г. Мюрдаль еңбекпен қамтылмаған немесе аз қамтылған жұмыс күшін нақты қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар кез-келген әлеуметтік күштерді қолдайды. Оның ойынша, елдің экономикасын көтеру және дамыту үшін теңсіздік мәселесін шешу керек. Г. Мюрдаль көзқарасы бойынша, жаңғырту қоғамның барлық мүшелерінің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін көтеру деп түсіндіріледі [12].

Экономикалық әдебиеттерде экономиканы жаңғырту дегеніміз, экономикалық басқару негіздерін өзгеріске ұшыратпай, бір қоғамдық экономикалық формацияның аясында мемлекетпен қабылданатын басқару шараларына негізделген, экономиканың жағдайын жақсарту процесі, экономиканы жаңғырту, салық жүйесін жетілдіру, әлеуметтік және мемлекеттік инвестициялық саясат, экономика құрылымын мемлекеттік басқару, экономиканы басқару

ұйымдарының құрылымын өзгерту, зейнетақы жүйесін жаңғырту шараларын қамтиды. Оны экономикалық даму барысында әлеуметтік экономикалық даму қарқынының төмендеуіне алып келетін жүйелік кемшіліктер орын алғанда жүргізеді. Шетелдік сөздіктерде жаңғырту сөзі жаңашаландыру, түрлі жаңғыртуларды енгізу арқылы жаңа талаптарға сәйкес өзгерістер енгізу дегенді білдіреді [13]. Әлеуметтік экономикалық даму қарқыны экономиканы жаңғырту тиімділігінің өлшеуіші болып табылады.

Қазақстанда нарықтық өзгерістердің күрделі кезеңі жақында ғана аяқталып, экономикады бірқатар жандану байқалады. Қазақстанның нарықтық экономикасының қалыптасу үлгісі Шығыс Еуропа елдеріндегідей әлемдік қауымдастықтың ықпалымен құрылды.

Соңғы жылдары жүргізілген экономикалық саясаттың негізінде екі үлгінің іс-шаралары қолданылады. Либералдық үлгі бойынша нарықтың құру мен дамытуға және мемлекеттің экономикаға араласуы минимумға жеткізіледі. Либералдық үлгі жоспарлы экономикадан нарықтыққа өту кезеңінде толығымен әрекет етті. Ол либерализациялау, жекешелендіру, қаржылық тұрақтандыру, институттар құру, нарықты механизмдердің әрекет етуінің бірқалыптылығын қамтамасыз етуінен көрінеді.

Екінші үлгі – дирижистік, бұл мемлекеттің экономикаға белсенді араласуын көрсетеді (тек қана реформатор ретінде ғана емес, сонымен қатар әрекет етуші субъект мемлекеттік кәсіпкер және инвестор ретінде).

Мемлекет инвестицияның көмегімен салалардың даму бағдарламаларын жүзеге асыруда негізгі роль атқаруы тиіс. Іс жүзінде мұндай идеялар инвестициялық институттардың пайда болуымен жүзеге аса бастады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық саясаты мемлекетпен бекітілген инвестициялық шектеулерді сақтай отырып, инвестициялық табыс алуды қамтамасыз етуге арналған қормен жинақталған қаржы ресурстарын пайдаланудың негізгі бағыттары. Біржағынан, зейнетақы қорлары консервативті инвестор болуы керек және өзіне сеніп тапсырған қаржы құралдарын ұзақ мерзімді сенімді жобаларға салуы тиіс, бірақ басқа жағынан алғанда қор инфляция деңгейінен жоғары болатын табыстылықтың нақты оң мөлшерлемесін беруге міндетті. Сәйкесінше, зейнетақы қорлары инвестициялау диверсификациясы – зейнетақы қорлары жұмыстарының тиімділігі мен сенімділігінің маңызды мәселесі болып табылады.

Инвестициялық саясатты белсенді түрде жүргізу жинақтаушы зейнетақы қорларын жаңғыртуда маңызды мәселелерінің бірі болып табылады, ал оларды жасау қордың мақсаттарын, инвестициялаушы құралдардың көлемін және басқада маңызды міндеттердің шешілуін анықтауды талап етеді. Осы жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорлары оларға сенімді инвестициялық қорғау қызметін ұсына алатын капиталданған ұйымға бағытталады. Бұл жинақтаушы зейнетақы қорларының арасында қаржы ресурстарын орналастыруда бәсекенің өсуіне алып келеді және қабылданған инвестициялық саясатқа сәйкес жүзеге асырылатын инвестициялық қызметтердің түрлі құралдарын өте ұқыпты талдауға итермелейді.

Зейнетақы қорлары институционалды инвесторлар ретінде әрекет ете отырып, және салымшылардың қаржы құралдарын шоғырландыра отырып оларды мынадай түрлі активтерге инвестициялайды:

- бағалы қағаздарға;
- банк депозиттеріне;
- мүліктерге және т.б.

Жинақтаушы зейнетақы қорларымен зейнетақы құралдарын түрлі активтерге инвестициялауды жүзеге асырудың бірқатар ерекшеліктері бар, олардың негізгілері:

- салымшылардың зейнетақы жарналары қаржы қызметтерін реттеуші заңнамаларға сәйкес табысты активтерге инвестицияланады. Банк депозиттері, салымдар, акциялар бойынша дивиденттер, мүліктер және бағалы қағаздардан түсетін табыстардан құралатын инвестициялық табыстар, жинақтаушы зейнетақы қорларына өз салымшыларының болашақта зейнетақы алуына кепілдік беруге мүмкіндік береді.

- инвестициялық активтер белгілі бір уақыт аралығында жинақтаушы зейнетақы қорларының қарамағында бола отырып, қосымша инвестициялық табыс алу мақсатында қолданылады.

Қаржы нарығы құрылымының өзгеріп отыруы берілген мақсаттан ауытқуды бақылап отыру үшін, қаржылық инвестициялау процесінде бақылау жүргізуді қажет етеді.

Жоғарыда аталған инвестицияға қатысты жалпы теориялық көзқарастар инвестицияны басқару процесінің мәнін сипаттайды. Қазіргі сарапшылардың зерттеулері капиталды сапалы түрде басқарғанда ғана жетістікке жетеді деп көрсетеді. Қаржы жүйесіндегі қаржы инвестицияларын ұйымдастыру, басқару, өмірді сақтандыру жүйесінің әрекет етуінің жалпы қағидаларына сәйкес жүзеге асады,

онда зейнетақы қызметтерінің ерекшеліктері көрсетіледі, атап айтатын болсақ:

- зейнетақы қорларының инвестициялық қызметтерінің уақытша дифференциялау қағидасы. Ол жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтерінің негізгі бағыттарын болжауды және анықтауды қарастырады және уақыт бойынша ұзақ, орта, қысқа мерзімді сипатқа ие. Бұл қағида, инвестор табысының өзгеруіне байланысты қаржы құралдардың жылдам өзгеруге дайындығын қарастырады;

- қаржы инвестициясын басқаруды кезең –кезеңімен ұйымдастыру қағидасы бірінші ережемен тығыз байланысты және қаржы инвестицияларын басқарудың арнайы саясатын өңдеуді қажет етеді. Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық әрекет ету процесі барысында зейнетақы қорларының қызметтерімен байланысты ақпараттар үлкен рөл атқарады. Мұнда ақпараттар келесі талаптарға сәйкес келуі қажет:

- мәліметтер нақты болуы қажет алынған деректердің пайдалылығы бұрынғы байланыстарға зиян тигізбеуі қажет;

- жоғарыда аталған қағидалармен байланысты тәуекелдерді бөлу және жауапкершілікті жоспарлау қағидасы. Кейбір іс-шараларды орындау нақты инвестициялық тәуекелге барумен қатар жүреді.

Зейнетақы бизнесіндегі қаржы инвестицияларының ерекшеліктерін сипаттайтын жоғарыда аталған қағидалар нарықты экономика жағдайындағы ұдайы өндіріс жүйесінің инвестициялық процесін құруда әдістемелік негіздемелердің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұндай көзқарас белгілі бір деңгейде экономикалық дамуды сипаттайды және елдегі инвестициялық процестің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Прогрессивті өзгерістерге ұмтылушы Қазақстан әлемдік экономикалық жүйеде өз орнын табуы тиіс. Зейнетақы жүйесінің инвестициялық белсенділігін арттыру Қазақстан үшін экономикалық жаңғыртудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Қазіргі кезде макроэкономикалық көрсеткіштердің позитивті динамикасы әріқарай құрылымдық өзгерістер жүргізудің өзектілігін арттырады. Республика Үкіметінің алдында отандық өндірісті дамыту үшін қаржы ресурстарын шоғырландыру және жинақтау мәселесі тұр.

Осыған сәйкес, экономиканы жаңғыртуды жеделдету үшін және әлемдік экономикалық жүйеге ену үшін ішкі жағдайларды жасау Қазақстан үшін негізгі мақсаттардың бірі болып табылады.

Экономикалық жаңғыртуды жүзеге асыру мүмкін болып табылмайтын басты шарттардың қатарына экономикалық жүйені, әлеуметтік саяси құрылымды, зейнетақы жүйесін жаңғыртуды, инфрақұрылымды, ішкі инвестицияларды пайдалана отырып, ақпарат және білім индустриясын сапалы түрде өзгертуді жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының стратегиялық мақсаты әлемнің бәсекеге қабілетті 50 мемлекетінің қатарына ену, әлемдік нарықта өз позициясын нығайту, адам капиталының сапасын арттыру болып табылады.

Бұл мақсаттар Қазақстан Республикасының президентінің жолдауында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012-2008 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша баяндамасында көрініс тапқан [14].

80-жылдары, экономикалық жаңғыртуларды жүзеге асуы барысында, қоғамдық тұтыну қорларының құрылуы мен қолданылуы практикасы қайта қаралды, соның ішінде зейнетақы мәселелерін шешу де қарастырылған. Қосымша қаражат құралдарын тарту қажеттілігі арнайы зейнетақы қорларын құруға итермелейді. Мұндай қаржы институттары зейнетақымен қамтамасыз етуді жаңғыртуға бастама жасай отырып, шығыс Еуропа елдерінде пайда болды.

Бірақ, мұнда аралас экономика жағдайындағы нарықтық қатынастарға баламалы, әлеуметтік қорғау жүйесін жасау мәселесі бар. Мәселенің мәні, қаржыландырудың орталықтандырылуынан бас тартып мемлекеттік институттарды басқаруды талап етті. Оның орнына, мемлекеттің қолында заң және бақылау функцияларын қалдырып, институттарды басқару және қаржыландырудың жана қоғамдық түрлерін құру керек болды. Осы жерде мысалыға Германияны алатын болсақ, Германияда қайта үлестіру әдісі бойынша барлық зейнетақы төлемдерінің 80 пайызы қамтамасыз етіледі. Жеке меншік жинақтаушы зейнетақы немесе кәсіпорыннан төленетін зейнетақы жалпы төлемдердің 10 пайызын ғана құрайды.

Зейнетақы қорларының даму болашағы индустриалды елдерде әрекет етуші қорлардың кемелдігіне және әлеуметтік төлемдердің деңгейіне байланысты ерекшеленеді [15, 15 б].

Зейнетақымен қамтамасыздандыру жүйесін жаңғырту оңай емес. Бірақ қайта құрулар неғұрлым созылған сайын, соғұрлым оны жүзеге асыру күрделі әрі ауыр болады.

Қарттықты қамтамасыздандыру жүйесі негізгі үш мақсатты: қор жинауды, қайта бөлуді және сақтандыруды көздейді. Қамтамасыздандырудың ресми жүйелерінің көбісі еңбек ақы қорына

салықтардан қаржыландыратын және бөлу сипатындағы мемлекеттік қаржыларды білдіреді, яғни бүгінгі күндегі жұмысшылар бүгінгі күнгі зейнеткерлерінің зейнетақысын төлейді. Бұл жүйелер тек қарттардың ғана емес, сонымен қатар, тікелей немесе жанама түрінде болса да үлкен ұрпақты қамтамасыз ету бойынша шығындарды көтеретін жастардың әлауқатына ықпал етеді. Сондықтан, сәтті ұйымдастырылған зейнетақы жүйесі қарттарды қорғап қана қоймай, сонымен қатар, экономикалық өсуді де ынталандыруы тиіс [16, 17].

Қарттықты қамтамасыз етудің өмірлік маңыздылығы зор болғандықтан, әр-түрлі мемлекеттердегі жүйесінің құрылуы жай ғана экономикалық даму логикасымен емес, сонымен қатар әлеуметтік жағдайлар, дәстүрлер, саяси күштердің арақатынасымен және т.б. анықталған.

Сондықтан, жеке меншік зейнетақымен қамтамасыз ету, іс жүзінде барлық мемлекеттерде қоғамдық ұйымдар және мемлекет тарапынан ерекше бақылауға алынған немесе жеке меншік бизнес саласынан толығымен шығарылған.

Алайда, генералдық тенденция бойынша, қаржы құралдарының даралық қорлануының негізінде қарттықты қамтамасыз ету қағидасы бүкіл әлемде үлкен мәнге ие болғанымен, даралық қорланудың дамуы үнемі мемлекеттің реттеуші және ынталандырушы ықпалына ұшырауда.

Бұрынғы Кеңес Одағы республикалары ішінен зейнетақы жүйесін жаңғырту Прибалтика мемлекеттерінде әсіресе, Латвияда жүзеге асырылған. Ресейде зейнетақы жүйесін жаңғырту жүргізілуде. Бірақ, әзірше ол ерікті сипатқа ие.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы жүйесі Кеңес Одағы мемлекеттері арасында алғаш рет Қазақстанда енгізілді. Дамыған елдер мен өтпелі экономикадағы елдердің зейнетақы жүйесінде бірқатар өзгешеліктер болады. Дамыған мемлекеттердің зейнетақы жүйелерін жаңғырту қажеттілігі зейнетақымен қамтамасыз етуді оңтайландыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, дамушы мемлекеттер үшін оның ішінде, өтпелі экономикалы елдер үшін зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін толығымен жаңғырту қажеттілігі туындайды. Бұл елдерде зейнетақы жүйесін сауатты құруға, содан соң оларды бүкіл сала масштабына дейін немесе тіпті ұлттық экономикаға дейін дамытуға мүмкіндік беретін өндірістік база болған жоқ.

Мемлекетпен жүргізілген әлеуметтік саясат жаңғырту идеясымен сабақтас болуы керек, яғни зейнетақыны және жалақыны уақытында төлеу, кейбір әлеуметтік жеңілдіктерді алып тастау, атаулы әлеуметтік қорғау сияқты мемлекеттік міндеттемелерді сақтау қажет.

Алайда, аталғандармен қатар әлеуметтік саланы кешенді жаңғырту бағдарламаларын өңдеу қажет. Сонымен қатар, экономикалық бағдарламаның 3 құрамдас бөлігі қарастырылады:

1. экономиканы жаңғырту экономикалық өсудің қажетті қарқынын қамтамасыз ететін және тиімділікті көтерудің әдісі ретінде;
2. жаңғырту үшін инвестициялар тарту мақсатында инвестициялық климатты жақсарту;
3. нарықтық өзгерістерді қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және жаңғыртуды қолдауға бағытталған әлеуметтік саясат.

Қазақстан үшін зейнетақы жүйесін жаңғырту мәселесі Батыс және Шығыс Еуропа елдеріндегідей маңыздылыққа ие.

Қорыта келе, нарықтық экономикаға көшкен басқа елдер сияқты Қазақстандық зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту қажеттілігін түсіндіру үшін келесі қолайсыз факторларды атап өткіміз келеді:

- дамыған елдердегі сияқты тұрғындардың жылдам қартаюы;
- дамушы елдерге тән жан басына шаққандағы табыстың төмендігі;
- үлестіруші зейнетақы жүйесі тұрғындардың барлығына жуығын қамтиды және зейнетақымен қамтамасыз етуге байланысты міндеттемелердің мөлшері қолда бар нақты ресурстармен сәйкес келмейді.

### ***1.2. Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту***

Қазақстанда жаңа экономикалық қатынастардың құрылуы мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінен тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың нарықтық жүйесіне көшуге алып келді.

Зейнетақы жүйесін жаңғырту миграциялық процестер, туудың төмендеуі және тұрғындардың өмір сүру ұзақтығының өсуінің нәтижесінде қарт адамдардың көбеюімен сипатталатын елдегі демографиялық жағдайдан туындады. Ол ең алдымен еңбекке қабілетті тұрғындарды жылыстауымен сипатталады.

Зейнетақы жүйесін жаңғырту әлемнің көптеген елдері үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Көптеген мемлекеттерде зейнетақы жүйесін жаңғырту мәселесі талқылануда немесе оған дайындық үстінде. Ал, бірқатар мемлекеттерде зейнетақы жүйесіне нақты өзгерістер енгізілуде [18].



Әрекет етіп отырған жүйелердің көбісі қарттардың әл-ауқатын қажетті деңгейде қамтамасыз ете алмайды, өйткені төлемдер әрдайым индексацияланбайды.

Сонымен қатар, олар қайта бөлуді жиі өршітеді, мысалы ауқатты зейнеткерлер есебінен әл-ауқаты аз қамтамасыз етілген отбасылар қаржыландырылады. Бұл жүйелер ескіруіне байланысты экономикалық өсуді тежейді.

«Жетілген» жүйеде зейнеткерлердің саны жағынан өсуі төлемдердің тұрақты деңгейін қамтамасыз ету үшін салықтың жоғары мөлшері қажет. Бұл сәйкес аударымдарды төлеуден жалтару тәжірибесінің кеңінен таралуына ал жұмысшылардың «көлеңкелі» салаға кетуіне әкеп соғады.

Нәтижесінде, мемлекеттік бюджетке ауыртпалық артады, ол өз кезегінде бюджет тапшылығына және инфляцияға әкеледі. Бюджет тапшылығының өсуі, өсуді ынталандыратын, мысалы инфрақұрылымды, жастарға медициналық қызмет көрсетуге немесе білім беруге инвестицияларды басқада мемлекеттік шығындарды қысқартуға келтіреді. Осылайша, мұндай жүйелер экономикаға кері ықпалын тигізеді және қарт азаматтардың қорғалуын қамтамасыз етпейді. Олар қаржылық тұрғыдан алғанда тұрақсыз болып келеді. Египет, Корея, Иордания және Тунис сияқты тұрғындары жас елдер жүйесінде тапшылық байқалады. Дамыған елдердің және Латын Америкасы мен Батыс Еуропаның «қарт» елдерінің көбісінде тапшылық бар: осының салдарынан елдер тобы өз жүйелерін ұлттық бюджетін өсіп отырған аударымдар есебінен толықтырылып отыратын ағымдық түсімдерден қаржыландыруға мәжбүрлі.

Тұрғындардың кейінгі қартаюы тапшылық мөлшерін салықтардың ағымдық мөлшері есебінен жабуға болатын сомадан қайда артық болып отыр, осы мәселені шешу үшін зейнетақы мөлшерін немесе басқа мемлекеттік шығындарды қысқарту немесе салықтарды жоғарылату қажет.

Сондықтан, әлемнің көптеген елдерінде зейнетақы жүйесін жаңғырту жүріп жатқаны таңқаларлық емес.

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың экономикалық базасын және типтерін келесі кесте түрінде көрсетуге болады:

*Кесте 1*

**Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жаңғыртудың  
экономикалық базасы**

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың сипаты	Жаңғырту типтерін сипаттайтын көрсеткіштер	Өзгеретін көрсеткіштер
«Косметикалық»	Зейнетақы алу құқығын беретін критерийлер	Зейнеткерлік жас Еңбек өтілі
	Жарналар құрылымы	Жарна мөлшері, жарна базасы, көздері, жарналарға салық салу
	Төлемдер құрылымы	Зейнетақы формуласы Зейнетақы базасы Индексация Ең төменгі зейнетақы Төлем формалары Төлемге салық салу
Терең	Әкімшілік	Басқару ұйымы, инвестициялық саясат
	Бөлуде белгіленген жарна кестесіне қарай	Мемлекеттік жеке сектор Ең төменгі зейнетақы Басқада кепілдемелер Жаңа жүйеге көшу Көшу механизмі
	Дәстүрлі бөлуден жаңа жүйеге көшу	Ең төменгі зейнетақы, басқада кепілдемелер, жаңа жүйеге көшу, көшу механизмі
	Жаңа жүйе	Жарна мөлшері, жарна базасы, зейнетақы формасы, зейнетақы базасы, зейнетақы индексациясы, көшу механизмі
Ескерту-кесте Латынамерикандық зейнетақы жүйесінің негізінде автор жасаған [19].		

Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту типтері кесте 2 ашып көрсетілген.

Төлемдерді есептеудің негізінде белгілі бір мерзім ішінде адамдармен табылған сомаға байланысты табыстың белгілі бір деңгейінің орнын толтыру болуы мүмкін. Мұндай жүйелерді «белгіленген төлемдер жүйесі» деп атайды, қатысушыға, оның зейнетақысының мөлшері, еңбек өтіліне тәуелді екендігі, ал орташа еңбек ақысы соңғы он жыл ішінде

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛІЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

арнайы зейнетақы формуласымен шығарылатыны белгілі. Мұндай жүйедегі табыстар шамасы аз анықталған, себебі олар демографиялық өзгерістерге, еңбек ақының және инвестициялық табыстың өсу қарқынына тәуелді.

*Кесте 2*

Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғыртудың типтері

Көрсеткіштер	Зейнетақы алу құқығы	Елдер
<b>«Косметикалық» жаңғырту</b>		
Зейнетақы құқығын беретін критерийлер	Зейнеткерлік жас	Жаңа Зеландия (2), Нигерия, Зайр, Чехия Респуб-сы, Эстония, Панама, Перу, Ливан, Греция, Ирландия, Италия, Португалия, Аргентина, Австралия, Литва
	Еңбек өтілі	Литва, Бразилия, Греция, Португалия, Бермуды, Италия, Латвия, Мексика, Парагвай, Уругвай
Жарна құрылымы	Жарна мөлшері	Индонезия, Корея, Япония, Малайзия, Тайвань, Алжир, Банин, Бурунди, Габон, Гвинея, Марокко, Нигерия, Сенегал, Судан, Албания, Армения, Азірбайжан, Белорусия, Болгария, Чехия Респуб-сы, Эстония, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Латвия, Литва, Монғолия, Польша, Ресей, Түркменстан, Украина, Өзбекстан, Барбадос, Мексика, Израил, Ливия, Малта, Франция, Канада,
		Германия, (2) Греция, Италия, Норвегия, Португалия, Швеция, Боливия, Куба, Чехия, Салвадор, Италия, Латвия.
	Жарна базасы	Нигерия, Судан, Барбадос, Колумбия, Коста-Рика Доминстан Республикасы, Франция.
Төлемдердің құрылымы	Зейнет ақы формуласы	Иран, Конго, Сенегал, Судан, Армения, Белорусь, Эстония, Венгрия, Қазақстан, Қырғызстан, Латвия, (2) Литва, Польша, Колумбия, Эквадор, Панама, Дания, Финляндия, Франция, (2) Греция, Италия, (2) Норвегия, Португалия, Чехия Республикасы, Мексика, Парагвай, Перу, Уругвай
	Индексация	Белорусь, Польша, Ресей, Эквадор, Мальта, Франция, Германия

Терең жаңғыртулар		
Бөлеуден-белгіленген жарна жүйесіне қарай		Аргентина, Боливия, Колумбия, Сальвадор, Мексика, Перу, Сейшель, Уругвай, Австралия, Венгрия, Польша, Латвия, Швеция, Қазақстан.
"Провидентті" қордан бөлу жүйесіне қарай		Индонезия, Нигерия
Жаңа жүйе (бөлу немесе басқа)		Мозамбик, Зимбабве, Оман, Ангола, Гватемала
Ескерту- кесте зейнетақымен қамтамасыз етудің шет елдік тәжірибесі негізінде автор жасаған [20].		

Осылайша, 1,2 кестелерді талдай отырып, зейнетақы жүйелерін келесі үш түрде жіктеуге болады:

- төлемдердің мөлшерін қалай есептеу керек;
- жетіспейтін қаржыларды кім жабады;
- төлемдер қалай қаржыландырылады және жүйені кім басқарады.

Басқа нұсқаға сәйкес төлемдердің мөлшері адамның жүйеге аударатын және белгілі бір қайтарым беретін жарналармен анықталады. Мұндай жүйе, «Белгіленген жарналар» деп аталады. Ол жерде зейнетақы мөлшері аз шамада анықталған, өйткені толық еңбек өтіліне, жинақталған табысқа тәуелді. Адам зейнетақы түрінде оның шотында жинақталған соманы алады және соған байланысты бұл жерде тапшылық болуы мүмкін емес. Барлық тәуекелдіктерді (аса жоғары немесе аса төмен зейнетақы түрінде) жүйенің қатысушысының өзі көтереді.

Белгіленген жарна жүйелері жинақтаушы сипатта болады. Адамдар тек өздерінің жинағандарын ғана алады. Нәтижесінде, тапшылық жоқ, бірақ мемлекет үшін, минималды кепілдеме зейнетақы төлеумен немесе кепілдеме табысты (егер, олар қарастырылған болса) қамтамасыз етумен байланысты шығындар болуы мүмкін.

Жаңғыртудың потенциалды нұсқаларының екі категориясының біреуіне:

- шамалы өзгерту (косметикалық);
- терең жаңғыртуды жатқызамыз (кесте 2).

Шамалы өзгертуге әрекет етіп отырған мемлекеттік схемаларға енгізілетін өзгерістерді жатқызамыз. Негізгі мақсатыт - қаржылық мәселелердің шешілуін қысқарту, бірақ кейбір кездерде

әрекет етіп отырған әділетсіздікті жою. Берілген іс-шаралар әртүрлі нысандарда болуы мүмкін. Мемлекет зейнетақы алуға құқық беретін критерийлерді, жарналар құрылымын, төлемдер құрылымын немесе оларды ұсыну тәртібін өзгерте алады немесе бірнеше іс-шаралардың үйлесуін қолдана алады. Өкінішке орай, мұндай жаңғыртулардың көбісі мемлекеттік зейнетақы жоспарлары мәселелерін шешуге жеткіліксіз болуы мүмкін, бірақ олар қаржылық дағдарысты кідіруге мүмкіндік береді.

Терең жаңғыртулар ретінде, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін маңызды түрде өзгертетін жаңғыртуды түсінуімізге болады. Мұндай жағдайда, белгіленген төлемдер схема орнына белгіленген жарналар механизмі (немесе керісінше) келеді немесе бөлудің орнына жинақтаушы жүйе келеді (немесе керісінше). Жаңа жүйені құру да "нөлден бастап" осы категорияға жатады, себебі бұл жерде бұрын әрекет еткен ережелерге маңызды өзгерістер енгізу орын алады. Бөлу жүйесіне міндетті жарналардың жаңа компонентін енгізу арқылы маңызды түрде жаңғырту да терең жаңғыртуға жатады. Бөлу жүйесі белгіленген жарналардың жаңа міндетті компонентін енгізуді қарастыратын ауқымды қайта ұйымдастыру да терең жаңғыртулар категориясына жатқызылады.

Зейнетақы жүйесін жаңғырту көптеген елдерде жүргізіліп жатқанына қарамастан, олардың тек 25 пайызы ғана терең болып есептеледі.

Төлеушілердің нақты ұрпағына бағдарланған жинақтау жүйесі, зейнеткерлік жасына толғаннан кейін зейнетақы алуға құқылы. Осыған сәйкес, қорға келіп түсетін сақтандыру жарналары ешқандай төлемдерге жұмсалмайды, керісінше жинақталады, сақталады және көбейеді. Жинақталған қаржы құралдары пайда алуға мүмкіндік беретін бағалы қағаздар, жылжымайтын мүлік, акциялар сатып алуға жұмсалады. Төленетін зейнетақылар, резервтік капиталды сатудан түскен табыстан және қордың алатын пайдасынан қаржыландырылады. Бірақ мұндай көзқарастар таза күйінде өте сирек кездеседі. Әдетте аралас нұсқалары көп кездеседі, сонда да ондағы қайта үйлестіру элементтері басымырақ болады. Соған қарамай, жинақтаушы зейнетақы қорларының артықшылықтары өз жинақтаушыларын көбейтуде [21].

Сондықтан, зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің жинақтаушы аспектісінің шарты оның демографиялық факторлардан, елдің ұлттық экономикасындағы экономикалық және саяси жағдайлардан салыстырмалы түрде еріктілігі болып табылады.

Сонымен қатар, жинақтаушы зейнетақы жүйесі, қор жинаудың өзіндік формасы ретінде тұтынушылық іс-әрекетке айтарлықтай өзгерістер енгізбейді және тұтыну шығындарын азайтпайды. Бұл жағдай экономиканың қалыптасу процесі аяқталмаған дамушы елдер жағдайында едәуір маңызды болып келеді.

Дамушы елдерде жинақтаушы жүйе ұсақ инвесторлардың қор жинау аккумуляторы ролін атқарады. Капиталды шоғырландыру экономикалық өсудің алғы шарттарын жасай отырып, жылдам дамушы салалардағы инвестицияларды ретке келтіруге мүмкіндік береді. Бірақ капиталды шоғырландыру процесі айқын емес және көптеген қиындықтармен қабаттаса жүреді. Капиталдың азғана қорларда шоғырлануы мемлекет тарапынан қосымша бақылауды талап етеді [22].

Кері жағдайда –зейнетақымен қамтамасыз етудің маңызды қасиеті –жинақтаудың сенімділігі, қауіпсіздігі жойылады. Мемлекет сонымен қатар, зейнетақы құралдарын инвестициялаудың сенімділігіне кепілдік беруі керек.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің қайта үлестіру жүйесін ұлғайту аса қиындықтар тудырмайды деп көрсетеді мамандар. Зейнетақыны барлық жарналар жиналып болғаннан кейінгі айда беру әрқашанда тиімді және нақты.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің жинақтаушы жүйесін енгізу мен ұлғайту бірқатар мәселелер тудырады. Алғаш жиналған жарналар резервтік капитал құруға жұмсалады. Сондықтан, зейнетақыны белсенді жұмыс істеуші ұрпақ өздерінің сақтандыру жарналарымен капитал құрағанда ғана төлеуге болады. Ал бұл оларға еңбекке жарамды жана ұрпақ ауысымға келіп, өздері зейнеткер жасына толған кезде ғана мүмкін болады.

Нәтижесінде, қаржыландырудың жинақтаушы жүйесі қазіргі таңдағы зейнеткерлерді қамтамасыз ете алмайды. Олар еңбекке жарамды жасқа жаңадан келушілерге бағытталуы тиіс. Сондықтан, жұмыс берушілермен еңбек қатынастарын рәсімдеу кезінде қосымша зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелерін ескеру орынды болып табылады.

Белсенді еңбек етуші ұрпаққа жинақтаушы жүйені қолдану олардың жалақысына қосымша жүктеме түсіреді. Бұл жүктеме келесіден құралады:

- келесі зейнетақыны қаржыландыру үшін резервтік капиталдан алып тастау есебінен;

- қазіргі кездегі зейнеткерлерді зейнетақымен қаржыландыруға аударымдар жасау арқылы.

Қосымша жүктеме еңбекке деген серпінді төмендетеді. Мұндай көзқарастың қауыптілігі мемлекеттік емес қаржы институттарының құрылуына теріс әсер етуі мүмкін.

Зейнетақы жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің инвестициялық факторы зейнетақы жүйесін дамытуда маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Сондықтан зейнетақы қорлары, инвестициялық тәуекелділігі дәрежесімен ерекшеленетін бағдарламаларға сәйкес, зейнетақы активтерін инвестициялайтын құқыққа ие болуы қажет.

Әлемдік практикада қаржы құралдарын мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестициялаудың қауіптілігі төмен деп көрсетеді.

Зейнетақы қорлары қаржы нарығының әрекет етуін белсенді түрде қолдайды және ұдайы өндіріс процесінде бірқатар микро және макроэкономикалық функцияларды атқарады. Қаржы институттары жүйесіндегі мемлекеттік емес зейнетақы жүйелерінің жалпы макроэкономикалық функциялары ресурстардың үлестіру тиімділігін көтеру және экономикалық өсу потенциалын көбейту болып табылады. Ал, зейнетақы жүйелерінің ерекше (өзіне тән) функциясы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты көтеру болып табылады. Шартты-жинақ түріндегі институттарға жататын мемлекеттік емес зейнетақы жүйелері, ұзақ мерзімді шартқа сәйкес салымшылармен төленетін жарналар түріндегі қаржы құралдарын тартады. Бұл қаржы институттарының ерекшелігі клиенттердің белгілі бір қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін құрылатындығымен анықталады. Клиенттер зейнетақы қорларының борышқорлық міндеттемелерін сатып алады, ондағы мақсаты белгілі бір жасқа жеткенге дейін қосымша кіріс көзін қалыптастыру. Зейнетақы қорларында шоғырланған жинақ қаражаттарының ерекше әлеуметтік мақсаттары, бұл институттармен арнайы борышқорлық міндеттемелерді шығаруға себепші болады. Міндеттеменің бұл түрі аннуитет деп аталады. Ол, қаржы институттарының тұлғаларымен, белгілі бір бекітілген оқиға орындалғаннан кейін тұрақты уақыт аралықтарының ішінде, белгілі бір соманың мерзімді төленіп отырылуын айтады. Мемлекеттік емес зейнетақы қорларында жарналардың түсуінің басы мен төлемдердің төленуінің бастапқы мерзімдерінің аралығында ұзақтығы бірнеше жылды құрайтын уақыт аралығында болады. Бұл мемлекеттік емес зейнетақы қорларына ұзақ мерзімді және орта мерзімді қаржылық инвестиция жасауға мүмкіндік береді.

Экономикалық және саяси жағдайдың айтарлықтай тұрақтылығы кезінде түрлі қысқа мерзімді салымдарға зейнетақы қорларының инвестициялық ресурстарының азғантай бөлігі ғана жұмсалады. Қатысушыларға зейнетқы алуға құқық беретін зейнетақы шоттарының өтімділігі болмайды.

Өтімділік тұрғысынан алғанда мемлекеттік емес зейнетақы қорларының активтері мен пассивтерін салыстыру олардың әрекет етуінің маңызды ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары активтер мен пассивтерді үйлестірудің басқа қаржы делдалдары қолданбаған әдісін қолданады. Коммерциялық банктер, несие-жинақ институттары, инвестициялық қорлар және басқа да қаржы делдалдары коммерциялық ұйым болып келеді.

Олардың активтерін құрайтын борышты міндеттемелер бойынша салыстырмалы жоғары кірісі мен пассивтер бойынша төмен төлемдер арасындағы айырма-пайданы максимумдауға тырысады.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары және оның қатысушыларының арасындағы міндеттемелердің эквиваленттігі қағидасы негізінде активтер мен пассивтерді келістіреді. Бұл қағидасы бойынша қатысушылардың зейнетақы төлемдеріне демеушілік жасаушы салымшылардың қаржылық жарнамаларының сомасы және инвестициялық кіріс, төленетін аннуитет пен мемлекеттік емес зейнетақы қорларының жұмыстарын жүргізуге байланысты жұмсалатын шығындардың жалпы сомасына тең болуы керек. Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының жұмыстарын жүргізуге байланысты шығындарды зейнетақы жарналарының құрамына қосу, барлық жағдайлардың және инвестициялық түсімдердің тұрақтылығы кезінде, мемлекеттік емес зейнетақы қорларының клиенттерінің жинақ салымдарынан болған кірісі басқа қаржы институттарымен салыстырғанда төмен болады.

Нәтижесінде, жинақ қорларын қаржы институттарының борышқорлық міндеттемелеріне алмастыру қызметін көрсетуші қаржы нарығында, мемлекеттік емес зейнетақы қорлары бәсекеге қабілетті бола алмайды. Олардың бәсекеге қабілеттілігін сақтау үшін мемлекет тарапынан қаржылық және құқықтық қолдау көрсетілуі тиіс.

Экономикасы дамыған барлық елдерде тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі болып табылады. Сондықтан, мемлекеттік емес зейнетақы қорларына түрлі салық жеңілдіктері, уақытылы жарна төлеуші салымшыларға мемлекеттік дотациялар ұсыну сияқты көмек көрсетумен олардың әрекет етуіне қолайлы жағдайлар жасалады. Мысалыға, ЕО елдерінде зейнетақыға салық салудың екі тәртібі жақсы дамыған: ЕЕТ (Exemption, Exemption,



Taxation) және ТЕЕ (Taxation, Exemption, Exemption). Біріншісінде, салық тек қана төленетін зейнетақыдан ғана алынады, ал жарналар мен инвестициялық кірістер салықтан босатылады; ал екіншісінде, салық тек жарналарға салынады. Мамандардың пікірінше, ЕЕТ және ТЕЕ жеңілдік тәртіптерін қолдану мемлекеттік емес зейнетақы қорларының қатысушыларының кірісіне салынатын салық сомасын 20 %-40% азайтуға мүмкіндік береді [23].

Қазақстанның қаржы нарығындағы мемлекеттік емес зейнетақы қорларының пайда болуы мен дамуы, әлеуметтік әсер алудың қажеттілігі болып табылатын, олардың салымдарының тәуекелділігінің төменгі шегін анықтау қажет деп ұйғарады.

Бірақ бүгінгі таңда, мемлекеттік емес зейнетақы қорлары ең алдымен өз жобаларын инвестициялауға мүдделі және мемлекеттік емес зейнетақы қорларын қаржы делдалы ретінде қарастыратын ірі өнеркәсіп кәсіпорындарына бағытталған. Тәуекелділіктің жоғарғы шегін кепілдіктің қажеттілігі ретінде қарастыруға болады.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының инвестициялық саясатын негіздеу келесідей ұйғарымдар жасауға мүмкіндік береді:

- стратегиялық мақсаттардағы таңдау, (яғни инвестиция бағыттарын);
- инвестициялық артықшылықтарды қалыптастыру (инвестициялау объектілерін);
- инвестициялық шектеулерді белгілеу (белгілі бір актив түрінің сандық мәнінің шегі).

Егер белгіленген шектеулер мемлекеттік немесе оның атынан мемлекеттік емес зейнетақы қорларының қызметтерін бақылайтын мемлекеттік ұйымдардың қызметі болып табылса, ал инвестициялық мақсаттарды анықтау зейнетақы қоры және оның активтерін басқарушы компанияның қызметі болып табылады.

Жеке меншік зейнетақы қорларының әрекет етуіне рұқсат беретін көптеген мемлекеттер, оларға салық жеңілдіктерін ұсынады. Бұл компанияларды қорлар құруға ынталандырады, ал ерікті қатысу жағдайында жұмыскерлерді тартады. Қатысудың міндеттілігінің өзінде де салық жеңілдіктер жоғары жарналардың төленуіне дем береді. Жеке зейнетақы қорлары үшін салық жеңілдіктері қысқаруға емес, салық төлемдерінің кешігуіне алып келеді (кейбір елдерді есептемегенде). Мысалыға, Ұлыбританияда жинақтаушы зейнетақының бір бөлігіне салық салынбайды, ал Бельгияда жеке зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақыларға, басқа табыс

көздерімен салыстырғанда салық салудың төменгі ставкасы қолданылады [24, 25].

Зейнеткерлерге немесе зейнетақылық кірістерге жеңілдетілген салық салу, әрине салық түсімдерінің қысқаруына алып келеді. Жеңілдіктер зейнетақы қорларына түсетін жарналарға бірнеше немесе екі жақты салық салуды болдырмау мақсатында енгізіледі. Салық салудың бұл түрі қатысу ауқымын қысқартады.

Көп деңгейлі салық ауыртпашылықтарының жеке зейнетақы жүйесіне ықпалын келесі түрде көрсетуге болады:

- жарналар, салық салынып болғаннан кейінгі қатысушылар табысынан төленеді;

- жеке зейнетақы қоры салықты алынған жарналардан төлейді;

- салық қаржы құралдарын инвестициялау үшін инвестициялық басқарушыға беру кезінде алынады;

- салық инвестициялық кірістен алынады;

- салық инвестициялық кірісті инвестициялық басқарушыдан зейнетақы қорына беру кезінде алынады;

- зейнеткерлер салықты алынған зейнетақыдан төлейді.

Мұндай жағдай мемлекеттің салық алымдарын айтарлықтай көтеруі мүмкін, бірақ нақты жағдайда, қатысушы бірнеше рет шығынға ұшырайды және өзі аударғаннан төмен кіріс алуы мүмкін.

Бұл жағдайға қарама-қарсы негізделген басқа көзқарас бар, ол жеке зейнетақы қорларына салық жеңілдіктері берілгенімен, одан мемлекеттің салық түсімдері кемімейді. Жалпы салық алымдарына ықпал ету мәселесі өршімелі айналым құрамында қарастырылуы керек, яғни зейнетақы қорларының орташа және ұзақ мерзімді келешегінде инвестициялық әрекет ету нәтижесінде болатын қомақты салық түсімдері. Зейнетақы қорларының экономикаға жасаған инвестициясы экономикалық өсуге мүмкіндік туғызады, нәтижесінде зейнетақы қорларымен байланысы жоқ қаржы көздерінен келетін салық түсімдері көбейеді. Мұндай инвестициялардың жеткіліксіздігі экономиканың даму қарқынының баяулауына, салық алымдарының аз мөлшерде жиналуына алып келеді. Заң бойынша жеке жинақтау қорларына қатысу міндетті болып табылмаған жағдайда салық жеңілдіктері жеке меншік қорларға қатысуға ынталандырады. Онсыз қатысушыларда қор жинақтауға деген стимул болмайды, ал бұл жағдай-потенциалды жоғарылатылған инфляциялық тұтынуға алып келеді немесе қатысушылар қор жинақтаудың басқа әдістерін іздейді. Соңғы әдіс жалпы жинақтауды көтеріп, тұтынуды төмендеткенмен, оларды зейнетақылық қамсыздандырумен байланысы жоқ мақсаттарға

пайдалануға рұқсат ете отырып, мемлекеттік саясатпен қарама-қайшы жүруі мүмкін. Нәтижесінде жеткілікті зейнетақылық кіріссіз қалған адам, мемлекеттік әлеуметтік көмек алуға тәуелді болады.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары, әрекет етуші азаматтар, ұйымдар мен кәсіпорындардың ерікті мақсатты жарналарын тартуға, қатысушыларға қосымша зейнетақыны, ұзақ уақыт ішінде үздіксіз немесе өмір бойы төлеп отыру үшін қор активтерін басқаруды компанияларға беруге, орналастыруға және азаматтар алдында басқа да міндеттемелерді орындауға бағытталған коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

Сонымен, қатысушыларды мемлекеттік емес зейнетақымен қамтамасыз ету, ЖЗҚ ерекше түрі болып табылады. Қордың қаржы құралдарын инвестициялау мұндай іс-әрекеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Жалпы Қазақстан Республикасында мемлекеттік емес зейнетақы қорларының көбінің инвестициялық стратегиясын, тартылған қаржы құралдарын сақтауға және табыстың кепілдендірілген минималды мөлшерін қамтамасыз етуге бағытталған консервативті жүйе ретінде қарастыруға болады.

Жүргізілген талдау, зейнетақы қорларының экономиканы қаржыландыруға қатысу мүмкіндігін келесі түрде кескіндеуге мүмкіндік береді (сурет 1 бойынша).

Сонымен, талдау көрсеткендей жалпы инвестициялық қорлардың құрылымы әрекет етуші талаптарға сәйкес келеді.

Нақты жағдайда, зейнетақы қорларының активтерін осылайша пайдалану ел экономикасында қажетті роль атқармайды.

Қазіргі кездегі, қаржы құралдарының белгілі-бір үлесін мемлекеттік бағалы қағаздарға міндетті инвестициялау, инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру емес, мемлекеттік қағаздарды жабу болып отыр.

Мемлекеттік қазыналық облигациялар нарығындағы табыстылықтың төмендеуі ЖЗҚ инспекциясымен Үкіметтің бағалы қағаздарына салым жасаудан бас тартудың себепшісі ретінде қабылданбайды.

Сәйкесінше, әрекет етуші нормативтік талаптар бойынша, зейнетақы қорлары өз активтерінің белгілі бір бөлігін, тіпті олар қордың инвестициялық мақсаттарына сай келмесе де мемлекеттік міндеттемелерді инвестициялауға міндетті [26].

Бүгінгі таңда қорлар кәсіпорындардың бағалы қағаздарына инвестиция жасап экономиканы қаржыландыруда деп айтуға болмайды.

Өйткені, экономикалық және саяси жағдайлардың тұрақсыздығы, қаржы нарығындағы үлкен ауытқулар, сонымен қатар, көбіне алып сатарлық бағыттағы эмитенттердің сенімсіздігіне байланысты олар қысқа мерзімді сипатқа ие болып отыр.



Ескерту-сурет автордың жүргізген зерттеулері нәтижесінде жасалды.

Сурет 1. Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының экономиканы қаржыландыруға қатысуы

Кәсіпорындарды шын мәнінде несиелеу және банк жүйесінің тұрақтылығы жағдайында ғана, қаржы құралдарын банк жүйелеріне орнықтыруды экономиканың секторлары қаржыландырылуда деп есептеуге болады (әрекет етуші банк жүйесінің практикасы қысқа мерзімді алыпсатарлық келісімдердің көптеп орын алып отырғандығын көрсетеді).

Сондықтан, қаржы құралдарын банк депозиттеріне орналастыру арқылы, коммерциялық банктердің ресурстық базасын толықтыруды әзірше қаржылардың тиімді орналастырылды деп атауға болмайды.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының инвестициялық іс-әрекеттерді, коммерциялық емес ұйым ретінде өздігінен жүзеге асыруға

құқығы жоқ. Қазақстанның нормативті актілерімен қарастырылғандай зейнетақы активтерін орналастыру активтерді басқару жөніндегі кәсіби компаниялармен жүзеге асырылуы, қордың әрекет етуінің бастапқы кезеңінде өте маңызды болып табылады [27].

Зейнетақылық қаржы құралдарын шебер басқаруды қамтамасыз ету үшін басқарушы компания ретінде қайта құрылған заңды тұлғаны емес, еңбек тәжірибесі және 2-жылдан кем емес стажы бар кәсіпорынды таңдау керек деп есептейміз.

Зейнетақы қорларының инвестициялық іс-әрекеттерінің нәтижесі, олардың әрекет етуінің бастапқы кезеңінде, инвестициялық мүмкіндіктерді жеткіліксіз пайдаланғандығын көрсетеді.

Біздің ойымызша, оның басты себептері қаржы құралдарының қайтарылуына мемлекеттік кепілдіктердің болмауы, қаржы нарығындағы тұрақсыз жағдай, экономикалық және саяси тұрақсыздық.

Сонымен қатар, мемлекеттік емес зейнетақы қорларына бағытталған қаржы құралдарын қайтаруға кепілдіктер беру жүйесін құру (оның ішінде ЖЗҚ өздерімен тікелей атқарылады - тартылған қаржы құралдарын сақтандырудың түрлі формалары, жекелеген және біріккен резервтік қорларды құру) зейнетақы активтерін ұзақ мерзімді инвестициялау үшін жағдайлар жасау, зейнетақы қорларының инвестициялық іс-әрекеттерінің нәтижелеріне салық салудың жеңілдіктерін пайдалану.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің жаңғырту қажеттілігінің бағыттары ретінде келесілерді қарастырамыз:

1. қарттарды кедейшіліктен қорғау;
2. зейнеткерлікке шыққаннан кейін кепілдендірілген табыспен қамтамасыз ету (яғни оның мөлшері зейнеткерлікке шығар алдындағы жалақы сомасына пропорционалды белгілі бір соманы құрайды);
3. инфляция немесе басқада факторлардың нәтижесінде нақты өмір сүру деңгейінің төмендеуінен тағайындалған табысты қорғау (қор басшылары немесе билік өкілдерінің түрлі қаржы махинациялары және т.б.);
4. демографиялық факторлардан, елдің экономикасындағы саяси және экономикалық жағдайлардан салыстырмалы түрде еріктілігін қамтамасыз ету;
5. инвестициялық фактор-зейнетақы жүйесін дамыту және бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, егер әмбебап көзқарасынан бас тартып ішінара түріне өткенде бұл мәселелер шешімін табуы мүмкін. Өтпелі экономика негізінде әлеуметтік әділдік қағидасын сақтау басты мәнге ие болады, ал оған көп деңгейлі зейнетақы жүйесін құру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Оны құру үшін, нарықты экономикадағы елдердің жаңғырту тәжірибелерін әсіресе, өзіміздің экономикалық жүйесінің ерекшеліктерін ескеру қажет.

### ***1.3. Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғыртудың әлемдік тәжірибесін Қазақстан жағдайында қолдануы***

Зейнетақы жүйесінің құрылуының әлемдік тәжірибесі әр елде әр түрлі болып келеді. Әрбір елдің өзінің зейнетақы жүйесі болады, онда зейнетақымен қамтамасыз етудің түрлі тәсілдері түрлі жағдайда құрылған.

Зейнетақы жүйесінің құрылуының мынадай бес тәсілдерін бөліп қарастыруға болады:

#### **1. Зейнетақы мемлекеттік бюджеттен төленеді.**

Мұндай зейнетақы іс жүзінде барлық елдерде бар. Олар Швецария мен Францияда зейнеткерлердің кірісінің едәуір бөлігін құрайды. Чилиде олар қамтамасыз етудің басқа түрін алмайтындар үшін және төмен деңгейде өмір сүретіндер үшін төленеді.

Мұндай зейнетақы схемасында қаржы құралдарының көзі салық болып табылады. АҚШ үкіметі көптеген басқа мемлекеттер сияқты үлкен зейнетақы бағдарламаларына қатысады. Белгілі көзқарасқа сәйкес қоғам, адамдардың ұқыптылығының жетіспеушілігіне немесе еңбек ету кезінде жинақтау мүмкіндігінің болмауына байланысты өз қателіктерінің өтемі ретінде аштан өлулерді болдыра алмайды. Бірақ, адамдар мемлекеттік көмектің мүмкіндігін түсінеді де, соған сеніп жинақтаумен айналыспайды, осы жерден «психологиялық тәуекел» деп аталатын мәселе туындайды. Оның мәні, қор жинақтамайтын адамдарды қамтамасыз ете отырып, қоғам жинақтауға деген стимулды әлсіретеді. Бұл мәселені шешу екі түрлі көзқарасқа байланысты [28].

Біріншісі, тұрмысы төмен қарт адамдарға көмек бағдарламасын іске асырумен байланысты, бірақ мұнда бірқатар шектеулер бар.

Екінші көзқарас, жинақтауды мәжбүрлеумен байланысты.

Шектеулермен байланысты бағдарламалардың негізгі базасы жекелеген қайырымдылықтар және әлеуметтік қамсыздандырудың көмекші жүйесінің кірістері болып табылады. Бірақ, оларға қажетті құралдардың бола бермеуіне байланысты мемлекет жинақтауды мәжбүрлеуге көңіл аударады.

Көптеген мемлекеттерге тән болып келетін міндетті жинақтау бағдарламасы үкіметпен жүзеге асырылады. Басқа жағдайда, үкімет азаматтардан олардың әр жылы қажет соманы беріп отыруын талап ете алады. Міндетті жинақтау бағдарламасының артықшылығы қаржы құралдарының сақталуы мен алымдарға қатысты олардың сенімділігінде. Бірақ бәсекенің болмауы, жинақтаудың тиімді тәсілдерін іздеуге ынталандырмайды да, ол саяси манипуляцияның алғышарттарының пайда болуын туындатады. Мысалыға, АҚШ-та, әлеуметтік жүйе, соның ішінде зейнетақымен қамтамасыз етуде- бұл трансферттік бағдарлама. Жыл сайын түсіп отыратын сома жинақталмайды, олар сәйкесінше, шығындарды өтеуге жұмсалып отырады. Әрбір нақты жыл ішінде төлемдер мен түсімдердің арасында қатаң байланыс жоқ.

## 2. Жұмыс істеушілер, жұмыс істемейтіндер үшін төлейді.

Осы қағида бойынша, құрылған Қазақстанның зейнетақы қоры тұрғындарға елдің ауқымында қызмет көрсетеді. Шетелдерде мұндай қорлар кәсіби, салалық немесе басқадай бір қағидалар бойынша біріккен жергілікті жұмысшылар топтары үшін құрылған. Бұл жүйе көбіне дамып келе жатқан елдерде қолданылған. Чилиде іс жүзінде барлық жұмысшыларды дерлік қамтыған осы қағида бойынша құрылған бірнеше ондаған қорлар жұмыс істеді. Мұндай қорлардың ауысқан қалдығы қор нарығының қаржы ресурсы болып табылуы мүмкін. Бірақ, әдетте мұндай қорлар бюджет тапшылығының өсуімен жұмыс істейді де, мемлекет оларды өз қарауына алуға тура келеді. Аталған жағдайлар Чилиде зейнетақымен қамтамасыз етуге байланысты жаңғырту қажеттілігін тудырды.

Дамыған елдерде мұндай қорлардың ұйымдастырылуына тиым салынған, өйткені олар теріс пайдаланушылыққа жол ашады. Мұндай қорлар бар елдерде, олар әдетте мемлекеттік болып табылады. Қорлар үшін қаржы құралдарының көзі кәсіпкерлердің жарналары, сондай-ақ жұмыскерлердің жарналары бола алады, бірақ қорлар мемлекеттік болған жағдайда, мұндай жарналар мәні жағынан салықтар сияқты міндетті сипатқа ие болады [29].

## 3. Жұмыскерлерге зейнетақыны кәсіпорын төлейді.

Бұл қағида бойынша зейнеткерлерге зейнетақыны тікелей бұрынғы жұмыскерлерге төлеу арқылы жүзеге асады да, зейнетақы қоры құрылмайды. Қамсыздандырудың бұл түрінің тарихына келетін болсақ ол АҚШ пен Жапонияда кеңінен таралған. Қазіргі кезеңде, көптеген кәсіпорындар зейнеткерлерге үстеме төлейді. Бірақ төлемнің міндетті еместігі, кепілдіктің болмауы, оның кәсіпорынның жалпы қаржы жағдайына тәуелді болуы, қосымша шығындарды енгізу қажеттілігі,

зейнетақымен қамтамасыз етудің бұл түрін қосымша ретінде қарастыруға алып келеді.

4. Зейнетақы сақтандыру компанияларымен қамтамасыздандырылады.

Бұл қағидаға негізделген зейнетақы жүйесі қор құруды қажет етпейді. Зейнетақымен қамтамасыз ету, нақты анықталған жұмыскерлер топтарына қатысты зейнетақылық сақтандыру компанияларынан сақтандыру полистерін сатып алып, (мысалыға, бір немесе бірнеше кәсіпорындардың жұмыскерлері, әр-түрлі мамандық бойынша жұмыскерлер) оларға өмірлік рента төлеуге негізделген. Полисте әдетте зейнетақының мөлшері және оны ұсынудың шарттары анықталған нақты ережелер көрсетіледі [30, 86 б].

Мұндай тәсіл, әлемде кеңінен тараған және жұмыскер белгілі бір тәсіл бойынша рентаны төлеуге жеткілікті соманы жинақтап, зейнеткерлікке шығып болғаннан кейін зейнетақымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін қолданылады. (Чилии, Жапония, Австралия және т.б.) Ал бірақ, Германияда кәсіпкермен немесе жұмыскермен рентаны біртіндеп сатып алу практикасы кеңірек таралған. Сақтандыру бойынша заңдарға сәйкес рента үшін берілген құралдар компаниямен, салымшылар алдындағы барлық міндеттемелер бойынша есептесіп бітпейінше пайда ретінде пайдаланыла алмайды. Осылайша, зейнетақы жинақтарының қорлануы жүреді және зейнетақы құралдары қаржы нарығының ресурсы ретінде қолданылады, бірақ сақтандыру компанияларының атынан емес, зейнетақы қорларының атынан жүреді [31, 25 б].

Чилидің зейнетақы қорлары, сондай-ақ Чилилік тәжірибені қолданушы елдердің зейнетақы қорлары қор жинауды даралау және траст қағидасына негізделген (Аргентина, Колумбия, Польша). Чилилік схеманың ерекшелігі, міндетті жарналар мен сәйкес салықтарды және мемлекет тарапынан болатын іс-әрекеттерді қатаң регламенттеудің мәні бойынша алмастыратын зейнетақы қорларында болып табылады (жалпы чилилік зейнетақы қорлары өзара тек қана үш ұстаным бойынша бәсекелесе алады: сервис деңгейі, тиімділік деңгейі және басқарудағы комиссиялық жарна).

Чилидегі қарттыққа байланысты зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін толығымен жекешелендірудің қаржылық нәтижесі, ұлттық қор жинау, ашықтығы тұрғысынан алғандағы жетістігі күмәнсіз өсті. Бірақ ол мынадай бірқатар маңызды мәселелерді шеше алмады:

- төлемнен жалтару және оларды кідірту;
- сақтандыру жарналарының көлемінің шағындығы.



Ең бастысы ол сақтандырылушылардың санын көбейткен жоқ, сәйкесінше олардың саны осы аймақтағы көптеген елдердегі деңгеймен қатар тұр. Сонымен қатар, бұл жүйе мемлекет үшін өте қымбатқа түсті, мысалыға, денсаулық сақтау мен білім беру жүйесі үшін.

Жұмысшылар мен қызметкерлер «Зейнетақы қорларының әкімшілігі» жеке зейнетақы қорына өз жалақыларының сомасының 10% төлеуге міндетті. Жұмыс берушілер де, мемлекет те бұл қорға сақтандыру жарналарын төлемейді. Әрбір салымшы үшін жеке шот болады, осылайша жылдар өте капиталдың белгілі бір сомасы жинақталады. 65 жасқа толған соң, салымшы жоспарлаған зейнетақысын немесе жинақталған капиталға рента сатып ала алады немесе екеуін үйлестіре отырып басқа нұсқаны таңдай алады [32, 10 б].

#### 5. Жинақтың қорлануына негізделген қорлар.

Мұндай қорларда қаржы құралдарының қорлануы жүреді және заң бойынша олардың жиынтық активтері нақты және болашақ зейнеткерлердің алдындағы міндеттемелерге тең болуы қажет. Мұндай қорлардың ішінен екі үлгісін көрсетуге болады: жинақталған қаржы құралдарының дараланған және дараланбаған түрі.

Зейнетақы қорларының бірінші үлгісі қор жинауды дараламайды және де зейнетақы мөлшері қатысушылардың келісілген шарттарына сәйкес анықталады. Активтер мен міндеттемелердің тепе-теңдік қағидасы мұндай қорлар үшін мысалыға, егер тиімсіз инвестициялау нәтижесінде міндеттеме активтерден асып кетсе, қосымша қаржы құралдарын беретін кепілгер немесе демеушінің болуын талап етеді. Осы қағида бойынша, АҚШ-тың көптеген зейнетақы қорлары жұмыс істейді, оларда кепілгер рөлін кәсіпорын атқарады. Активтер мен міндеттемелердің тепе-теңдігін мерзімді тексеруді, қордың жағдайы туралы сәйкесінше қорытындылар беретін, актуарилердің арнайы институттары атқарады. Мұндай қорлардағы қаржы құралдары әдетте, жұмыскерлердің қатысу тәртіптерін анықтайтын, кепілгер-кәсіпорынға тиесілі болып келеді. Бірақ, мысалыға АҚШ-та салықтардан қорға аударымдардан босатылу үшін зейнетақы жоспары белгілі бір критерилерге сәйкес келуі қажет сонымен қатар, қаржы құралдарын қайта үлестіруге мүмкіндік бермейтін белгілі-бір тесттерден өтуі қажет (жоғары жалақы алатын жұмыскерлердің пайдасы үшін).

Қаржы құралдарының капиталдануына негізделген қорлардың екінші үлгісі әрбір қатысушы үшін жеке шоттар енгізеді. Мұнда болашақ зейнетақының мөлшері бойынша ешқандай міндеттеме берілмейді. Қор жинау трастық тәсілге негізделген, ал жеке шоттардағы белгілі бір ережелер бойынша есептелген қор активіндегі қатысушының үлесін

көрсетеді. Барлық қаржы құралдары салымшыларға тиесілі болып келеді. Тәртіп бойынша, жарналардың негізгі көзі қатысушылардың жеке қаржы құралдары болып табылады, бірақ, сонымен қатар олар нақты жұмыскердің пайдасы үшін кәсіпорынның пайдасынан да өндіріле алады. Соңғы жағдайда кәсіпорын бұл қаржы құралдарын пайдалануға деген құқықтарын шектей алады, мысалыға айтсақ мерзімінен бұрын алу құқығы.

Мұндай қорлардың қызметтеріне мемлекеттің араласуы, аударымдары салықтан босатылған елдерде жүзеге асады. Сонда мемлекет бұл қаржы құралдарын мерзімінен бұрын алу құқығын шектейді де аударымдар көлемін лимиттейді.

Қазіргі кезде дәл осындай зейнетақы қорларының үлгісі неғұрлым прогрессивті деп есептеледі. АҚШ-та барлық қайта құрылған зейнетақы жоспарларының 80 пайыздан көбі «defined contribution» қағидасына негізделген. Бұл қағида біздегі мемлекеттік емес зейнетақы заңдарында бекітілуі қажет. Бірақ, шын мәнінде ол дамыған қор нарығын және жоғары экономикалық мәдениетті талап етеді [32].

Жеке меншік зейнетақымен қамтамасыз етуді ұйымдастырудың тәсілдерінің белгілі бір түрлерінің басым болуы, ең алдымен заңмен және мемлекет қандай салық жеңілдіктерін ұсынатындығымен анықталады.

Барлық дамыған елдерде мемлекеттікпен қатар зейнетақымен қамтамасыз етудің қосымша түрі болады.

Қазақстан үшін, қосымша зейнетақымен қамтамасыз ету енді ғана дамып келе жатқандықтан батыс елдерінің зейнетақы жүйелеріндегі жұмыс тәжірибелері керек жолды таңдауға, қателіктерді болдырмауға мүмкіндік береді.

Австралияда зейнетақымен қамтамасыз ету мұқтаж тұлғаларға әлеуметтік көмек көрсетудің мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылады, сонымен қатар, жеке меншік сипаттағы зейнетақыны сақтандырудың түрлі бағдарламалары да маңызды рөл атқарады.

Қарттыққа байланысты зейнетақы ерлерге 65 жастан және әйелдерге 60 жастан бастап тағайындалады. Зейнеткерлікке одан ертерек шығу мүмкіндігі мемлекеттік бағдарламада қарастырылмаған. Зейнетақы кірістері осы мақсатта бекітілген деңгейден аспайтын тұлғаларға тағайындалады. Тек белгіленген топтағы көз мүгедектеріне, яғни зағиптерге ғана табыстарын есептемей зейнетақы төленеді.

Зейнетақы мөлшері зейнеткерлердің табысына байланысты болады. Зейнетақының ең жоғарғы мөлшері 1987 жылы маусымда жалғызбасты зейнеткерлер үшін аптасына 112 австралиялық долларды және ерлі зайыптылар үшін 187 австралиялық долларды құраған.

Әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын қаржы құралдары, негізінен салықтардан түсетін мемлекеттік құралдардың есебінен жүзеге асады. Кәсіпкерлер өндірістегі жұмыс кезінде болған жазатайым жағдайға және кәсіби сырқат кезінде ғана арнайы сақтандыру жарналарын төлейді, жарнаның мөлшері оқиғаға қатысты жекелеген кәсіпорынның жасаған тәуекеліне байланысты болады.

Австрияда зейнетақымен қамтамасыз ету жұмысшылар мен қызметкерлер үшін зейнетақыны сақтандырудың кейбір мемлекеттік бағдарламалары аясында жүзеге асады сонымен қатар, қамтамасыз ету мөлшеріне ұқсас болып келетін жеке еңбек әрекетімен айналысушы тұлғалар үшін де тағайындалады [15, 12-18 б].

Аталған жалпы сипаттағы мемлекеттік бағдарламалардан басқа, мемлекеттік қызметкерлер, шахтерлер, фермерлер, нотариустарға қатысты әрекет ететін арнайы мемлекеттік бағдарламалар бар. Қарттыққа байланысты зейнетақы жалпы бағдарлама бойынша 15 жыл бойы сақтандыру жарнасын төлеу шартына сәйкес ерлерге 65 жас және әйелдерге 60 жас толғаннан бастап тағайындалады.

Зейнетақы мөлшері сақтандырылушының соңғы 10 жыл ішіндегі орташа жалақысынан есептеледі. 30 жыл ішіндегі сақтандырылу стажының әрбір жылында жалақымен есептелген зейнетақы мөлшері 1,9 %, ал әрбір келесі жыл үшін 1,5 % құрайды.

Әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру еңбекшілер мен кәсіпкерлердің жалақыларына пайыз түрінде тағайындалып, сақтандыру жарналарының есебінен жүзеге асады.

Ұлыбританияда да бұл саланың өзіндік ерекшеліктері бар. Зейнетақымен қамтамасыз ету жалданып жұмыс істеу, жеке еңбек әрекетімен айналысатын тұлғалар және тұрғындардың басқа да категорияларын, қарттығын қамтамасыз етуге қатысты, мүгедектігіне және асыраушысынан айырылуына байланысты жұмыс істемейтіндердің зейнетақысын сақтандырудың міндетті бағдарламасы аясында жүзеге асады [25].

Осы бағдарлама бойынша ұсыналатын зейнетақы екі бөлімнен тұрады: қатаң бекітілген мөлшердегі зейнетақы мөлшері жалақы шамасына байланысты және 1978 жылдан кейінгі сақтандыру стажының ұзақтығына байланысты тағайындалатын зейнетақы.

Зейнетақыны сақтандырудың міндетті мемлекеттік бағдарламасынан басқа, кәсіпорындар тарапынан қосымша зейнетақымен қамтамасыз етудің бағдарламасы кең ауқымда қолданыста. Осындай бағдарламалары бар кәсіпорындарға, мемлекеттік бағдарламаның мөлшері стажына және жалақы мөлшеріне байланысты зейнетақы

тағайындау бөлімінде қарастырылғандай, келісім-шарт негізінде зейнетақымен қамтамасыз ету құқығы берілген.

Қарттыққа байланысты зейнетақы ерлерге 65 жастан және әйелдерге 60 жастан бастап тағайындалады. Зейнеткерлікке зейнетақы мөлшерін азайтып немесе тіпті зейнетақысыз неғұрлым ертерек шығу мүмкіндігі қарастырылмаған. Зейнетақы тағайындау үшін жұмысты тоқтату керек.

Барлық зейнетақылар баға индексінің өзгеріп тұруына сәйкес қайта есептеліп отырады. Әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру негізінен жалақыға пайыз түрінде бекітілген кәсіпкерлер мен еңбекшілердің сақтандыру жарналарының есебінен жүзеге асады.

Германияда мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету, ондағы мөлшері бірдей болып келетін жұмысшылар мен қызметкерлер үшін зейнетақыны сақтандырудың кейбір мемлекеттік бағдарламалары аясында жүзеге асады. Тұрғындардың өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етуші категориялары үшін зейнетақыны сақтандыру ерікті болып келеді. Мемлекеттікпен қатар, қосымша зейнетақымен қамтамасыз ету жұмыс істейді. Кәсіби қосымша зейнетақымен қамтамасыз етуді қаржыландырудың әр-түрлі төрт формасы қолданылады (кәсіпорын балансында арнайы резервтерді құру, тікелей сақтандыру жолы, қолдау көрсету қорлары арқылы және зейнетақы қорлары) және де көптеген кәсіпкерлер бір мезгілде бірнеше формасын қолданады.

Кәсіпорын балансында арнайы резерв құру айтарлықтай кең тараған. Қосымша зейнетақымен қамтамасыз етуді қаржыландырудың мұндай формасы зейнетақымен қамтамасыз етудің кәсіби жүйесімен қамтылған жұмыскерлердің шамамен 66 % қатысты қолданылады. Зейнетақы қорлары немесе зейнетақы кассалары өз бетінше заңды тұлғалар болып табылады.

Германияда зейнетақы қорларының сандары көп емес және де олардың қысқару тенденциясы байқалады. Сонымен қатар, зейнетақы қорларының активтері айтарлықтай қомақты. Зейнетақы қорлары бекітілген заң ережелеріне сәйкес құқықтары бар салымшыларға қызмет көрсетеді [15].

Зейнетақы қорларын қаржыландыру актуарлы қағидаларға сәйкес жүзеге асады және олардың активтерін инвестициялауға қатысты қатаң ережелер бар. Зейнетақы қорларын құрудың шарты бойынша, оның құрамындағы мүшелер саны 200 ден кем болмауы керек және олар көбіне ірі компанияларда, компания топтарында немесе тәуелсіз біріккен қор ретінде құрылады. Бұл, зейнетақы қорларын ұстаудың және құрудың

құнының жоғарылығымен түсіндіріледі. Зейнетақы қорларына түсетін жарналар сақтандыруды қадағалау ұйымдарымен бекітілген демеуші-компаниялардың зейнетақы бағдарламаларындағы ережелерге сәйкес жасалады. Мұндай жарналар компанияның салық салынбайтын шығынына енгізіледі.

Сонымен қатар, жарнаны жұмыскерлердің өздері төлеуге де рұқсат етілген. Істі жүргізуге қатысты сұрақтар бойынша компанияның кеңесі қорды басқаруға қатысып отырады. Зейнетақы қорларында мәселелерді бірлесе шешу принципі жұмыс істейді. Америка Құрама Штаттарында сақтандырушылық сипаттағы федералды бағдарламаларға қосымша, қайырымдылық сипаттағы федералды бағдарламалар жұмыс істейді. Олар өмір сүрудің төменгі деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған төмен табыс алатын тұлғаларға беріледі [33, 28 б].

Зейнетақымен қамтамасыз етудің жеке меншік бағдарламалары кең қолданыста. Оған сәйкес қарттығына, мүгедектігіне және асыраушысынан айырылуына байланысты жалпы міндетті федералды бағдарлама бойынша, қамтамасыз етуге қосымша, үстеме зейнетақымен қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Төленетін зейнетақының мөлшері өмір сүру құнының индексінің өсуіне сәйкес жыл сайын қайта есептеледі. Әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру сақтандырылған жұмысшылардың жалақыларына пайыз түрінде бекітілген кәсіпкерлер мен еңбекшілердің сақтандыру жарналарының есебінен жүзеге асады. Зейнетқымен қамтамасыз ету жұмсалатын кәсіпкерлер мен еңбекшілердің жиынтық жарнасы жалақының 12,12 пайызды құрайды, оған сақтандыру жарналары аударылады (есептеледі).

Америкада жинақтаушы зейнетақы қорларының банкрот болған жағдайында азаматтарға, олардың ақшасын қайтаратын федералдық резерв қорының қамқорлығында болады. [33, 29 б].

Шет елдік тәжірибелер маңызды және барлық жаңаларын,, пайдалыларын бөліп қарастыруға мүмкіндік береді, мысалыға:

Австралияда зейнетақы мөлшері зейнеткерлердің табысына байланысты;

Австрияда орташа жалақыға сәйкес есептеліп шығарылады;

Ұлыбритания тәжірибесі қызықты, мұнда кәсіпорындар тарапынан қосымша зейнетақымен қамтамасыз ету бағдарламалары кең қолданылады.

Ал Германияда, кәсіби қосымша зейнетақымен қамтамсыз етуді қаржыландырудың әр-түрлі төрт формасы қолданылады және де көптеген кәсіпкерлер бір мезгілде бірнеше формасын қолданады.

Америкада ЖЗҚ банкрот болған жағдайда азаматтар олардың ақшасын қайтаратын федералдық резерв қорының қамқорлығында болады [33, 29 б].

Қазақстанда әзірше, кепілдіктің бір ғана мүмкіндігі- салымдарды сақтандыру қарастырылған [15, 16 б].

Зейнетақымен қамтамасыз етуді құру нұсқаларының көп болуы, қайта үлестіру немесе жинақтау жүйесіне қатысты болатын қаржыландыру әдістеріне тәуелді болуы мүмкін. Зейнетақыны қайта үлестіру жүйесінде зейнетақыны сақтандыру қорына келіп түсетін қаржы құралдарынан төленеді. Бұл бағыт әсіресе Германияға тән, оларда жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің сақтандыру жарналары сонымен қатар, мемлекеттік дотациялар кіріс болып есептеледі. «Жинақтау келісім-шартына» сәйкес, жарна төлеген тұлғалар келешектегі төлеушілердің есебінен қаржыландырылатындықтан, зейнеткерлік құқығын алады. Мұндай көзқарас демографиялық "толқын" ықпалында болады, туылудың төмендеу кезеңі, еңбекке жарамды тұрғындарға шаққандағы зейнетақылық жүктемемен ілесе жүреді.

Зейнетақы жүйесіне жаңғырту жүргізу процесінде Чили және Польша сияқты елдердің тәжірибесі қызығушылық таңытуда. Латын Америкасы елі Чилиде жиырмамыншы жылдары мүгедектер мен ағымдық табыстарға мұқтаж адамдарға бағытталған зейнетақы төлемдерінің мемлекеттік жүйесі қолданған [21, 24 б].

Әрекет етіп отырған 55 жыл ішінде мұндай жүйе:

- әрбір сала және қызмет түрі үшін әртүрлі зейнетақылармен;
- бюрократизмнің дамуымен;
- зейнетақыны есептеу формуласының экономикалық стимулдарының әлсіз мотивациясымен;
- аударымдардың жоғары деңгейлеріне жетелейтін зейнетақының деңгейін саяси анықтаумен;
- денсаулық сақтауды мемлекеттік қаржыландырумен;
- аударымдары мемлекеттің жалпы шығындар көлемінің 20,5 пайызын құрайтын қабынған мемлекеттік аппаратпен сипатталады.

1970 жылы әлеуметтік қамсыздандыру бойынша шығындар табыстардан асып түсетін болды. Ол зейнеткерлердің жалпы санының артуы және бенефициар - салымшылардың коэффициенттерінің төмендеуі салдарынан болды.

Тағы бір себебі- тұрғындардың әртүрлі таптарына зейнетақының едәуір мөлшерін ұсыну. Кейбір мамандық жұмысшылары тек 25 жыл ғана жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан.

Мемлекеттік қамсыздандыру жүйесіне келесі белгілер тән болып келеді:

- әртүрлі зейнетақы жүйелерінің зейнетақы төлемдері мен аударымдарының тұрақсыздығы;
- зейнеткерлердің алғашқы тобының қаржыларды көптеп беруі;
- аударымдар мен күтілген зейнетақы төлемдері арасындағы әлсіз байланыс;
- тиімсіз мемлекеттік басқару;
- зейнетақы төлемдері бойынша міндеттемелерді аз қаржыландыру;
- ақшалай тапшылықты жабуға қаржылады арттыру.

Әлеуметтік қамсыздандырудың мұндай құрылымы күрделі қаржы және макроэкономикалық мәселелердің пайда болуына, сонымен қатар еңбек нарығындағы шиеленістерге әкеп соқты.

1970 жылы әлеуметтік қамсыздандыруды жүйесін жаңғыртуды жоспарлау басталды. Ал, 1981 жылы мемлекет қаржылық өсуге қол жеткізгенде, жаңғырту іс жүзіне асырыла бастады.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі міндетті жеке меншікке қайта құрылды. Осы жүйе ауқымында зейнетақы мөлшері жекелеген аударымдар мен инвестициялық таңдауға байланысты анықталды.

Жүйе әрекет ете бастағанда, Чили Үкіметі өтпелі кезеңге байланысты туындаған шығындарға душар болды. Бұрынғы зейнеткерлерге зейнетақыны ескі зейнетақы қорынан төлеуді жалғастырды. Мемлекет осы қорға қаржыны берілген категориядағы зейнеткерлердің өмірінің соңына дейін аударып отыруға міндетті болды. Көшудің екінші кезеңі әлі зейнеткерлікке шықпаған жұмысшылар үшін бұрынғы жүйенің зейнетақысын аккумуляциялаумен байланысты. Үкімет осы жұмысшыларға жинақталған зейнетақы төлемдерінің сомасына мемлекеттік облигациялар ұсынды.

Мемлекеттік облигациялардың құны адамның бұрынғы зейнетақы жүйесінде жұмыс істеген жылдар санына пропорционалды болды.

Осылайша, адамның бұрынғы жүйеде жинақтағаны мемлекеттік облигациялар арқылы оны жеке зейнетақы шотына аударылады. Жұмысшы зейнеткерлікке шыққан кезде мемлекет оған осы облигациялар бойынша төлейді. Төлемдер үшін салық салу бойынша жалпы табыстар қолданылады.

Осылайша, мемлекет облигацияларды нарық бағамы бойынша шығара отырып, өтпелі кезеңнің шығын мәселесін шешті. Сонымен қатар,

жаңа жүйеге жиырма жылдан кем емес мерзімде аударымдар жасағандар және олардың аударған аударымдары зейнетақы үшін жеткіліксіз сома болғанда ғана минималды зейнетақы алады [22, 22 б].

1982 жылдан бастап жұмыс істей бастағандар жаңа жүйе ауқымына кірді. Өзіне-өзі жұмыс істейтіндер ерікті түрде осы жүйемен қамтылды.

Аударымдар еңбек ақының 10 пайызын құрады. Олар нарықта әрекет етіп отырған 21 жеке меншік зейнетақы қорының біреуіне аударылады. Аударылған қаржылар жекелеген шоттарға енгізіледі.

Жеке меншік зейнетақы қорларының басшыларымен комиссияндық қаржылардың екі типі ұсталынады: еңбек ақидан пайыз ретінде алым және нақты сома мөлшеріндегі алым.

Комиссияндық алымның орташа мөлшері еңбек ақының 3 пайызын құрайды (әрбір аударымнан 0,25 долл.). Шамамен, еңбек ақының 0,5 пайызы мүгедектікке және өмір сүруге қаржылар ұсынуға арналған. Бұл төлемдер жүйенің барлық қатысушыларына кепіл етілген.

Зейнетақы қорларының қаржы құралдарын келесі салаларға инвестициялауға рұқсат етілген:

- мемлекеттік бағалы қағаздарға;
- орталық банктің бағалы қағаздарына;
- банктік облигацияларға;
- депозиттік сертификаттарға;
- қысқа мерзімді корпоративті бағалы қағаздарға;
- акцияларға;
- шетел үкіметімен кепіл етілген бағалы қағаздар мен басқа да инвестицияларға.

Тұрақты табыс әкелетін бағалы қағаздар зейнетақы қорлары инвестицияларының жалпы мөлшерінің шамамен 65 пайызын құрайды, қалған 35 пайызын акцияларға тиесілі. Шетелдік инвестициялар бар жоғы 5 пайызын құрайды.

Инвестициялар бойынша табыстың жоғары деңгейі соңғы 10 жыл ішінде Чилилік бағалы қағаздар нарығының ұлғаюымен түсіндіріледі. Зейнетақы қорларының инвестициялау объектісі болып табылатын барлық бағалы қағаздар тәуелді және тәуелсіз сақтық банктерде сақталады.

Зейнетақы қорларының іс-әрекеттерін бақылаушы мемлекеттік комитет олардың келесідей іс-әрекеттерін реттеп, бақылайды:

- басқарушы компаниялардың инвестициясының түрлері;
- зейнетақы төлемдері;



- зейнетақы қорлары мен басқарушы компаниялардың бухгалтерлік есептері;
- қатысушылар арасында ақпараттарды тарату;
- мүгедектігіне байланысты зейнетақы тағайындайтын медициналық комиссиялардың іс-әрекеттері.

Чилиде зейнеткерлік жасы ерлер үшін 65 жас, ал әйелдер үшін 60 жасты құрайды. Зейнеткерлікке оданда бұрын шығуға болады, егер қор қатысушысының шот бойынша жинақтары соңғы 10 еңбек өтілі жылындағы орташа айлық жалақысының кем дегенде 50 пайызын құрайтын болса.

Қатысушы зейнеткерлікке шығарда келесі нұсқалардың бірін таңдай алады:

1. Тікелей өмірлік рента. Қатысушы өзінің зейнетақы қорында өз жинақтарының толық сомасын алады және сақтандыру компаниясынан өмірлік рента алады;

2. Болашақта өмірлік рентамен қоса уақытша зейнетақы.

Бұл жағдайда қатысушы өзінің жеке есеп шотындағы қаржы құралдарының бір бөлігін келісім-шартта көрсетілген уақыттан бастап болашақта ай сайын жәрдемақыны төленуі жөніндегі келісімге айырбас ретінде өмірін сақтандырумен айналысатын компанияның шотына аударады.

Айтылғандарға қорытынды ретінде Чилидің 1981 ж кейін капитал нарықтарының дамуы, жеке салымдардың көтерілуі, экономикалық өсудің жылдамдатылуы, арнайы еңбек нарығының нығаюы салаларында айтарлықтай жетістіктерге жеткендіктерін атап өтуге болады.

Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі нарықтағы жағдайлар мен кейбір макроэкономикалық аспектілерінің жақсаруы өзінің оң әсерлерін тигізді [34, 11 б].

Компаниялардың халықаралық федерациясы – зейнетақы қорларының администраторларының пікірі бойынша, Польшадағы зейнетақы жүйесіндегі жаңғырту Шығыс Еуропадағы неғұрлым сәтті жасалғандардың бірі деп танылды. Бұл елде зейнетақы жүйесіндегі жаңғырту енгізу әлеуметтік сақтандыру, денсаулықты сақтандыру, білім беру жүйесіндегі түбегейлі жаңғыртудың бір бөлігі болып табылады.

Нәтижесінде, Польшада бүгінгі күні кедейшіліктен, жұмыссыздықтан, аурулардан, мүгедектік пен қарттықтан тұрғындарды әлеуметтік сақтандырудың тиімді жүйесі бар. Осыған байланысты бірнеше мәліметтерді атап өтуге болады: орташа жалақы 2 062 злотых, немесе 572 доллар болған, зейнетақының орташа мөлшері 934 злотых,

немесе 260 доллар құрайды, ал зейнетақының ең төменгі мөлшері 500 злотых, немесе 138 доллар, жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақы мөлшері 130 доллар.

Польшаның сарапшылары Чилидің, Швецияның, Канаданың, АҚШ-тың тәжірибелерін зерттей келе социалистік уақыттағы байсалды зейнетақы жүйесі өзгеріссіз сақталатын болса, онда ол 2015 жылға дейін толығымен банкротқа ұшырау мүмкіндігінің негізгі белгісі: зейнетақы төлемін қамтамасыз ететін жұмыс істейтін тұрғындардың зейнеткерлердің жалпы санына қатынасының азаюы, 1999 жылы бұл арақатынас 1,78:1 құрады.

Қазіргі уақытта, Польшада тұрғындардың жалпы саны -38 млн, оның ішінде зейнеткерлер -7,5 млн, ал жұмыс істейтін тұрғындар саны -13,5 млн адам [35, 13 б].

1999 жылдың 1 наурызынан бастап жеке жинақтаушы зейнетақы қорларының өздерінің клиенттерімен, яғни болашақ зейнеткерлермен келісім-шарттар жасау құқығын алды, зейнетақы жүйесін жаңғырту және нақты басқару компанияларын уағыздауға пошта жұмыскерлері, тіпті діни қызметкерлер де атсалысты, өйткені қорлармен келісім-шарттар түзу жұмысшының тұрғылықты орнына байланысты жүзеге асырылады. Бірінші сәуірден бастап поляктар өздерінің зейнетақы шоттарына қаржы құралдарын аударып бастады.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің жаңа жүйесі 3 деңгейден тұрады. Алдымен мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру басқармасымен төленетін мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі. Оның қаржы құралдары еңбек ақы қорының 45 % құрайтын кәсіпорын жарналарынан құралады. Осы қордан зейнеткерлерге зейнетақы төленеді. Жаңғырту басталғаннан кейін, әлеуметтік сақтандыру басқармасына еңбекақы қорынан 36,59% мөлшерде қаржы құралдары келіп түсе бастайды, алайда бұл жарналар 2 бөлікке бөлінеді: жұмыс берушінің жарнасы жалпы шотқа түседі және жұмыс істеушінің жеке шотына түседі. Жұмыс берушімен аударылған қаржы құралдары жұмыс істеушінің мүгедектігіне байланысты, кездейсоқ жағдайларға және ауруына байланысты қосымша жәрдем ақыларды төлеуге арналған қорды құруға жұмсалады. Жұмысшының сақтандыру жарналары оның болашақтағы зейнетақысын құрайды [35, 12 б].

Зейнетақымен қамтамасыз етудің жаңа жұмысының 2-ші деңгейі болашақтағы зейнетақы төлеуге арналған міндетті төлемдердің зейнетақы серіктестіктерінде немесе жеке жинақтаушы зейнетақы қорларының жинақталуы. Компаниялардың зейнетақы жинақтарын құру және тарту бойынша іс-әрекеттерін жүзеге асыруға байланысты рұқсат алудың негізгі

шарттарының бірі, олардың жарғылық капиталының 1 млн. доллардан кем болмауы болып табылады.

Жеке зейнетақы қорларының құрылтайшыларының қатарында ірі халықаралық сақтандыру компанияларын және АҚШ, Батыс Европа банктерін атап өтуге болады.

30 жасқа толмаған әрбір поляк осы сияқты зейнетақы серіктестіктерінің бірін таңдау қажет. Егер ол қорды таңдай алмаса, онда 2115 жұмысшыны хабардар ете отырып, кездейсоқ таңдау тәсілімен қор таңдалады. 30 бен 50 жас аралығында адамдарға жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуға байланысты өз бетінше таңдау құқығы берілген. Егер адамдардың жасы 50-ден асып кетсе, онда оның таңдауы болмайды, болашақ зейнетақыға арналған оның зейнетақы жарналары әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік басқармасындағы оның жеке шотына аударылады. Бұл жерде зейнетақы жүйесін жаңғырту әрекет етуші зейнеткерлік жасына өзгеріс енгізуді ескермеген: ерлер үшін 65 жас, әйелдер үшін 60 жас.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің жаңа жүйесінің 3-ші деңгейі өз азаматтарының аталған зейнетақыларына қоса қосымша ерікті жинақтарын қарастырады.

Бұл жинақтар банктерде немесе жеке зейнетақы қорларында болуы мүмкін, бірақ оның барлығы жұмыс берушінің қорынан емес, болашақ зейнеткерлердің жеке қаражаттарының есебінен жүргізіледі.

Сонымен, бүгінгі күні Польшада зейнетақымен қамтамасыз етудің 3 деңгейлі жүйесі әрекет етеді, 2-і міндетті деңгей және 3-шісі ерікті:

- I. міндетті-үлестіру;
- II. міндетті-жинақтау;
- III. ерікті деңгей.

Бұл жүйе 1999 жылдың 1 қаңтарына дейін 50-жасқа толмағандар үшін. Жаңа жүйенің қатысушыларына 1948 жылдың желтоқсанынан кейін туылғандар, яғни жаңғырту жүргізілу кезінде 50-ге толмаған тұлғалар жатқызылады. Реформа жүргізу кезінде жасына байланыссыз жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушылары үшін жас градациясы (бөлінуі) енгізілген:

- 30 жасқа дейінгі тұлғалар жүйенің бірінші-екінші деңгейіне қатысуға міндетті;

- 30 жас пен 50 жас аралығындағы тұлғалар ескі жүйемен (1-ші деңгей) екі деңгейге де қатысу құқығына ие болды. Бірінші деңгейді қамтамасыз етумен ZUS айналысады, олар арқылы барлық жұмыс берушілер сақтандыру төлемдерін жүзеге асырады.

Әлеуметтік тұрғыдан Польша азаматтарына өз бетінше, ерікті таңдау құқығының берілуі маңызды болып табылады. Бұл құқық жинақтаушы зейнетақы қорларының құпия түрде таңдау жүйесімен қорғалады, яғни жұмыс істеуші өзінің жинақтаушы зейнетақы қорларын таңдауы жөнінде жұмыс берушіні хабардар етпейді.

Қазақстан мен Польшаның жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестицияларын бөлу құрылымын төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады. Польшада тұрғындардан тартылған жеке зейнетақы қорларының қаржы құралдарын инвестициялауға қатаң шектеулер енгізілген (кесте 3).

*Кесте 3 - Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестицияларын бөлу*

Қаржы құралдары	Үлесі	
	Қазақстан	Польша
Мемлекеттік бағалы қағаздар	25% төмен емес	үлессіз
ҚР кәсіпорындарының бағалы қағаздары	50% артық емес	
Ұлттық Банк депозиттері	10% артық емес	20%-ға дейін
ҚР жергілікті атқару ұйымдарының бағалы қағаздары	5% артық емес	20%-ға дейін
ХҚҰ–мен шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздар	40% артық емес	
Шет мемлекеттердің бағалы қағаздары., АА	30% артық емес	
Шет елдік эмитенттердің бағалы қағаздары., ББ	10% артық емес	
Ипотекалық облигациялар	15% артық емес	40%-ға дейін
ЖАҚ даму Банкісінің облигациялары		
Аффинирленген алтын	5% артық емес	
Шетел валютасының мақсаттары		5% -ға дейін
Биржадағы кәсіпорын акциялары (опциондар)		40%-ға дейін
Инвестициялық сертификаттар		10%-ға дейін
Ашық инвестициялық қорлар		15%-ға дейін
Борышқорлық қағаздар		40%-ға дейін
Рейтингтік қағаздар	5% -ға дейін	
Ескерту - кесте Инвестиция оқулығының негізіне сүйеніп автор жасаған [36].		

Әлеуметтік сақтандыру жарнасының жалпы мөлшері барлық жарналарды төлеп болғаннан кейін қалған еңбекақының 36,59 пайызын құрайды. Мұнда әлеуметтік сақтандыру жарнасы

жұмысшының өзімен (17,88 %) немесе жұмыс берушімен (18,71%) аударыла береді [32, 10 б]. Зейнетақы жарналары әлеуметтік сақтандыру аударымдарының жалпы сомасының 19,52 % құрайды. Мемлекеттік зейнетақы қоры жаңғыртудың басынан бастап әрекет еткен жоқ, алайда әлеуметтік сақтандыру басқармасы ZUS нарығының ірі операцияларының бірі болып табылады, оның құрамында шамамен 40 мың жұмысшы және 15 әскери құрылымның 49 бөлімшесі бар. Оның қызметіне сақтандыру қорларын шоғырландыру және бөлуден басқа зейнетақы қорларының және жұмыс берушілердің жарналарын төлеуге бақылауды жатқызуға болады. Жұмыс берушілер ZUS –қа зейнетақы қорына арықарай аударым жасау үшін еңбекақыдан әлеуметтік салықтың 19,52 %-нан 7,3 % ғана төленеді. Қорларға жасалған аударымдар және инвестициялық табысқа салық салынбайды, бірақ болашақта төлемдерге салық салынуы мүмкін.

Қорытындылай отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: Қазақстанның және Польшаның зейнетақы жүйелері Чили үлгісі бойынша құрылып және жалпы белгілеріндегі ұқсастықтарына қарамастан әр елдің өзіне тән зейнетақы жүйесіндегі жаңғыртуды әрі қарай дамытуға бағытталған ерекшеліктері мен өзгешеліктері маңызды рөл атқарады деп есептейміз.

## 2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН «МЖЗҚ» АҚ-НЫҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

### *2.1. Экономиканы жаңғыртудың жаңа жағдайында зейнетақы жүйесіне баға беру*

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде зейнетақымен қамтамасыз етудің ұйымдық-экономикалық құрылымы көп деңгейлі болып келеді, ол негізінен үш деңгейлі жүйе.

Бірінші деңгей – мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету, ол алатын табыс мөлшері мен сақтандыру жарналарына байланыссыз ең төменгі өмір сүру деңгейін қамтамасыз етеді.

Екінші деңгей – зейнетақымен қамтамасыз ету, өзін-өзі басқарушы сақтандыру қоғамдарымен және мемлекеттік ұйымдармен жүзеге асады. Зейнетақының мөлшері жұмыскерлер немесе жұмыс берушілермен жасалатын сақтандыру жарналарының мөлшеріне байланысты және өндіріске еңбек салымын анықтайтын, еңбек стажы (өтілі) мен табыс деңгейін басқаратын стандартпен реттеледі.

Үшінші деңгей – қосымша зейнетақымен қамтамасыз ету жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің сақтандыру жарналарының есебінен құралған, жеке меншік қорлар жүйесімен атқарылады.

Әлемнің көптеген елдерінде зейнетақы қорларының негізін үлестіру қағидасына негізделген, түрлі мемлекеттік бағдарламалар құрады. Көптеген теоретиктер – жинақтау қағидасы жинақтау нормасының көтерілуіне және экономикалық өсуіне ықпал етеді деп тұжырымдайды. Үлестіру қағидасына негізделген мемлекеттік зейнетақы қоры, ресурстарды тиімді үлестіре отырып, ең төменгі зейнетақымен қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік зейнетақы қоры міндетті болса, мемлекеттік емес зейнетақы қорының бірқатар артықшылықтары бар:

- ұлттық қарыздан құтылу мақсатындағы ең арзан ресурс көзі;
- бір сала аумағындағы күшін пайдалануға жұмсалатын шығындар арасындағы сәйкессіздікті едәуір төмендетеді;
- жоғары маманданған жүйе күшін ұстап тұру және тарту құралы ретінде компанияларға, жеке зейнетақы қорларын пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Егер мемлекеттік зейнетақы қорларына төмен табысты мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестиция жасау және өндірістік пайдасы төмен жағдайдағы тұрғын үй жобалары мен әлеуметтік инфрақұрылымды

қаржыландыру тән болып келсе, онда мемлекеттік зейнетақы қорларының табыстылығы төмен болып келеді. Ал мемлекеттік емес зейнетақы қорлары әлемдегі тәжірибе көрсеткендей, өз қаражат құралдарын жоғары пайда әкелетін жерлерге салады.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары:

- ең төмен шығындармен жүзеге асатын қаржы құралдарын мейлінше арзан жинауға;
- ақша құралдарын көбірек инвестициялауға;
- зейнетақы төлеуге байланысты міндеттемелерін қатаң сақтауға ұмтылады.

Заңға сәйкес жеке меншік зейнетақы қорларына өз қатысушыларына, зейнеткерлікке жасы толмай-ақ зейнетақы төлеуге рұқсат етілген. Мемлекеттік зейнетақы қорларының мемлекеттік емес қорлардан айырмашылығы, мүгедек немесе денсаулығы нашар адамдарды ескермегенде зейнетақы алушының ең төменгі жасы заңмен бекітілген.

Қазақстандағы зейнетақы жүйесін жаңғырту, Чилидегі зейнетақы жүйесін жаңғырту тәжірибесін қолдай отырып, мемлекеттік үлестіру жүйесінен жеке меншік жинақтаушы жүйеге ауысуды көрсетеді. Чилидегі зейнетақы реформасы 1970 жылдары басталған. Реформаның мақсаты әлеуметтік сақтандыру жүйесін мемлекет иелігінен алу және жеке меншікке біртіндеп табыстау болып табылады [37].

Мемлекеттік емес зейнетақы қорының қалыптасуында жеке меншік жинақ қорлары мен жарналар негізгі қаржы көзі болып табылады. Мемлекеттің ролі жеке меншік сақтандыруға қатысушы тұлғаларды, ең төменгі деңгейдегі зейнетақымен және жәрдемақпен қамтамасыз етуде мемлекеттік кепілдіктер берумен шектеледі.

Жаңғыртудың ерекшеліктері қарттық бойынша сақтандыру салымдарының жоғары деңгейінен көрінеді. Жұмыс берушілердің жарнасы жалақы қорының 44,1 пайызын құрайды, ал жұмысшыларға жалақының 7,3 пайызы келеді. Жарналар сақтандыру қорларына аударылып отырады.

Сақтандыру қорлары:

- 1) жұмысшылар өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер;
- 3) мемлекет өкілдерінен құралған комитетпен басқарылады.

Жеке меншік зейнетақы қорының қаржы құралдары жұмысшылар мен жұмыс берушілердің жарналарынан (70%), мемлекеттің субсидияларынан (25 %), коммерциялық іс-әрекеттердің нәтижесінде алынған қаржы құралдарынан (2-4 %) тұрады. Түрлі экономикалық

себептерге байланысты, сақтандыру кассалары, әрдайым қаржы қиыншылықтарына тап болады, нәтижесінде қарттығына байланысты еңбек ету қабілетінен айырылған адамдардың 70% ең төменгі зейнетақыны алып отырады [6, 27 б].

Әрине, мұндай зейнетақы жүйесі жетілмеген болып есептелінеді. Сәйкесінше, 1981 жылдың ортасында негізгі ережелері келесілерден көрінетін, зейнетақыны сақтандыруға қатысты жаңғыртулар енгізілді:

- сақтандыру жүйесінің міндеттемелері мемлекеттік жүйеден алынып тасталынды;

- сақтандырылушылар өз жарналарын «әкімшілік зейнетақы қоры» деп аталынатын жеке меншік жана сақтандыру қорларына аударуға мүмкіндік туды.

Сонымен қатар, бұрынғы сақтандыру кассаларына мүшелер қабылдау тоқтатылды, ал жаңа сақтандыру жүйесіне өткендерге атаулы жалақының орташа мөлшерін 10% өсірді.

1988 жылы жаңа сақтандыру жүйесінің құрамында 74 % жұмысшылар болды, ал оның капиталы ЖҰӨ 18 % және ұлттық жинақ қорының 54 % құрады. Жұмыс күшінің 12% біріккен сақтандыру зейнетақы кассасы қамтыды.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңына сәйкес жеке меншік жинақтаушы зейнетақы жүйесіне біртіндеп және толық ауысу жүргізілуде. Ал, зейнетақымен қамтамасыз ету бұрынғыша еңбек өтіліне, еңбек сіңірген жылдарына байланысты. Зейнетақы 35 жыл ішінде зейнетақы қорына жарналар төленіп, зейнеткерлік жасына толған соң беріледі [38, 20-41 б].

Ұзақ мерзімді зейнетақы мөлшері (зейнеткерлікке жасы толғанға дейін шыққан жағдайда) қажетті зейнетақы қоры болған жағдайда мемлекеттік комитетпен анықталады. Зейнетақының жинақталуы сақтандырушымен таңдалған жеке зейнетақы қорында жүзеге асады және мұра ретінде қалдыруға болады. Сонымен қатар, зейнетақы жүйесін жаңғырту сақтандырушының талабы және жеке шоттар бойынша қаржылық есеп беруді жүзеге асырады.

Жеке зейнетақы қорларының іс-әрекетерін бақылау, жинақтаушы зейнетақы қорларының іс-әрекеттерін реттеуші мемлекеттік комитетпен жүргізіледі.

Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заң бойынша сақтандырушы қаржы құралдарын алдын-ала келісім шарт негізінде бір зейнетақы қорынан, екінші басқа зейнетақы қорына аударуына құқылы. Бірақ мұндай әрекетті жылына 2 реттен артық жүргізуге болмайды.



Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары «өз ақшаларын» ешбір лицензиясыз белгілі бір актив түрлеріне өздігінен инвестициялай алады. Қор кеңесі жинақтаушы зейнетақы қорларының жоғарғы ұйымы болып табылады.

Кеңестің өзгеруіне бақылау және есеп беруіне байланысты сұрақтар құрылтайшылық келісім-шарттың жарғысында көрсетілуі мүмкін. Қор жарғысы кеңестің міндеттеріне қордың әрекет етуіне байланысты стратегиялық сұрақтардың шешілуін, маңызды құжаттардың бекітілуін (жарғының өзгеруі, қор ережелерін қабылдау және өзгерістер) инвестициялық саясатты анықтауды жатқызу қажет. Кеңестің отырыстары айына бір және жылына бір рет өткізіліп отырады.

Акционерлік қоғамдағы акционерлер жиналысының ролі мен қор Кеңесінің ролі ұқсас болып келеді, өйткені жиналыста, Кеңесте сәйкес заңды тұлғалардың жоғарғы ұйымдары болып табылады. Қордың іс-әрекетін оперативті басқаруды арнайы тағайындалған атқарушы ұйымдар атқарады: жекеше (атқарушы немесе бас директор) немесе алқалы (басқару, дирекция). Оның міндетіне қордың ағымдағы жұмыстарын ұйымдастыру, клиенттермен келісім-шарт жасау (жеке және заңды тұлғалармен) әріптестерді іріктеу және олармен болатын қатынасты ресімдеу, басшылар қызметтеріне бақылау және активтерді басқаруға келісім- шарттар жасау, зейнетқылардың төленуін ұйымдастыру.

Атқарушы ұйым қор Кеңесімен құрылады және оған есеп береді, бірақ кеңес жұмысының белсенділігіне байланысты бақылау дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Қор Кеңесін құруды құрылтайшылар өздері шешеді, ал оның міндеттері, ең болмағанда негізгілері заңда көрсетілуі тиіс. Тексеру комиссия құрылтайшылармен қор Кеңесінің қағидаларына сәйкес құрылуы және оған тәуелсіз болуы қажет (мысалыға, егер кеңес үш жылда ауысса, тексеру комиссиясы да осы мерзім ішінде ауысуы қажет).

Қор Кеңесі мүшелерінің жауапкершіліктері заңмен қарастырылуы керек және Қазақстан Республикасында олардың өз міндеттерін құзыретті және адал атқаруы, олай болмаған жағдайда жауапкершілікке тарту, алмастыру механизмдері қарастырылған. Заңмен, кейбір сұрақтардың жарғыда шешілуін талап ететін сілтемелер жасалған. Жарғыда қор Кеңесінің құзіретіне кіретін кейбір міндеттер атқарушы ұйымға жүктелуі тиіс. Заң олардың кінәсінен қорға шығын немесе клиентке зиян келген жағдайда, атқарушы ұйымдардың мүшелерінің жауапкершіліктерін қарастыру қажет. Қабылданған заң көптеген мәселелерді шеше алмайды, жинақтаушы зейнетақы қорларын басқарудың ішкі ұйымдары құрылымының қалыптасуын реттеу, заңда, нақты реттеу ережелерімен бекітілмеген.

Басқару ұйымдарымен шешімдер қабылдау тәртібі, (өкілеттілігі) күзiреттiлiгiне қатысты сұрақтардың көп бөлiгiн шешу және бақылау жинақтаушы зейнетақы қорларына жүктелген. Таңдауға еркiндiк беру қатысушылардың құқықтарына нақты қысым жасауға алып келуi мүмкiн.

Бүгiнгi күнi көптеген қорлар зейнетақы активтерiн басқару компаниясының қатаң талаптарына бағынады. Бiрақ бұл механизм салымдардың сенiмдiлiгi мен тиiмдiлiгiн арттыратындығы iс жүзiнде дәлелденбеген. Бiрқатар қорлардың басшылары зейнетақы активтерiн басқару компаниясымен формалды келiсiм-шарт жасасқанның өзiнде, олардың өздерi трейдерлердi бақылауға және активтердi сату және сатып алуға нақты тапсырмалар беруге мәжбүр екендiктерiн айтады.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары туралы заң қорларға белгiлi бiр актив түрлерiне өз бетiнше инвестиция жасауға рұқсат бередi.

Егер қорлар өз ақшаларын басқарса (активтер олардың меншiгi болып табылады) және нарықтағы операциялар сәйкес лицензиясы бар делдалдар арқылы жүргiзiлсе, онда мұндай iс-әрекеттер лицензиясыз жүзеге асырылады.

«Өздiгiнен инвестициялаушы» қордың сенiмдi және тиiмдi нивестициялауға мүмкiндiк беретiн, белгiлi бiр жұмыс технологиялары және маманданған қызметкерлерi жеткiлiктi болуы керек. Мұндай қорлар өз штатына қажеттi мамандығы бар қызметкерлердi тартуы қажет. Бұл талаптың орындалуын ЖЗҚ инспекциясы және оның орнына құрылған ұйым бақылайды.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңға сәйкес қор активтерi келесi түрде орналастырылуы мүмкiн:

- ҚР Үкiметiнiң бағалы қағаздары;
- ҚР субъектiлерiнiң атқарушы билiк ұйымдарының және жергiлiктi өзiн-өзi басқару ұйымдарының бағалы қағаздары;
- банк салымдары (депозиттер);
- басқада бағалы қағаздар (акция, облигация, вексель, депозиттiк сертификаттар);
- жылжымайтын мүлiктер;
- валюта құндылықтары;
- есеп шотындағы ақша құралдары [39, 28 б].

Шын мәнiнде, ең iрi жинақтаушы зейнетақы қорлары көбi консервативтi қағидаларға сәйкес инвестицияны өте жаупкершiлiкпен жасайды. Оның дәлелi ретiнде, бұл нарықтағы қаржы тоқырауы өте сирек кездеседi. Акция сатып алу кезiнде жинақтаушы зейнетақы қорлары портфельдiк инвесторлар ретiнде әрекет етедi: инвестициялық саясатқа байыппен қарайтын қорлар ЖЗҚ активтерiмен салыстырғанда қорлануы

едәуір болып келетін акцияларға салым жасайды. Сондықтан көптеген қорлар ірі акция пакеттерін ала алмайды.

Алайда, жинақтаушы зейнетақы қорлары инвестициялық процестеріне тиімді бақылау жүргізу мәселесі орын алған. Соған орай, әр түрлі қаржы құралдарының рейтингі арқылы инвестиция саласына талаптар енгізу, қосылма ұйымдардың акцияларына салымдар жасауға шектеулер енгізу қажет деп есептейміз.

Зейнетақы активтерін инвестициялау тәртіптерін жетілдіру мәселелері инспекция мүшелерімен де ұсынылуда. Олар келесі шаралардың болуын орынды деп табады:

- актив сапасын анықтау (осы мақсатта арнайы комиссия құру арқылы немесе арнайы танылған рейтингтерді қолдану арқылы);

- эмиссиялық емес бағалы қағаздармен жұмыс жүргізуге тыйым салу (басқа тыйым салу нұсқасы немесе кейбір бағалы қағаздармен операцияларға шектеу);

- жылжымайтын мүліктермен операцияларға шектеу немесе тыйым салу;

- қосылма тұлғалармен жүргізілетін операцияларға және олардың бағалы қағаздарына салым жасауға тыйым салу [27, 46].

Қорларды инвестициялық құралдарының көлемі бойынша топтастыру оларды сипттауға мүмкіндік береді. Талдау нәтижесі инвестицияланған қаржы құралдарының сомасы неғұрлым аз болған сайын, мемлекеттік бағалы қағаздарға салынған салымдардың үлесі соғұрлым көп болатындығын көрсетеді. Банк салымдары жөнінде де дәл осыны айтуға болады. Керісінше, қауіпті салымдар- акция және жылжымайтын мүлік, оған тек ірі инвесторлар ғана ынталы болып келеді. Жалпы алғанда жинақтаушы зейнетақы қорлары инвестициялық саясаты әзірше консервативті болып қала береді, бірақ қауіпті құралдарды пайдаланудың ұлғаю тенденциясы байқалады.

Жоғары сенімділікке ие мемлекеттік бағалы қағаздар өзінің табыстылығы жағынан жинақтаушы зейнетақы қорлары қанағаттандырудан қалды, ол неғұрлым белсенді және өзіне сенімді қорлар (немесе тәуекелге бел бууға бейімді) акция нарығына қарай ығыса бастады.

Жжинақтаушы зейнетақы қорлары салымдарының табыстылық серпіні 30,18 % дан 87,58 % аралығында ауытқиды.

Қорлардың инвестициялық табыстылығы, ол клиенттер үшін емес, олардың шотына аз ғана сома аударылатындығын атап өту қажет. Нақты табыстылыққа жинақтаушы зейнетақы қорлары салық салудың ретсіздігі теріс әсер етеді.

Біріншіден, қор үшін зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушы ұйымдармен табылған инвестициялық табысына. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушы ұйымдардың пайдасының құрамында бола тұрып пайда салығы салынады.

Екіншіден, қорлардың өздері зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушы ұйымдардан алынған инвестициялық табыстың жалпы сомасынан пайда салығын төлейді, тек содан соң қатысушылардың шотына табыс аударылады. Соңында қатысушыларға аударылған кіріс кейде табыс салығының объектісі болып табылады. Мұнда ЖЗҚ (салымшылар мен қатысушылар) клиенттерінің шоттарына инвестициялық табысты аудару тәртібі мен мерзімі өте маңызды болып табылады. Кейбір қорлар мұндай операцияларды токсанына бір рет, енді біреулері жылына бір рет жүргізеді (басқадай нұсқалардың болуы да мүмкін) [40, 2 б].

Қаржы нарықтарының қазіргі таңдағы қарқындылығы кезінде, жылдық табыс аударымдары өте сирек жасалады және ол, сәйкесінше клиенттердің ықыласына зиян келтіреді. Мысалыға, салымшы немесе қатысушы келісім-шартты бұзатын болса, немесе зейнетақы жинақтарын басқа ЖЗҚ-на аударатын болса, онда алатын сома шоттағы сомаға байланысты болады, яғни неғұрлым көп аударым жасау клиентке тиімді болып табылады.

Басқа жағынан алғанда табыс аударымын жиі жасау (мысалыға, айына бір рет) жиі-жиі жинақ жүргізу, мәліметтерді тексеру және шоттар бойынша операциялар жүргізу қор үшін ауырлау болуы мүмкін.

Тоқсан сайын есеп беруді ескере отырып, клиенттердің шотына аударылатын инвестициялық табысты тоқсан сайын жүргізу дұрыс деп есептейміз. Клиенттердің олардың шотына түсетін кірістің есептелу тәртібін тексеру мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, аудиторларға олармен жүргізілетін тексерулер кезінде осы бақылауды жүктеу орынды болар еді.

Айтылғандардан келіп шығатыны, жинақтаушы зейнетақы қорларының әрі қарай дамыту, зейнетақы жүйесіне жаңғырту жүргізу жетістікке жетуіне мүмкіндік беретін бірқатар мәселелерді шешуді талап етеді. Ең алдымен зейнетақы жүйесінің сенімді институционалды инфрақұрылымын құру қажет. Бұл міндеттің орындалуы, міндетті жинақтау қағидаларына негізделген екінші деңгейдің жаңадан құрылуымен және үш деңгейлі зейнетақы жүйесіне көшуге байланысты қажетті болып табылады.

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының табысты қызметі олардың потенциалды салымшылары болып табылатын тұрғындар мен кәсіпорындардың сенім артуына байланысты. Олардың сенім артуы

жинақтаушы зейнетақы қорларының операцияларын бақылаумен және реттеумен тығыз байланысты.

2. Зейнетақы жүйесін жаңғырту міндеттерін ескере отырып, міндетті жинақтаушы жүйені қолданушы, екінші деңгейдегі мемлекеттік емес зейнетақы қорларының құрылуы жолдарын анықтау қажет. Бұл мәселе, жаңа қорларды құру және әрекет етуші жинақтаушы зейнетақы қорларының біразын екінші деңгейдегі қор ретінде қайта құрылу мүмкіндігін қамтиды.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорларының тиімді жұмыс істеуі активтерді басқарудың ашық және сатылы саясатынсыз мүмкін емес. Ол активтерді басқарумен айналысатын арнайы компаниялармен және қаржы институттарымен жүзеге асырыла алады. Активтерді басқару, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерімен қатар өздерінің жеке меншік құралдарын инвестициялай алады ма деген сұрақтарға жауап іздейді.

4. ЖЗҚ активтерін салуға болатын сенімді қаржы құралдарын нақты анықтау қажет. Қорлардың инвестициялық тәуекелділігін анықтауға мүмкіндік беретін критериаларды, нақты құралдарға мүмкін болатын салымдар лимиттері өңделіп шығарылуы керек.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстанда 1998 жылы зейнетақы жүйесіне жүргізілген жаңғырту нәтижесінде құрылды.

Қаржы институты болып табылатын МЖЗҚ банктерден, сақтандыру компанияларынан, инвестициялық қорлардан айырмашылығы:

а) салымдардың ұзақ мерзімділігі;

б) клиенттің қаржы құралдарының мүмкіндігінің шектеулілігіне байланысты бір рет және мерзімнен бұрын салым жасаудың мүмкін еместігі.

Нәтижесінде жинақтаушы зейнетақы қорларының « ұзын ақшалар» иегерлері болып шығады да, олар ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларға, бағалы қағаздар сатып алуға ұтымды жұмсай алады.

Бірақ Қазақстанда, экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде тиімді және сенімді ұзақ мерзімді иивестициялау мүмкіндіктері шектеулі. Сондықтан МЖЗҚ қаржы потенциалын тиімді орналастыру айтарлықтай күрделі мәселе.

Бүгінгі таңда, "Қазақстанның халық банкі" ЖЗҚ АҚ зейнетақы жүйесінің бірінші деңгейінде тұрған жалғыз ғана қор болып табылады. Оның зейнетақы активтерінің жалпы сомасы 01.12.2007жылы 56,19 млн немесе зейнетақы активтерінің жалпы сомасына шаққанда 19,45 %, сәйкесінше 01.12.2012 ж 233,753 млн тенге немесе 27% құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің үлкен кемшіліктерінің бірі- ақпараттық қамсыздандырудың жеткіліксіздігі. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтерін сипаттайтын арнайы сандық көрсеткіштердің тапшылығы жаңа зейнетақы жүйесінің қатысушыларының сенімсіздігін тудырады.

Инвестициялық портфель жағдайы әлде де қатер туғызуы мүмкін, өйткені жинақтаушы зейнетақы қорларының портфеліндегі мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі 95,8 % құрайды және азаюға деген төмен тенденцияға ие [41, 54-56 б].

Жалпы мемлекеттік емес зейнетақы қорларының (екінші деңгейдегі зейнетақы жүйесі) мәні мен мөлшері мемлекеттік зейнетақы қорына (бірінші деңгей) тәуелді болады, яғни мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қолданылу аясы неғұрлым ұлғайған сайын, соғұрлым жеке меншік деңгейдің қолданылу кеңістігі азая береді.

Айтылғандарға сүйене отырып, Қазақстанда міндетті жинақтаушы жүйені енгізу, мемлекеттік деңгей көлемін қысқарту және зейнетақы жүйесін жекешелендірумен қатар жүруі қажет.

1998 жылы басталған Қазақстан Республикасындағы зейнетақы жүйесіндегі жаңғырту жинақтау қағидасына негізделген үш деңгейлі жүйеге өтумен сипатталады. Зейнетақы жүйесіндегі жаңғырту әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларына жұмсалатын мемлекеттік шығындарды біртіндеп қысқартып және оны әлеуметтік қамсыздандыруға қатысудан толық босатуды қарастырады. Сонымен қатар, ұлттық табыстың (салық түсімдері ретінде) едәуір бөлігінің мемлекет қарамағына шоғырландыру мемлекеттің қызмет көрсету қорының қажеттілігімен түсіндіріледі. Оның есебінен әлеуметтік бағдарламаларды, соның ішінде трансферттер, білім беру мен денсаулық сақтау салалары қаржыландырылады. Зейнетақымен қамтамасыз ету процесінің жалпы кестесін келесі түрде көрсетуге болады:

*Кесте 4*

**Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі**

Зейнетақыны сақтандырудың түрлері	Мемлекеттік зейнетақыны сақтандыру	Мемлекеттік емес зейнетақыны сақтандыру
	Міндетті сақтандыру аударымдары	Ерікті сақтандыру аударымдары
Зейнетақы қорлары	Мемлекеттік зейнетақы қоры (МЗҚ)	Мемлекеттік емес зейнетақы қоры (МЕЗҚ)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

Қосалқы жүйелер	-----	Кәсіби зейнетақы жүйелері	Жеке меншік зейнетақы жүйелері
Іс-әрекеттерді заңдық рәсімдеу	«Қазақстан Республикасының азаматтарын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының заңы»		
Қаржыландыру көздері	МЗҚ 1) сақтандыру жарналары 2) бюджет құралдары 3) инвестициялық құралдар 4) қосымша құралдар	МЕЗҚ 1) жұмыскерлер, жұмыс берушілер және басқа да категориядағы азаматтардың жарналары (кіріс пен жалақыға пайыздық қатынасы) 2) инвестициялық табыс	
Зейнетақымен қамтамасыз етудің түрлері	МЖЗҚ МЕЖЗҚ 1. еңбек етуіне байланысты зейнетақымен қамтамасыз ету 2. әлеуметтік зейнетақымен қамтамасыз ету		
Ескерту-кесте зейнетақымен қамтамасыз ету заңы негізінде автормен жасалған [39].			

Қазақстан Республикасындағы жаңғырту зейнетақымен қамтамасыз етудің мемлекеттік және мемлекеттік емес жүйелерін үйлестіре отырып, Қазақстан Республикасы зейнетақы жүйесін құрайды (кесте 4).

Осындай зейнетақы жүйесінде мемлекет, еңбегіне байланысты және әлеуметтік зейнетақыны өмір сүру деңгейінің ең төменгі мөлшеріне сәйкес төлеуге кепілдік береді. Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары маманданған зейнетақы қорлары мен жеке зейнетақы қорларының бәсекелестігі негізінде әрекет етеді. Мұндағы маманданған зейнетақы қорлары міндетті сақтандыру жарналарын төлеуге негізделген. Егер жеке зейнетақы қорлары қосымша әлеуметтік зейнетақы төлемдерін қамтамасыз ету керек болса, ал маманданған түрі еңбек етуіне байланысты зейнетақымен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

Мыналар аталған зейнетақы қорларының қаржы көздері болып табылады:

- сақтандыру жарналары;
- кәсіпкерлердің салымдары;
- қордың инвестициялық қызметінен түскен түсімдер.

Бұл кезеңде жинақтаушы зейнетақы қорларының жинақтарының, заң базасының жетілмегендігінің нәтижесінде зейнетақы алуға кепілдік берілмейді. Бенефицианттың қолында жеке зейнетақы коды көрсетілген зейнетақы жинақтары мен аударымдарының есебі көрсетілген кітапшасы болады. Ол кітапшаның көмегімен кез-келген уақытта зейнетақы жинағы туралы мәліметті тексере алады. Жұмыстан босап немесе әрі қарай жұмысты жалғастыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, бенефицианттың бастапқы аударымдарының өсімін (инвестиция есебінен) бақылай отырып, зейнетақы жасына толған соң оларды алуға құқығы бар. Шет ел және отандық зейнетақы жүйесін жаңғырту нәтижесінде өзіне тән жағымды және жағымсыз жақтарын келесі сурет түрінде көрсетуге болады (кесте 5).

Жүйенің жағымды жақтары келесіден көрінеді:

- қордың ашықтығы (қорды таңдау, бақылау және алмастыру мүмкіндігі);

- қосымша инвестициялық капитал алу мүмкіндігі;
- жоғары білікті мамандарды ұстап тұру құралы ретінде;
- қажетті жұмыс жағдайын жасау құралы ретінде көрінеді;

Теріс жақтары:

- зейнетақымен қамтамасыз етудің сенімсіздігі;

- мемлекеттік бақылаудың ашықтығы механизмдерінің болмауы;

- мемлекеттік кепілдіктердің болмауы;
- заң базасының жетілмегендігі.

Ұсынылып отырған зейнетақы жүйесінде жаңа экономикалық жағдайлардың әрекет ету жағдайындағы мемлекеттік орталықтандырылған зейнетақы қорына басты мән беріледі.

Мемлекеттік зейнетақы қорының қаржыландыру көзі болып табылады:

- Міндетті сақтандыру жарналары;

- Бюджет құралдары (әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру үшін қарастырылған) және инвестициялық кірістер;

- Қосымша құралдар (мемлекеттік емес зейнетақы қорларына қаржылық тәртіптерді бұзғаны үшін салынатын айыппұлдар).

- Бәсекелес мемлекеттік емес зейнетақы қорларымен қатар мемлекеттік зейнетақы қорларын сақтау қажеттілігі, Қазақстан Республикасының өтпелі кезеңінде қалыптасқан экономикалық жағдайлардан туындаған. Оларды атап айтатын болсақ:

- Тұрғындардың жіктелуі;



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛІЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

- Қоғамдық өндірістің құлдырауы;
- Инфляция тұрғындардың жинақ салымдарына теріс ықпал етеді;
- Өмір сүру деңгейінің төмендеуі;
- Әлеуметтік қызмет көрсетулердің ақылы категорияға өтуі;
- Еңбек ресурстарының қартаюы.

*Кесте 5*

**Зейнетақы жүйесінің жағымды және жағымсыз жақтары**

ЗЖ	Жағымды жақтары	Жағымсыз жақтары
МЗЖ	Барлық жағын қамтиды	1 қымбат бағалы 2 аз басқарылатындығы 3 тиімділігі жеткіліксіз
Мемлекеттік емес зейнетақы жүйесі (МЭЗЖ)	1. Жоғары табыстылық 2. Экономикалық өсімді және жинақ ақша мөлшерін көтереді 3. Инвестициялық ресурстардың пайдалануын және үлестірілуін жақсартады. 4. Салымшылар алдындағы қаржылық есеп беру 5. Жинақталған қаржыны мұра ретінде беру 6. Капитал қорын еркін таңдау 1) МЗК түсетін ауырлықты азайтады (зейнетақының бір бөлігін қаржыландыру және жұмысбастылықты ынталандыру) 2. Саланың мамандар құрамы жөнінде мәліметтік база жасайды	1. Барлық тұрғындарды әлеуметтік қорғауға толық кепілдік бермейді 2. Әлеуметтік міндеттемелер әрекет етуші қаржы базасына сәйкес келмейді 3. Заңның аяқталмағандығы 4. Табыстың ең төменгі деңгейіне кепілдік бермейді 5. Төмен табыс алатын адамдар үшін тартымсыздығы 6. Жеке институттарға деген сенімсіздік
аманданған кәсіби зейнетақы жүйесі	3. МЗЖ- қатысушыларының зейнетақы мөлшерін көбейтеді 4. Жұмыскердің денсаулығын жоғалтып алу қауіпіне бара-бар компенсациямен қамтамасыз етеді. 5. Жұмыскерлерге оларға зейнетақы төлеуге негіз болып табылатын (соның ішінде мүгедектігі бойынша) тізімді көбейтудің есебінен, оларды кеңейтілген сақтандырумен қамтамасыз ету 6. Зейнетақы төлемін әрбір жұмысшының сіңірген еңбегіне қарай есептеуді қамтамасыз етеді, яғни еңбек ету кезеңі ішінде еңбек ақы деңгейіне, төлемдердің мөлшеріне, жұмыс жағдайына, еңбек және сақтандыру стажына пропорционалды.	Коллектив аумағында әрекет етеді
Ескерту-кесте автордың жүргізген зерттеулері нәтижесінде жасалды.		

Осының барлағы мемлекеттен барлық категория азаматтарын ең төменгі өмір сүру деңгейімен қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік зейнетақы қорлары арқылы жүзеге асырылатын қатаң әлеуметтік кепілдіктердің енегізілуін талап етеді [42, 43].

Сонымен, ұсынылып отырған зейнетақы жүйесі, оның әрекет ету аясындағы барлық адамдарға қартайғанда жеткілікті өмір сүрумен қамтамасыз ете алады.

Жұмыспен қамтылған тұлғалар, мемлекеттік зейнетақы қорына міндетті сақтандыру жарналарын төлей отырып, өзін ең төменгі өмір сүру деңгейімен қамтамасыз етумен қатар, жеке зейнетақы қорын таңдап және онда ерікті сақтандыру жарнасының таңдалған пайызын аудара отырып (қормен ұсынылған шкала бойынша), қартайғандағы әл-ауқатын жақсарту мүмкіндігіне ие болады.

Қоғамдық немесе жеке еңбекпен қамтылмаған тұлғалар, таңдап алынған мемлекеттік емес зейнетақы қорына ерікті сақтандыру жарналарын аудара отырып, қарттығына байланысты әлеуметтік зейнетақы алуы үшін мемлекеттік кепілдіктерге ие болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, зейнетақы жүйесін жаңғыртудың нақты кезеңінде, ең алдымен қажет болып табылады:

1. Өтпелі кезең аясында зейнетақы жүйесінің әрекет етуінің заң механизмдерін жетілдіру;
2. Зейнетақы жүйесінің тиімді әрекет етуінің экономикалық механизмін жасап шығару;
3. Мемлекеттік зейнетақы қорларының инвестициялық іс-әрекетіне қатаң бақылау жасайтын механизм орнату;
4. Зейнетақы төлемдеріне мемлекеттік кепілдіктер орнату;
5. Жинақтау қағидасына сәйкес жасалған, мемлекеттік зейнетақы қорынан еңбек етуіне байланысты немесе әлеуметтік зейнетақының ең төменгі деңгейімен қамтамасыз ету.

Бүгінгі күні республикадағы зейнетақының қызмет көрсету нарығын 14 жинақтаушы зейнетақы қорлары құрайды, олардың республиканың түрлі аудандарында 151 филиалы мен өкілеттіктері бар. Олардың әрекет ету мерзімі ішінде, оларда зейнетақы қорларының 648,580 млрд. тенге жинақталған. Зейнеткерлік жасы тұрақты болып келеді және ерлер үшін 63 жас және әйелдер үшін 58 жасты құрайды.

Егер жинақтаушы зейнетақы қорларының аймақтық дамуын қарастыратын болсақ, онда аймақтар бойынша дамуы толығымен көрсетілген қорлар «Қазақстанның Халық Банкінің» ЖЗҚ АҚ, «Құрмет» ЖЗҚ АҚ, «Сенім» АЖЗҚ АҚ, «Ұлар-Үміт» ЖЗҚ АҚ, «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ (кесте 5).

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

Осындай зейнетақы жүйесінде мемлекет, еңбегіне байланысты және әлеуметтік зейнетақыны өмір сүру деңгейінің ең төменгі мөлшеріне сәйкес төлеуге кепілдік береді. Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары маманданған зейнетақы қорлары мен жеке зейнетақы қорларының бәсекелестігі негізінде әрекет етеді. Мұндағы маманданған зейнетақы қорлары міндетті сақтандыру жарналарын төлеуге негізделген. Егер жеке зейнетақы қорлары қосымша әлеуметтік зейнетақы төлемдерін қамтамасыз ету керек болса, ал маманданған түрі еңбек етуіне байланысты зейнетақымен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

*Кесте 6*

**ҚР жинақтаушы зейнетақы жүйесі (01.01.2013ж)**

ЖЗҚ-ның атауы	№ лицензия, банк –каст-н, ЗАБК	Салымшылар саны (адам)	ЗА сомасы (мың тг)	Оның ішінде МБҚ %	1 салым орта. жинақ-сома(мың.тг)
Республика ЖЗҚ АҚ	0000002 АТФБ Актив – инвест	672946	32350351	85,8	48072,1
Атамекен ЖЗҚ АҚ	0000007 ККБ	262349	15480177	67,75	5900,0
Қазақстан Халық Банк ЖЗҚ АҚ	0000008 АТФБ НБК	1459769	168342666	90,5	18,604
Қазахмыс ЖЗҚ АҚ	0000009 НСБК Жетысу	65166	2126990	90,6	32,640
Ұлар-Үміт ЖЗҚ АҚ	0000010 НСБК Жетысу	140171	3165779	88,1	22,585
Капитал ЖЗҚ АҚ	0000011 НСБК АБН	27613	675702	95,7	24,470
Нефтегаз Дем ЖЗҚ АҚ	0000012 НСБК АБН	35083	1004136	100	28,622
"БТА Құрмет-Қазақстан" ЖЗҚ АҚ	0000013 Темірбанк	17323	425496	92,75	24,562
"АБН АМРО–Каспий МұнайГаз" ЖЗҚ АҚ	0000015 НСБК АБН	11282	1119525	99,02	99,230
Қажетті құжаттардың толық тізімі «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау

және жүзеге асыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығында бекітілген.

Зейнетақы тағайындау туралы толық мәлімет алу үшін азаматтар қажет құжаттарымен тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына баруы қажет. Сондай-ақ, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ақпараттық кеңес орталығының (call-центр) 1414 номерлі телефонына тегін хабарласып, толық мәлімет алуға болады.

Еңбек және халықты әлеуметтік министрлігінің мәліметінше, зейнетақы жасы ұлғайғанымен, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап жыл сайынғы жасына байланысты зейнетақы төлемдері 8%-ға өседі. Сонымен қатар, ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасының өзгеруіне байланысты мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері де артады.

Соңғы жылдары, тартымды инвестициялық құралдардың жеткіліксіздігі, жиынтық зейнетақы активтерін шет елдік корпоративтік секторға қайта бағыттауға алып келуде. Ақша құнсыздануының сыртқы және ішкі нарықтағы долларға қатысты теңгенің нығаюы, жергілікті нарықтағы шығындарын өтеу мақсатында, зейнетақы нарығы субъектілерін әлемдік нарықта қарқынды жұмыс істеуге итермелейді. Зейнетақы активтеріне қатысты шет елдік бағалы қағаздарға инвестициялау лимиті, әрбір жинақтаушы зейнетақы қорларының жиынтық зейнетақы активтеріне жалпы сомасының 30% құрайтынына қарамастан шет елдік, әсіресе тұрақты кіріс алып келетін (облигациялар) бағалы қағаздар жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін аса тартымды емес.

Сонымен, қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаруды ұйымдастырудың негізгі мәселелері ішкі институционалды инвесторлардың инвестициялық потенциалының үнемі өсіп отыруынан туындайтын тартымды-инвестициялық құралдарының едәуір тапшылығына байланысты болып отыр.

Кейбір мамандардың пікірінше, зейнетақы нарығында тоқырау басталып қойған, енді бірнеше айдан кейін толық дефолт және нарықтың күйреуі болады.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

## 2019 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ БЖЗҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



Сурет 21. «БЖЗҚ» АҚ даму стратегиясы

Шынында да мәселе өте көп. Олардың кейбірі локальды деңгейде, өзін-өзі реттеуші ұйымдардың немесе нарық қатысушыларының өздерінің күштерімен шешілуде, ал кейбіреулері, оның ішінде жоғарыда аталған екі мәселе мемлекеттің араласуын және көмегін талап етеді. Бұл неғұрлым жылдамырақ орындалса, ол соғұрлым нарық үшін де және бұдан 5 жыл бұрын зейнетақы жүйесінде жаңғыртуды бастаған мемлекет үшін де жақсы болар еді.

### 3.3. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеуді жетілдіру

Нарықтық экономикаға көшу зейнетақымен қамтамасыз етуді өзгертуге байланысты бірқатар шарларды қажет етеді. Дұрыс таңдалған әлеуметтік шаралар түрлену кезеңіндегі теріс іс-әрекеттерді жеңілдетуге айталықтай ықпал етеді. Сондықтан, қазіргі талаптарға сәйкес келетін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі тұрғындардың саяси және экономикалық өзгерістерді дұрыс қабылдауының шарты болып

табылады. Бұл келесі себептерге байланысты тәуекелден қорғанудың жаңа әдістеріне деген қажеттіліктің пайда болуымен байланысты: біріншіден, нарықтық қатынастарға көшу осы кезеңге тән кездейсоқ және белгісіз факторлардан туындайтын беймәлім және тұрақсыз жағдайдағы тәуекел деңгейін күшейтеді; екіншіден – қоғамдық нарықтық қатынастардың және еркін кәсіпкерліктің қалыптасу процесінде зейнетақымен қамсыздандырудың жаңа бағдарламалары құрыла бастайды.

Қазақстанда зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту бұл салада мемлекеттің ролін арттыруды қарастырады. Өйткені, жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі бақылаушы, реттеуші, басқарушы қаржылық және заң жауапкершіліктерінің негізгі ауыртпашылығын мемлекет көтереді. Қазақстанда жаңа экономикалық қатынастардың құрылуы мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандырудан тұрғындарды әлеуметтік құрғаудың нарықтық жүйесіне өтуіне алып келді [58, 59].

Зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу ұйымдарының құрылымын жаңғыртудың бастапқы кезеңінде өңделіп енгізілуі тиіс.

Әрекет етуші заңға сәйкес мемлекеттік емес зейнетақымен қамтамасыз етуді басқару ұйымдарының жүйесін келесі түрде сипаттауға болады:

- Парламент- заң шығарушы билік ұйымы –мемлекеттік емес зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарды реттеуші заңдарды талқылап қабылдайды;

- Президент мемлекеттік емес зейнетақымен қамтамасыз ету саласына қатысты жарлықтар шығарады;

- ҚР Үкіметі әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қамтамасыз етеді, сонымен қатар бірқатар мемлекеттік бағдарламаларды өңдеу, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру арқылы. Аталған функциялардың орындалуы үшін Үкімет қаулылар қабылдайды, соның ішінде мемлекеттік емес зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарды реттеуші қаулылар;

- Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – атқарушы билік ұйымы – әлеуметтік қорғау мәселесімен айналысады және мемлекеттік емес зейнетақымен қамтамасыз ету;

- Зейнетақы жүйесінің айналымын жаңғырту заң актілерінде орындау-шының нақты мекен-жайы белгіленген және оған қатысты қажетті құзіреттер қатары анықталуы тиіс.

Үкімет субъектілері қосымша аймақтық әлеуметтік қорғау шараларын бекітуге құқықтары бар (мысалыға, зейнетақыға қосымша)

бірақ, мұндай шаралар мемлекеттік емес зейнетақымен қамтамасыз ету саласында әрекет етпейді. Әрекет етуші заңға сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқарушы ұйымдар мемлекеттік ұйымдар жүйесіне кірмейді, сондықтан мемлекеттік емес зейнетақымен қамтамасыз ету функцияларын атқарушы ұйымдардың қызметтерін реттей алмайды. Жергілікті өзін-өзі басқарушы ұйымдар, тек қана субъектілер сияқты қосымша зейнетақымен қамтамасыз етуге байланысты шараларды жүзеге асырумен айналыса алады.

Өзгерістердің қомақтылығын ескере отырып, барлық зейнетақы жүйесінің барлық сегменттерін мемлекеттік реттеуді бір ғана ұйымға жүктеу орынды болады деп есептейміз. Оған барлық азаматтарға шартты дербес шоттарын беруге байланысты жұмыстарды ұйымдастыруды бақылауды жүктеу қажет.

Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реттеудің жаңа ұйымының қызметтері келесілерді қамтуы тиіс:

- Барлық зейнетақы қорларының қызметтерін лицензиялау;
- Жеке зейнетақы институттарының құжаттарындағы өзгерістерді бекіту;
- Қорлардың жойылуын, бірігуін, өзгеруін мақұлдау;
- Қордың жарғылық капиталын жаңа құрылтайшыларға сатуға (немесе беруге) рұқсат беру;
- Қор қызметтерін инспекциялау;
- Қорды басқарушы коллегиялық ұйымдардың шақырылуы және қорлардың қызметтерін тиімді бақылауға қажетті сұрақтардың күн тәртібіне енгізілуі;
- Зейнетақы активтерін сақтаушы және оларды басқарушы институттардың қызметтерін тексеруді жүзеге асыру құқығы.

Жеке зейнетақы қорларының қызметтерін реттеуші заңның негізгі ережелерін бұзуға байланысты әкімшілік жауапкершілік белгіленуі тиіс:

- зейнетақымен қамтамасыз ету қызметтерін немесе сәйкес сөздерді жарнамаларда лицензиясыз қолданғаны үшін;
- зейнетақы қорларының активтерін басқару және сақтау;
- құпия мәліметтерді 3-ші тұлғаны құлақтандыру немесе оны теріс мақсаттарда пайдаланғаны үшін;
- қатысушыларға қауіп төндіретін инвестициялық қызметтің ережелерін бұзғандығы үшін;
- жалған мәлімет бергендігі үшін.

Зейнетақы жүйесін жаңғырту жаңа жинақтаушы қорлар жүйесін құрудың негізі болуы тиіс, оларды мемлекет тарапынан



қолдауда неғұрлым қатаң болған дұрыс. Мұнда назарға алатын негізгі аспектілер келесілерден тұрады:

- зейнетақы қорлары мекемелерінің процедурасы;
- зейнетақы жинақтарының есебі;
- зейнетақы қорлары активтерін сақтау;
- зейнетақы қорларының қаржы құралдарын басқару;
- зейнетақы қорларының инвестициялық қызметтері және зейнетақы активтерін бағалау;
- қорлардың тұрақтылығын қамтамсыз ету;
- қатысушылардың құқықтарын қорғау;
- зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін дамыту және салық салу мәселесін шешу;
- қорларды өзгерту, біріктіру және жою.

Осы жоғарыдағы аталған аспектілер әлде де толық емес. Бірақ ол зейнетақы қорының қызметтеріндегі маңызды аспектілерді неғұрлым кеңірек қарастыруға мүмкіндік береді. Өрекет етуші заңда жаңадан қабылданған заңды қамти отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшылардың құрамына қатысты шектеулер қарастырмаған.

Сондықтан, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары және мемлекеттік ұйымдар үшін жинақтаушы зейнетақы қорлары қосымша шектеулерді енгізген орынды деп санаймыз. Осы тезисті қолдай отырып, екі маңызды пікір айтуға болады:

- мұнда мәселе мемлекеттік емес зейнетақы мен қамтамасыз ету, яғни мемлекетке қатысты қосымша зейнетақы жөнінде болуы тиіс;
- мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру кезінде, жұмыскерлерді ұстауға байланысты шығындар орталықтан бекітілуі керек.

Қордың меншік құралдары, салымшылар үшін белгілі бір деңгейде сенімділікті қамтамасыз ететін, тәуекелділікті сақтандыру жүйесінде қолдануы тиіс. Сондықтан, меншік құралдарының өтімді минималды лимитін бекіткен дұрыс.

Зейнетақы активтерінің меншік мәселесі маңызды болып табылады. Қазіргі кезде зейнетақы жүйесін жаңғыртуды талқылау барысында екі түрлі нұсқа қарастырылуда: активтерді, қатысушылардың меншігі деп жариялау немесе оларды зейнетақы қоры меншігіне өткізу. Бұл мәселені шешу кезінде келесіні ескеру қажет, яғни зейнетақы активтерін жинақтау уақыты ішінде қатысушының оларды пайдаланудағы құқықтары өте шектеулі (әсіресе 2-ші деңгейдегі қорларда).

Сондықтан, заңда салық салу жүйесінде зейнетақы қорлары қызметтері үшін тиімді болып табылатын қандай өзгерістер қажет екендігін анықтап алу керек.

Шетелдік зейнетақы қорларының әрекет етуі олардың қызметтеріне деген мемлекеттік билік ұйымдарының назарын аударып отырғандығын көрсетеді. Ол түсінікті де, өйткені жинақтаушы зейнетақы қорларымен шоғырланатын қаржы құралдарының едәуір бөлігі және әлеуметтік сипаты олардың қызметтерін нормативтік реттеумен түсіндіріледі.

Зейнетақы жүйесіндегі заңдарға сәйкес зейнетақы активтерінің құрылуы екі түрде жүзеге асады: ерікті және міндетті. Зейнетақымен қамтамасыз етудің міндетті түрі бұл – міндетті сипатқа ие арнайы сақтандыру.

Мемлекет жинақтаушы зейнетақы қорларын құруға және дамытуға қолайлы ортаны жасау үшін, жұмыскерлерге міндетті зейнетақы жарналарын тағайындайды. Сонымен қатар, ол зейнетақы қорларының құнсыздануын болдырмау және салымшыларды жоғалтпау мақсатында зейнетақы жүйесінің қатысушыларының қызметін реттейді және бақылайды.

Біздің елдегі жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтерін реттеуге байланысты мәселелерді 3 топқа бөліп қарастыруға болады:

1. зейнетақы қорлары әрекет ететін концептуальды аумағын анықтаушы;
2. саланың бәсекеге қабілеттілігіне және құрылымына әсер етуші;
3. мемлекеттік кепілдіктер және табыстылықтың минимальды деңгейі, бағалау, инвестициялау тәртiптерi.

Мемлекет реттеуді қаржы ұйымдарын және қаржы нарықтарын бақылау мен реттеуге байланысты Қазақстан Республикасының қаржы Агенттігі арқылы жүргізеді.

Агенттіктің негізгі міндеті- жинақтаушы зейнетақы жүйелерінің тұрақты әрекет етуін құқықтық, ұйымдық және институциональды қамтамасыз ету және тұрғындардың зейнетақы жинақтарын қорғау үшін жағдайлар жасау болып табылады [60].

ҚР Үкіметі мен Агенттіктің келесідей міндеттері анықталған: жинақтаушы зейнетақы жүйесі саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

- тұрғындардың зейнетақы жинақтарын қорғау мақсатында ЖЗҚ-ның қызметтерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;

- жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының қызығушылығын қорғау.

Агенттік «ҚР зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңының нормалары мен нормативтік, құқықтық актілер негізінде әрекет етеді және жинақтаушы зейнетақы қорларына лицензиялар береді. Жинақтаушы зейнетақы қорларының құжаттарына сүйене отырып, лицензия беру барысында келесі мәселелер назарға алынады:

- құрылтайшылардың қаржылық жағдайына сәйкес келетін минималды көлем аралығында жарғы капиталының құрылуы;

- жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшылары болып табылатын жеке тұлғалар табыстарының заңдылығын растау;

- жинақтаушы зейнетақы қорларының ұйымдық құрылымының қалыптасуы;

- жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтерін ұйымдастыруға қатысты басқа да талаптар.

Жинақтау кезіндегі жинақтаушы зейнетақы қорларының қауіпсіздігі мен сенімділігі келесілер арқылы қамтамасыз етіледі:

- зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардан зейнетақы қорларының активтерін толық бөліп алу. Мұндай жеке және заңды түрде бөлу қордың активтерін талапқа сәйкес банк-кастодиандарда ұстап отыру;

- қордың инвестициялық портфелін міндетті бөлу және инвестициялауды шектеу. Мұндай шектеу зейнетақы қорларының құралдарын халықаралық нормалар бойынша тәуекелді активтерге салуды рұқсат етпеумен түсіндіріледі;

- қатысушыға бір жинақтаушы зейнетақы қорларынан басқа қорға өтуіне мүмкіндік беру;

- мемлекеттік ұйымдар тарапынан қатысушылардың іс-әрекеттерін және жүйені үздіксіз бақылау;

- жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының жағдайы туралы жыл сайын мәлімет беріп отыру.

Мемлекетпен зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ететін шаралар жасалған. Олар келесілерді қамтиды: жинақтаушы зейнетақы қорлары және ЗАИБЖҰ қызметтерін лицензиялау, сыйақылар мөлшеріне, жарғы капиталының құрамына және көлеміне, мамандар мен басшыларға, құрылтайшыларға қойылатын талаптарды бекіту. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің бұл кезеңінде аталған шаралар жеткіліксіз. Ол үшін азаматтардың зейнетақы жинақтарының сақталуын

қамтамасыз ету жөніндегі реттеуші ұйымдардың жұмыстарын жетілдіру қажет [61].

Әлемнің барлық елдерінде зейнетақылық сақтандыру экономиканың стратегиялық секторы болып табылады. Зейнетақы жинақтарының қомақты көлемдері зейнетақылық сақтандыруды қуатты қаржы институттарына айналдыра алады. Олар белсенді әрекет ету барысында қолдарына қомақты қаржы билігін шоғырландыра алады. Сондықтан, олардың қызметтерін тиімді жүргізуге, банкроттық тәуелділікті минимумдауға азаматтарға жинақ салымдарын жасауға және оларды тиімді шоғырландыруға мүмкіндік беретін жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтерін реттейтін жүйе жасау қажет болып табылады.

Реттеудің әдістерінің бірі зейнетақы қорларының нормаларымен лимиттерін сақтауға нормативтермен басқада міндеттемелерді бекіту болып табылады.

Әлемдік практикада нормативтер тікелей немесе жанама түрде жеке капиталға негізделген, олардың орындалмауы қордың қаржы тұрақтылығына қатысты мәселелер деңгейін көрсетеді.

Бастапқыда міндетті норматив жарғы капиталдың минималды мөлшері АЖЗҚ үшін 90 млн тенге, корпоративті жинақтаушы зейнетақы қорлары 20 млн тенгені құраған. Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің әрекет ете бастағаннан кейінгі 1 жылдан соң жарғы капиталының міндетті мөлшері көбейді және сәйкесінше 180 және 50 млн тенгені құрады [47].

Қазіргі кезде жарғы капиталының минималды мөлшері сәйкесінше 250 және 100 млн тенгені құрайды [47].

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі зейнетақы активтерінің көбеюімен қатар, жинақтаушы зейнетақы қорларының жарғы капиталының минималды мөлшері үнемі өсіп отырады, мұндай деректер реттеуші ұйымдардың экономикалық есептерімен негізделіп отыруы тиіс.

Біздің көзқарасымыз бойынша, зейнетақы жинақтарының өсуіне байланысты меншік капиталының көбеюін қамтамасыз ететін нормативтерді пайдалану қажет. Мысалыға, меншік құралдары мен міндетті сомалардың бір немесе бірнеше нормативтік көрсеткіштердің қатынастарын бекіте отырып, жинақтаушы зейнетақы қорлары меншік құралдарының өсуімен өздерінің дамуын бағалауды сақ болуға және жұмысты тиімді жүгізуге пайданың есебінен меншік құралдарын көбейтуге мәжбүрлейді.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының жарғылық капиталының минималды мөлшері зейнетақы нарығында бәсекеге қабілетсіз зейнетақы

қорларының қатысуын шектеу барысында қолдана алады (оны лицензиялау барысында ескеріледі).

Бұрыннан әрекет етуші жинақтаушы зейнетақы қорлары міндетті нормативке сүйене отырып, өздерінің меншік капиталын үнемі көтеріп отыру қажет, ал ол белгілі бір деңгейде салымшалар алдындағы олардың міндеттемелерінің орындалуының кепілі болып табылады.

Біз жинақтаушы зейнетақы қорларының жеке капиталының мөлшері қордың зейнетақы жинағының 5 % тең болып келетін норматив мөлшерін қолдану қажет деп есептейміз. Егер есепті кезеңнің қорытындысы бойынша меншік капиталының нақты мөлшері оның нормативтік мөлшерінен төмен болса, онда зейнетақы қоры бір айдың ішінде тиісті ұйымдарға өзінің қаржы жағдайын жақсарту жоспарын көрсету керек. Бұл жоспар жарғы капиталының мөлшерін көтеру пайданы қолдануға байланысты шектеулер, кредиторлық және дебиторлық қарыздарды қысқарту, активтердің құрылымын өзгерту сияқты шараларды қамтиды. 2009 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанда зейнетақы жүйесі инвестициялық активтерді бағалаудың нарықтық түріне көшті.

Инвестициялық портфельдің табыстылығын анықтау үшін әлемдік практикада қор нарығындағы бағалы қағаздар котировкасына негізделген инвестициялық активтерді нарықтық бағалау қолданылады. Котировкалар белгілі-бір бағалы қағаздар бойынша бағалардың түсуі немесе көтерілуіне байланысты тәуекелдерді көрсетеді. Нарықтық бағаның өзгеруі тәуекелге нақты қаржы құралының нарықтық тартымдылығына, эмитенттің қаржы жағдайындағы кез-келген өзгерісінен туындауы мүмкін.

Бұл коэффициенттерді есептеу әдістемесі зейнетақы активтеріне нарықтық бағалауды енгізгеннен кейін ешқандай өзгеріске ұшыраған жоқ. Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды табысының коэффициенті нақты жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы активтерінің табыстылығының пайыздық есептелуін көрсетеді. Табыстылықтың нақты коэффициенті дегеніміз-бұл инфляцияны ескергендегі табыстылықты бағалау. Аталған коэффициенттерге әсер ететін негізгі фактор инвестициялық табыс болып табылады. Ол зейнетақы активтері бойынша неғұрлым көп болса, коэффициенттің мәніде соғұрлым үлкен болады.

Сонымен, бағалы қағаздардың нарықтың құнындағы өзгеріс табыстың мөлшеріне әсер етпейді. Табыстың нақты жән номиналды коэффициенттері табыс алуда нақты бағалы қағаздардың потенциалын ескермейді. Тек зейнетақы активтерін нарықтық бағалауға енгізгеннен

кейін ғана сатып алу және нарықтың құн арасындағы әр күнгі айырма ескеріле бастады.

2009 жылдың 1 маусымынан бастап республикада ЗАИБЖАҰ мен жинақтаушы зейнетақы қорларының есеп берудің халықаралық стандарттарына көшті. Шетелдік эмитенттердің акциялары, шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары және шетелдік эмитенттердің облигациялары, Қазақстанның мемлекеттік емес эмиссиондық бағалы қағаздарының эмитенттері және Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздарын бағалау және қайта бағалауға қатысты мерзімдер және тәртіптер бекітіледі. Мұндай процедура нарықтық бағаны есепке ала отырып, зейнетақы активтерінің портфелінің нақты құнын анықтау мақсатында жүргізілді.

Сонымен, KASE Қазақстан Республикасы Ұлттық банкімен келісілген бағалы қағаздарды бағалаудың ортақ методикасын қабылдады. Бұл методиканы Ұлттық банк банк-кастодиандарға, ЗАИБЖАҰ барлық жинақтаушы зейнетақы қорлары 1 маусымнан бастап қолдануды ұсынды. Егер 2009 жылы 1 маусымына дейін бағалы қағаздар портфелінің құны көбеюіне олардың сатып алу құнын көрсетсе, зейнетақы активтерін нарықтық бағалауды енгізгеннен кейін портфелдің құны нарықтық бағаны ескергендегі оның нақты құнын көрсетеді сәйкесінше, портфелдің ағымдық нарықтық құнының өзгеруінің нәтижесінде зейнетақы активтерінің табыстылық коэффициенті азаюы немесе көбеюі мүмкін.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары өздерінің әрекет етуі барысында қомақты мөлшердегі қаржылық делдалдықпен қызметтің әлеуметтік бағытын үйлестіреді, ал қаржы құралдарының сақталуы және зейнетақыны төлеуге байланысты міндеттемелердің орындалуы бірінші кезекте инвестициялаудың нәтижесіне байланысты екендігіне көңіл аудару қажет. Бұл институттардың әрекет етуі мемлекетпен бақыланады.

Түрлі елдерде жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық іс-әрекеттеріне мемлекеттің араласу деңгейі әр түрлі. Олардың ішінде "prudent man" (саналы адам) концепциясына негізделген және мемлекеттің араласуы минимумға жеткізілген (АҚШ және Ұлыбритания). Бұл мысалға, АҚШ-та ЖЗҚ-на қатысты тек өзін-өзі инвестициялау лимиті ғана реттелетіндігінен көрінеді.

Жапония, Германия және Батыс Еуропаның бірқатар елдерінде мемлекеттің араласу деңгейі айтарлықтай жоғары. Мысалы, Жапония мен Германияға өзін-өзі инвестициялаудың 10 %-дық лимитімен қатар, ЖЗҚ үшін келесі активтерге инвестициялау көлемінің жоғарғы шегі бекітіледі: өнеркәсіп фирмаларының акциялары, шетелдік инвестициялар, мүлікке салымдар.

Мемлекет ішіндегі инвестициялық қызметтердің белсенділігін арттыру мақсатында шет елдік инвестицияларға шектеулер енгізілуі мүмкін. Мұндай шектеулер әр түрлі сипатта болуы мүмкін. Оған ішкі инвестициялық нарық жағдайы әсер етеді.

Ұлттық қорлардың сомасы мемлекет ішіндегі тиімді инвестициялау мүмкіндігінен жоғары болған кезде жоғары елдерде шетелдік инвестицияларға лимиттер мүлде белгіленбейді (Мысалы, Ұлыбритания және АҚШ), немесе олардың максималды шегі айтарлықтай жоғары болады (Жапония). Ішкі инвестицияларға мұқтаж елдерге инвестициялық активтерге инвестициялауға шектеу айтарлықтай қатаң (Германия). Чехияда жинақтаушы зейнетақы қорларының шетелге инвестиция жасауға заң жүзінде рұқсат етілмейді [62, 63, 64].

Айтылғандарды қорыта келе, қазіргі кездегі Қазақстандық жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық активтерінің мүмкіндіктеріне талдау жүргізу айтарлықтай қызығушылық туғызуда. Реттеуші ұйымдар мен зейнетақы активтерін орналастырудың нормативтері бекітіледі. Бұл нормативтердің өзгеру динамикасы 15 кестеде көрсетілген.

ЗАИБЖАҰ мен жинақтаушы зейнетақы қорларының қарастырылған мәселелерімен қоса қаржы құралдарын объективті бағалау қажет деп есептейміз. Әр активтерді жеке қарастырған кезде әр түрлі мәселелер туындап отырады. Мемлекеттік бағалы қағаздар дәстүрлі түрде өзінің сенімділігінің жоғарылығы арқасында зейнетақы салымдары үшін өте ыңғайлы деп есептеледі. Қаржы құралдарының бұл тобының қауіпсіздігі мемлекетпен кепілдендірілген. Осыған байланысты жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық объектілерінің ішінде жергілікті және республика деңгейінде бюджет тапшылықтарын жабу үшін уақытша бос қаржы ресурстарын шоғырландыруға мүмкіндік беретін борышқорлық мемлекеттік бағалы қағаздар маңызды орын алады.

Алайда, мемлекет кез-келген ел үшін тиімсіз шаруашылық субъектісі болып табылады. Оған облигация орнына берілген қаржы құралдары жобаларды инвестициялауға емес, ағымдағы бюджет қажеттіліктерін жабуда қолданылуы мүмкін. Мемлекеттің борышқорлық міндеттемелері (әсіресе, ұзақ мерзімділері) жинақтаушы зейнетақы қорларының негізгі инвестициялау объектісі болып табылмауы тиіс. Бұл қаржы құралдары болашақтағы салық ауыртпашылығын өсіруі мүмкін. Өйткені, мемлекет борышқорлық бағалы қағаздар бойынша табыстылықты нақты өндіріс табысынан емес негізінен бюджеттік түсімдердің есебінен қамтамасыз етеді.

Осылайша, бүгінгі жинақтаушы зейнетақы қорларының жоғары инвестициялық табыстарына болашақта жоғары салық салынуы мүмкін. Мұндай жағдайда болашақта жоғары салық салынуы мүмкін. Мұндай жағдай бағаның едәуір өсуіне және зейнеткерлердің нақты табыстарының азаюына алып келуі де мүмкін.

Сондықтан, зейнетақы жүйесі зейнеткерлерге қызмет ете отырып, мемлекеттік қарыздарды көбеймеуіне ықпал етуі тиіс.

Зейнетақы активтерін салудың келесі көзі мемлекеттік емес бағалы қағаздар 2010 жылдың 1 қаңтарында 30% жуық зейнетақы активтері Қазақстандық ұйымдардың мемлекеттік бағалы қағаздар салынған, сонымен қатар 7%-ға жуығы банк депозиттеріне салынған.

*Кесте 16*

**Зейнетақы активтерін инвестициялау үшін қаржы  
құралдарын ұлғайту динамикасы**

2006ж	МБҚ (евробонды қоса есептегенде) 50% кем емес; корпоративті БҚ-30% көп емес; депозиттер 40% көп емес; ХҚҰ БҚ-10% көп емес.
2007ж	ҚР муниципалды БҚ-5% кем емес; резидент емес тұлғалардың БҚ-5% көп емес; депозиттердің үлесі 20% дейін төмендеген; депозиттер ҚРҰБ рұқсат етілген.
2008ж	Депозиттер үлесі 10% дейін төмендеген, МБҚ үлесі 40% дейін төмендеген, депозиттер үлесі 10% дейін көбейген, корпоративті БҚ үлесі 40% дейін көбейген.
2009ж	МБҚ лимитінің аумағында 5% кем емес ұзақ және орта мерзімді МБҚ бойынша лимит енгізілген, резидент емес тұлғалардың үлесі 15% дейін өскен; ипотекалық облигациялар-5% көп емес; корпоративті БҚ 45% дейін көбейген.
2010ж	Қазақстанның даму Банкінің облигациялары-10% көп емес; резидент емес тұлғалардың үлесі 20% дейін көбейген; МБҚ үлесі 35% азайған, корпоративті БҚ үлесі 50% дейін көбейген; ипотекалық облигациялар үлесі 10% дейін көбейген.
2011ж	Қазақстанның даму Банкінің облигациялары-10% көп емес; резидент емес тұлғалардың үлесі 30% дейін көбейген; 8 ХҚҰ анықталған БҚ-10% көп емес; ҚР МБҚ үлесі 40% дейін өскен; корпоративті БҚ үлесі 50% көп емес; ипотекалық облигациялар үлесі 10% көп емес.
2012ж	Қазақстанның даму Банкінің облигациялары-15% көп емес; резидент емес тұлғалардың үлесі 40% дейін көбейген; 9 ХҚҰ анықталған БҚ-10% көп емес; ҚР МБҚ үлесі 25% дейін кеміген; корпоративті БҚ үлесі 50% көп емес; ипотекалық облигациялар үлесі 15% дейін көбейген; ҚР ҰБ салымдардың үлесі 10% көп емес; аффинирленген алтын 5% көп емес.
Ескерту- кесте ЖЗҚ статистикалық токсандық есебі негізінде автор жасаған [65].	

Алайда, жинақтаушы зейнетақы қорлары экономиканың нақты секторына инвестиция жасай алады деп айта алмаймыз. Өйткені,



корпоративтік бағалы қағаздардың көп бөлігі 2-ші деңгейлі банктердің борышқорлық міндеттемелердің үлесіне және азғантай бөлігі нақты сектор кәсіпорындары облигациялардың үлесіне тиеді.

Акция нарығының жеткіліксіз дамуы тек инвестициялық саясаттың ғана емес сонымен қатар, бүкіл экономиканың динамикалық дамуына айтарлықтай кедергі жасауда. Өкінішке орай, акцияға жасалған салымдардың жалпы сомасы әзірше өте төмен. Акцияға жасалатын инвестициялық портфельдің рұқсат етілген максималды үлесі 40 %-дан аспауы тиіс- бұл өте жұмсақ шектеу болып табылады. Сонымен қатар, эмитенттерді таңдау өте шектеулі: бұл акционерлердің бекітілген саны, таза активтердің жеткілікті мөлшері бар акционерлік қоғамдар ғана болуы мүмкін.

Шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарына жасалатын капитал салымдары шамамен 3-4 % құрайды.

Көптеген Қазақстандық ЗАИБЖАҰ және жинақтаушы зейнетақы қорларының нақты мерзімде айтарлықтай жұмыс істеу тәжірибесі жоқ. Шетелге қаржы құралдарын инвестициялау елдің өз зейнеткерлерін қамтамасыз етуге арналған материалдық базасын құру мүмкіндігін шектейді.

Мұнда ипотекалы бағалы қағаздар туралы ерекше атап өтуге болады, өйткені олар зейнетақылық қаржыларды салуда сенімді құрал болып табылады. Қазақстандық ипотекалық компаниялар алғаш рет шығара бастаған ипотекалық облигациялар нарығы дамуының жаңа кезеңі тек қана бізде емес сонымен қатар, бүкіл ТМД мемлекеттерінде 2009 жылдың жазында басталды.

2009 жылы Қазақстан Республикасы "Бағалы қағаздар нарығы туралы" жаңа Заңының қабылдануымен "агенттік облигациялар" деген жаңа түсінік пайда болды. Осы заңға сәйкес және салық кодексіне енгізілген өзгерістерге байланысты Қазақстандық ипотекалар, компаниялар агенттік ипотекалық облигациялар шығара бастады, ол 2009 жылы пайыздық ставканы 50 %-ға төмендетуге мүмкіндік берді.

Қазақстанда зейнетақы қорларының облигацияларды сатып алуға қатысты Чили тәжірибесін қолданған орынды деп есептейміз. Бұл елдің зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфеліндегі облигациялар шамамен 58 % құрайды [37,32 б].

Сонымен қатар, зейнетақы қорларының тұрғын үй құрылыстарын қаржыландыруда жанама қатысуы келесі қаржы құралдарының көмегімен жүзеге асады:

1. Жылжымайтын мүліктермен операция жүргізуші ашық компаниялардың акциялары;

2. Қорлардың жылжымайтын мүліктерге салған акциялары.

Мұнда инвесторлардың бағалы қағаздар портфелінің құрылымына байланысты екендігін атап өтеміз. Олар мүлікке байланысты бизнес шеңберінде өз ресурстарын тұрғын үй құрылысы жобаларын қаржыландыруға пайдаланады. Тұрғын үй құрылысын несиелеу мемлекеткеде, банктерге де тиімсіз болып табылады.

Қазіргі кезде мұндай облигациялар шығару біздің елде ұзақ мерзімді мемлекеттік облигациялардың болуын автоматты түрде қамтамасыз ете алар еді.

Мемлекетпен бекітілетін инвестициялық шектеулерге және экономикалық, саяси, тарихи, объективті, субъективті себептерге байланысты зейнетақы қорларының инвестициялық портфелінің құрылымы әр елде әр түрлі болып келеді. Осыған байланысты бірнеше мысал келтіруге болады.

Бельгияда жинақтаушы зейнетақы қорларының активтердің кем дегенде 15 %-ын мемлекеттің қазыналық міндеттемелеріне инвестициялау заңды түрде бекітілген, басқа қаржы құралдарына инвестиция жасау шектелген, іс жүзінде мемлекеттік бағалы қағаздар жасалатын инвестицияның мөлшері шамамен 45 %-ын құрайды.

Ұлыбританияда мемлекеттік емес зейнетақы қорларымен инвестиция портфелінің құру кезінде ауыспалы пайыздық ставканы қаржы құралдарына инвестиция жасау соңғы жылдары көптеп қолдануда: акциялар мүлікпен кепілдендірілетін және индексацияланатын мемлекеттік бағалы қағаздар және т.б.

АҚШ-тың жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялары жалпы салым құрылымындағы акцияны 33 %-дық үлкен үлесінің болуымен ерекшеленеді, жалпы соманың 4/1 бөлігі облигацияға тиесілі. Мұнда мүлікке салынатын инвестицияның үлес салмағының жоғарылығын атап өтуге болады-20 % [66, 30 б].

Шетел практикасын маңызды құраушыларына табыстылықтың бекітілген минималды мөлшеріне деген талаптарды жатқызуға болады.

2012 жылдың 1 қаңтарына нарықта 14 жинақтаушы зейнетақы қорларының және 7 маманданған ЗАИБЖАҰ әркет етеді. Зейнетақы активтерінің көлемі 7 млрд АҚШ долларын құрайды, салымшылардың саны 8 млн адам.

2009 жылға дейінгі жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық табыстарының төмендеуінің басты себебі, сол мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша табыстың төмендеуі. Аталған бағалы қағаздарға алғашқы жылдары зейнетақы активтерінің өте үлкен үлесі бөлініп отырды. Алайда, бастапқыда ол курстық айырманың

есебінен компенсацияланып отырды. Өйткені, қордың инвестициялық портфелінің құрылымындағы активтер айтарлықтай қомақты соманы құрады, ал тенгеге қатысты доллар нығая бастады. 2009 жылы доллармен есептелген активтер теріс курстық айырмаға байланысты шығынға ұшырай бастады.

Бағалы қағаздар нарығын қолдау үшін Ұлттық Банктің ноталарын жабу айналымы, орналастыру және шығаруға байланысты ережелерге қосымшалар мен өзгерістер енгізілді. Осыған сәйкес, 2009 жылдың маусымынан бастап ноталардың айналым уақыты 91 күннен асатын болды. Бұл өзгерістер 2009 жыл бойына сақталған қаржы нарығындағы артық өтімділікті тазалау қажеттілігінен туындады.

Шығындарды төмендету мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорлары және ЗАИБЖАҰ өз активтерінің валюталық қорының құрылымын диверсификациялай бастады. 2009 жылы шетелдік валютасындағы активтердің үлесі 57,1 ден 32,4 %-ға төмендеді [67], активтердің құрылымын диверсификациялау жұмыстарын біршама бұрын бастаған болар еді.

Іс жүзінде көптеген жинақтаушы зейнетақы қорларының активтерінің нақты табыстылығының төмендеуінің себебі белгілі, тек қана мемлекет тарапынан жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі мәселелерді шешуге байланысты қабылданатын шаралар ғана белгісіз. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қабылданған әдістемесіне активтердің табыстылығы өспелі түрде есептелуде, сондықтан 10 зейнетақы қорларындағы табыстылықтың төмендеуіне қарамастан әрекет етуінің 8 жыл ішінде нақты табыстылық 5,6% құрады "ҚР зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Заңына енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес мемлекет меншік түріне байланыссыз және инфляцияны ескергендегі барлық жинақтаушы зейнетақы қорларындағы азаматтардың зейнетақы жарналарының сақталуын кепілдендіру жөніндегі міндетті өз жауапкершілігіне алды.

Сәйкесінше, ол жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржы құралдарын экономиканың нақты секторына бағыттауға мүмкіндік беретін шаралар қабылдауға міндетті. Сонымен қатар, инфляция деңгейін индексацияланған ұзақ мерзімді және орта мерзімді арнайы бағалы қағаздарды шығару қажет.

Алайда, осы уақытқа дейін мемлекет пен кейбір қорлардың қажетті табыстың алынбаған мөлшерін толықтыру жөніндегі мәселелер қарастырылған жоқ.

Н.К. Нұрланованың пікірінше зейнетақы қорларының нақты табыстылығының төмендеуінің басты себептері ол, [68, 146]:

- бюджет түсімдерінің толықтығына байланысты ҚР Қаржы министрлігімен бағалы қағаздарды шығармауы;
- Ұлттық банктің ноталарды шығаруы шығару көлемінің мәжбүрлі түрде өсуі;
- Ұлттық банк қаржы нарығындағы бағалы қағаздар нарығын қолдап отыруға мәжбүр болды;
- тенгенің долларға қатысты нығаюы.

Капитал нарығында зейнетақы активтерінің табыстылығына әсер ететін жағдайларға тереңірек тоқталу қажет, өйткені зейнетақы қорларының портфелінің құрылымы инвестициялық капиталдың табыстылығын айқын сипаттай алады.

Прессада инфляция деңгейімен салыстырғанда зейнетақы активтерінің табыстылығының жеткіліксіздігі мәселесі әрдайым пікір талас тудырып отырады. Зейнетақы жүйесін жаңғырту барысында қызығушылық тудыратын қарама-қайшылы тенденция пайда болды-экономиканың жағдайы жақсарған сайын зейнетақы активтерінің табыстылығы төмендеуде. Өйткені, макроэкономиканың тұрақты жағдайында үкіметке қосымша бағалы қағаздар шығарудың қажеттілігі жоқ немесе табыстылығы төмен бағалы қағаздар шығарылады да, бұл экономикадағы қалыпты жағдай болып есептелінеді. Егер зейнетақы активтерінің негізгі бөлігі мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестициялануын ескеретін болсақ, онда жиынтық табыстың төмендеуі табиғи құбылыс екендігін байқаймыз. Бұл жағдай инвестиция бойынша табыстылықтың инфляция деңгейімен салыстырғанда төмендеу қауіпін тудырады.

Дамыған елдерде инвестициялық табыстылыққа кепілдік беретін түрлі толқулар пайдаланылады. Оларға инвестициялық портфелдің құрылымын оптимизациялайтын активтер диверсификациясын, инвестициялық процестің қатысушыларының кәсібі жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру басқарушы компаниялардың қызметтерін заңдастыру, инвестициялық процестің барлық деңгейінде толық шынайылықты сақтандыру, олардың құқықтарын қорғайтын ақпараттық технологияларды жатқызғуға болады.

Осыған байланысты сәйкес, басқару ұйымдарын құра отырып және заңмен қарастырылған барлық бағыттар бойынша нормативтік құжаттар пакетін қабылдау және мемлекет деңгейінде зейнетақы құралдарын инвестициялау механизімін өңдеу аса маңызды болып табылады.

Қазіргі уақытта зейнетақы қорларының инвестициялық табысы бойынша нормативтік лимиттер әрекет етпейді. Сонымен қатар,

зейнетақы қорлары шоттарға аударылатын табыстылықтың минималды пайызын мемлекетпен бекіту орынды болар еді. Бекітілген нормативтен төмен табыстылықтың орны басқарушы ұйымдардың есебінен немесе егер ол келісім-шартпен қарастыратын болса қордың меншік құралдарының есебінен толықтырылады.

Мемлекет Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылатын міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік береді. Мұнда мемлекет тек қана алушыларға (салушыларға емес) жинақтаушы зейнетақы қорлары банкротқа ұшыраған жағдайда міндетті зейнетақы жарналарының номинальдық құнын қайтаруға беретін кепілдігін жаңалық деп қарастыруға болады. Заңдағы өзгерістерге сәйкес зейнетақы төлемдерінің алушысы дегеніміз – бұл зейнетақы орталығына зейнетақы төлемі тағайындалған жеке тұлға (№369-11 Заңның 1-бабы, 2-тармағының 26-тармақшасы).

Осы жерде заң бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларымен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы жоқ, қалған салымшылардың мәселесі туындайды. Мемлекет оларға да зейнетақы салымдарының қайтарылуына кепілдік беруі тиіс. Бірақ «қайтару» түсінігі тек қана шартты болуы мүмкін, өйткені салымшы жинақтаушы зейнетақы қорларының банкротқа ұшыраған жағдайында өзінің зейнетақы салымдарын ала алмайды. Мұндай жағдайда мемлекет зейнетақы салымдарының сомасын компенсациясымен қоса салымшының қалауы бойынша басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуы тиіс. Зейнетақымен қамтамасыз ету заңдарында "инфляция деңгейі" түсінігінің мәні толық ашылмаған. Қандайда бір заң актілерін шығара отырып, банкротқа ұшыраған жинақтаушы зейнетақы қорларымен зейнетақы төлемдерін алушыларға инфляциялық шығындарды төмендету механизмімін жасау мүмкін болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, келесідей қорытынды жасауға болады: біздің елде зейнетақы салымдарының сақталуына берілетін кепілдіктер жеткіліксіз, сондықтан жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық ресурстарының сенімді құрылуын қамтамасыз ету үшін кепілдіктің көп деңгейлі жүйесін құру қажет деп есептейміз.

Кепілдіктің бірінші қадамы – бұл жинақтаушы зейнетақы қорларының міндетті резервтік (сақтық) қоры. Оның мөлшері сәйкес нормативтік актілермен бекітіледі. Ол атаулы зейнетақы шоттарының иелері үшін ұйымның кінәсіне байланысты қаржы шығындарының орнын толтыру көзі болып табылады.

Кепілдіктің екінші қадамы – жинақтаушы зейнетақы қорларының қатысушылары қызметтерінің толық «шынайылығы». Тұрғындардың жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтері туралы және мемлекеттік ұйымдардың қызметтері туралы толық ақпараттануы көптеген қауіптен сақтайды.

Кепілдіктің үшінші қадамы – кепілдендірілген қайта сақтандыру қоры. Ол қатаң мемлекеттік бақылауға алынған мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың нормативтік актілердің негізінде құрылады. Бұл қорға қатысу міндетті зейнетақылық сақтандыруды жүзеге асырушы барлық зейнетақы қорлары үшін міндетті болуы тиіс. Жинақтаушы зейнетақы қорларының аударымдарының есебінен оның қызметтерін сақтандыру қоры құрылады, бұл белгілі бір қордың тапшылығын жабу үшін қолданылуы мүмкін. Егер тапшылықты жабу үшін құралдың осы түрін пайдалану қажет болса, онда сыртқы басқару іске қосылады.

Азаматтардың зейнетақы қорларының төлемге қатысты міндеттемелерін орындамаудан қорғау міндетті зейнетақы жүйесі негізінде міндетті және маңызды болып табылады. Біздің көзқарасымыз бойынша, Қазақстанда да кепілдіктің осындай түрі қажет. Дамыған елдердің тәжірибесі кепілдіктің мұндай жүйесі зейнетақы салымдарының сенімділігін көрсетеді дейді.

Ұлыбританияда 1945 жылы зейнетақы салымдарының сақталу мәселесін шешу үшін зейнетақы заңдарына бірқатар өзгерістер енгізу арқылы әрекет етуге тырысты. Онда зейнетақы қорларының жинақталған активтерінің көлемін төменгі шегін енгізу ұсынылды. Корпоративті зейнетақы жүйесі үшін, активтерді әр жыл сайын міндетті түрде қайта бағалау енгізілді.

1996 жылы бұл елде "Зейнетақы схемаларын тіркеу" деп аталатын арнайы сақтандыру бағдарламасы жасалды (Registrar of Pension Schemes-RPS). Бұл бағдарламаның мақсаты – зейнетақы қорының активтері 90%-ға дейін төмендейтін болса, схеманың қатысушыларының зейнетақыларын қаржыландыру болып табылады.

Англия Үкіметі кәсіби жоспарларға қатыспайтын жұмыскерлер үшін белгілі бір стимулдар жасайды. Мемлекет жеке зейнетақы қоры банкротқа ұшыраған жағдайда зейнетақының минималды мөлшеріне кепілдік береді.

Міндеттемелерін орындамаған жағдайда және бухгалтерлік есебі болмаған жағдайда аймақтық ұйымның мемлекеттік емес зейнетақы қорының жойылуы жөнінде жария етуге құқығы бар [69, 63 б].

АҚШ-та «Зейнетақылық сақтандыру корпорациясы» (Pension Benefit Guarantee Corporation) ол құрылтайшы корпорацияның банкротқа ұшырауы немесе зейнетақы қоры активтерінің едәуір азаюы кезінде жұмыскерлерге белгілі бір мөлшерде зейнетақы төлеумен айналысады. Штаттарда жеке зейнетақы қорлары арнайы мемлекеттік ұйымдардан сақтандыруды сатып алуы тиіс. Егер зейнетақы қоры банкротқа ұшыраса, зейнетақы төлемдері осы мемлекеттік ұйымдармен сақтандырылады.

Германияда «Зейнетақыларды сақтандыру қоғамы» ұйымы ашылған. Оның мүддесі жұмыс берушілермен құрылған зейнетақы қоры банкротқа ұшыраған жағдайда зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру [70, 16 б].

Германия мен АҚШ-тағы аталған кепілдендіру бағдарламаларының жетістігі бұл елдердегі өндірістік қатынастар және экономикалық ерекшеліктермен түсіндіріледі.

Чилиде егер зейнетақы қоры банкротқа ұшыраса онда олар мүліктерімен есептеседі, мұнда мемлекет зейнеткерлерге 100%-дық минималды зейнетақыға және 75%-дық үстеме сомаға кепілдік береді [71, 38 б].

Швецияда екі түрлі зейнетақылы сақтандыру бағдарламасы әрекет етеді. Жұмысшылар мен қызметкерлерге арналған "Еңбек нарығындағы сақтандыру бойынша пайлық корпорациялар" мұндағы аударымдардың мөлшері көп емес, сондықтан олар зейнетақылық міндеттемелер бойынша қарыздарды төлеуге қарағанда көбірек қаржы тәуекелдерінен қорғану қорының ролін атқарады [71, 17 б].

Сонымен, тәуекелдерден сақтану мәселесін шешу үшін, бірқатар мемлекеттерде өздеріне тән зейнетақы қорларының қауіпсіздігі жүйесі жасалған, атап айтатын болсақ зейнетақы жүйесіне салымшылардың мүдделерін қорғайтын құрылым енгізу. Бұл құрылымдар тұрғындар салымдарын сақтандыру жүйесі болып табылады.

Қазақстан үшін көп деңгейлі кепілдендіру жүйесін құруды енгізу ЖЗҚ-ның зейнетақымен қамтамасыз етуге жеткілікті ресурстарын құру қажеттігінен туындайды.

Жалпы алғанда жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтерін тиімді мемлекеттік бақылау келесілерге байланысты- оларды инвестициялық ресурстардың өсуіне ықпал етеді:

- экономикалық өсуге кедергі жасайтын жасырын шығындардың әсерін минимумға жеткізу, яғни жұмыс күшінің жұмыс бастылығын қысқарту, қор жинауды шектеу, бюджетке шамадан тыс салмақ түсіру, ірі әкімшілік шығындар, жарналарды төлеуден жалтару;

- болжанатын экономикалық өзгерістермен демографиялық өзгерістерді ескергендегі ұзақ мерзімді жоспарлау негізінде ЖЗЖ-нің тұрақтылығы;

- жеткілікті ақпарат негізінде азаматтармен өкілетті ұйымдарға қажетті шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін шынайылықпен ашықтық;

- ЖЗҚ-мен кәсіпорын басшыларының алаяқтық жасау мүмкіндігін төмендету зейнетақы қорларының жұмыстарын қадағалауға мүмкіндік беретін реттеуші ұйымдармен бақылаудың тиімді әдістерін қолдану;

- аймақтық және жергілікті ерекшеліктерді есепке алу.

Сонымен қатар, ЖЗҚ-ның инвестициялық қызметтерінің ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекет тарапынан қаржы құралдарын ел экономикасының маңызды инвестициялық бағдарламаларына орналастыруды қамтамасыз ету орынды болар еді. Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің қызметтерін реттеу үшін, нормативтік құжаттарға талдау жүргізу онда зейнетақы қорларының инвестициялық қызметтерінің белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін ережелердің жоқ екендігін көрсетеді.

Мұндай шаралар жүйесі ретінде ЖЗҚ-ның инвестициялық қызметтерінің нәтижелеріне жеңілдетілген салық салу, инвестициялық тәуекелдерді мемлекеттік сақтандыруды қарастыруға болады.

Кейбір мамандардың пікірінше, зейнетақы нарығында тоқырау басталып қойған, енді бірнеше айдан кейін толық дефолт және нарықтың күйреуі болады.

Шынында да мәселе өте көп. Олардың кейбірі локальды деңгейде, өзін-өзі реттеуші ұйымдардың немесе нарық қатысушыларының өздерінің күштерімен шешілуде, ал кейбіреулері, оның ішінде жоғарыда аталған екі мәселе мемлекеттің араласуын және көмегін талап етеді. Бұл неғұрлым жылдамырақ орындалса, ол соғұрлым нарық үшін де және бұдан 8 жыл бұрын зейнетақы жүйесінде жаңғыртуды бастаған мемлекет үшін де жақсы болар еді.

#### ***3.4. Зейнетақы жүйесінің инвестициялық стратегиясын ұйымдастыруды жаңғырту***

Халықаралық тәжірибелерде талдау зейнетақы активтерін инвестициялық басқару нарығында бәсекеге қабілеттілікті көтеруді ұйымдастыруға байланысты бірқатар шаралар ұсынуға мүмкіндік береді:



зейнетақы активтерін басқара алатын субъектілер қатарын көбейту. Бұл тұрғындардың зейнетақы активтерімен жұмыс жүргізетін барлық қаржы-несиелік институттардың бәсекелестік сайысын үнемі қолдап отыруға мүмкіндік береді;

тағы бір шетелдік тәжірибенің бірі зейнетақы нарығы субъектілерінің тарапынан жерді инвестициялау объектілерінің қартарына қосу болып табылады. Біздің жаңа жер кодексі бұл мәселені шешуге мүмкіндік беретінін атап өтуімізге болады;

Қазақстандағы зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға талдау негізіне сүйене отырып, зейнетақы төлемдерінің едәуір көлемін жақын жылдардың ішінде бақылау әзірше мүмкін емес екендігін болжай аламыз. Бұл жағдайда инвестицияны акцияға немесе жер меншіктеріне жасау мүмкіндіктері ашылады, нәтижесінде ұзақ мерзім уақыт аралығында едәуір табыс алу мүмкіндігі туындайды.

Зерттеудің тағы бір аспектісі зейнетақы активтерін инвестициялық басқару процесінің мүмкін резервтерін табу болып табылады. Біздің есебіміз бойынша, Қазақстандық бағалы қағаздар нарығының бағаланбаған потенциалы 2,3 млрд долл құрайды. Сәйкесінше, ҚР жинақтаушы зейнетақы қорларының инструменталдық базасын дамытуға іс-шаралар кешені қажет (мемлекетің қатысуымен). Осыған байланысты, үкіметке ішкі заем көлемін көбейте отырып, сыртқы қарыздар көлемін азайту қажет.

Зейнетақы жүйесіндегі капиталдан түсетін нақты ұтымды қамтамасыз ету үшін, шет елдік активтерге инвестициялау бойынша ЗАИБЖҰ үшін шектеулерді азайту арқылы әрі қарай капиталдар қозғалысы тәртiптерiн ырықтандыру қажет.

Тартымды қаржы институттары санын көбейтуге байланысты мәселелерді шешу үшін жаңа қаржы құралдарының пайда болуы мен қалыптасуы үшін жағдайлар жасау қажет. Ол зейнетақы нарығының субъектілеріне салымдарды диверсификациялау арқылы несиелік тәуекелділікті қайта бөлуге мүмкіндік тудырады, ал эмитент кәсіпорындар үшін банк несиесіне айтарлықтай арзан альтернатива ұсынуына алатын жаңа қарыз беруші болып табылады.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығының инвестициялық тартымдылығын арттыру қажет, әсіресе депозиттік сертификаттар және коммерциялық қағаздар, ипотекалық және агенттік нарықтарды дамытып, Қазақстандық депозитарлық тіркемелердің пайда болуы мен қалыптасуын ынталандыру қажет.

Біздің пікірімізше, бірқатар авторлармен жасалған ұсынысты таңдау орынды деп есептейміз. Оған сәйкес жекелеген қарыз алушылар

және мемлекетке тиесілі кәсіпорындар, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің төлеу қорына жарна немесе заклад ретінде мемлекетке берілетін және мемлекетпен кепілдендірілетін облигациялар шығару немесе арнайы мемлекеттік бағалы қағаздар шығару арқылы қаржы құралдарын тарта алады.

Зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша ұсынылып отырған шаралар ішінен листингтік талаптарды үнемі жетілдіріп отыру, оның ішінде экономика секторлары бойынша эмитенттерді саралау бойынша, оларды бағалы қағаздар портфелінің әртараптандыру дәрежесін көбейту қажеттілігін атап өту қажет.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық қызметтерін жетілдіру механизмі бойынша тағы бір ұсыныста, ол тәуекелділіктерді басқару жүйесінің барлық компоненттері негізінде, зейнетақы нарығының субъектілері деңгейінде тәуекелділікті басқару жүйесін енгізу болып табылады. Біздің пікірімізше, зейнетақы нарығы субъектілерінің тәуекел-менеджменті басқаруды ұйымдастырудың барлық деңгейін, тәуекелділіктің барлық көздері мен түрлерін қамтуы қажет, зейнетақы нарығы субъектілерінің төменгі деңгейіндегі тәуекелділіктерді басқаруды жаңғыртуда неғұрлым толық тәртіптердің болуын қамтамасыз ету қажет.

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық қызметтерін жетілдіру механизмінің перспективалық бағыттарының бірі ақша құралдарының тиімді жинақталуын және олардың қор салымшыларының арасында бөлу және қайта бөлуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жоғары тиімді және әртараптандырылған БҚП немесе БҚПБМ-ін құру болып табылады.

БҚПБМ құрылғаннан бергі сегіз жыл ішінде БҚПБМ акцент жасаушы институционалды факторларды ескермеу реттеуші құралдардың тиімділігін бірден төмендететіндігін көрсетеді. Инвестициялық жоспарлау БҚПБМ жүйесінің блогы болып табылады, оның көмегімен экономикадағы несиелік қатынастардың экономикалық заңдарының әрекеттері жүзеге асырылады, әсіресе ақылық, жылдамдату және қайтымдылық заңдары. Инвестициялық жоспарлау құрылымына талдау жүргізу, оның БҚПБМ неғұрлым әлсіз тобы екендігін көрсетеді. Егер БҚПБМ басқа топтары әрекет етуші заңмен және қатаң мемлекеттік бақылаумен жете реттелетін болса, ал инвестициялық бақылауды толығымен зейнетақы нарығы субъектілерінің билігі атқарады.

Сәйкесінше, БҚПБМ жүзеге асуының осы кезеңіндегі жүйелік қатердің пайда болу қаупі бірнеше есеге өседі.

Біз, жинақтаушы зейнетақы қорларының БҚП басқаруды жаңғыртудың мақсатын келесі түрде тұжырымдауға болады деп жобалаймыз: жинктаушы зейнетақы қорының БҚП потенциалды жоғары табыстылықпен және қауіптілігі төмен құралдарды таңдау қажет және жиналған құраушы элементтер портфель бойынша жалпы қауіпті төмендететіндей зейнетақы қорының БҚП құру қажет. Сонымен, зейнетақы нарығының субъектілерінде келесідей мақсат пайда болады: қауіп-қатерді минимумдай отырып, табыстылықты максимумдау. Жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелін табысты басқару үшін негізгі екі мәселені дұрыс шеше білу қажет: инвестициялық шешім қабылдаушы зейнетақы нарығының субъектілері үшін екі ұштылықты төмендету және қажет құралдарды таңдай отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелін сауатты құру қажет.

Осылайша, жүргізілген зерттеулер жинақтаушы зейнетақы қорларының жоғары сенімділікке ие бағалы қағаздар портфелін құруға мүмкіндік береді, нәтижесінде ол әрбір жеке салымшылардың әлауқатына әсер етеді. Бағалы қағаздар портфелін басқару механизмін құру Қазақстан Республикасы зейнетақы жүйесін ұйымдастыруды жаңғырту мәселелерінің бірі болып табылады, өйткені ол мемлекеттің белсенді іс-шаралары және әрекеттерімен байланысты. БҚПБМ-нің стратегиялық мақсаты-қор салымшыларының арасында үлестіру және қайта үлестіруге қаржы құралдарын қолайлы жинақталуға мүмкіндік беретін диверсификациялық және тиімділігі жоғары бағалы қағаздар портфелін құру болып табылады. БҚПБМ құрылғаннан бергі сегіз жыл ішінде БҚПБМ акцент жасаушы институционалды факторларды ескермеу реттеуші құралдардың тиімділігін бірден төмендететіндігін көрсетеді.

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың бастапқы кезеңінде зейнетақы қорларының сенімділігіне деген талаптардың жоғарылауын ескере отырып, қозғалмайтын мүлік объектілерімен, кәсіпорындар мен банк векселдерімен операцияларды тарту орынды болып табылады, өйткені олар аталған тәртіптерді қанағаттандырмайды. Банк депозиттеріне салымдарды конкурс негізінде ұйымдастыруға болады, ең болмағанда екінші деңгейдегі қорлар үшін зейнетақы активтері болуы мүмкін банктердің тізбегі (зейнетақы қорының немесе басқарушы компанияның есеп шотында немесе депозитте) банк институттарының сенімділік талаптарына сәйкес Орталық Ұлттық Банк анықтауы қажет.

Зейнетақы активтерін инвестициялау негізінде қолданылуы мүмкін операция түрлеріне қосымша шектеулерді енгізу орынды деп есептейміз. Сонымен қатар айырбастау операцияларын, бағалы

қағаздарды қарызға беру, қысқаша сатылуларды жүзеге асыру (бүркеусіз келісім), тікелей несиелеу операцияларын жүргізуге тиым салу да артық болмас еді. Бірақ зейнетақы қорларының зейнетақыны уақытылы төленуін қамтамасыз ету үшін, "репо" операцияларын жүргізу үшін және туынды құралдардың фьючерлік келісімдер көмегімен бағалы қағаздарға сақтандыру салымдарын жасау үшін қысқа мерзімді несиелерді тарту мүмкіндіктеріне ие болуы қажет.

Ұсынылып отырған шектеулер жиынтығы зейнетақы қорлары үшін активтерді, олардың нарықтық құнына сәйкес үнемі қайта бағалап отыруды енгізуге мүмкіндік береді. Акциялар мен операциялар жүргізіп жүрген әрекет етуші сауда жүйелерінің ерекшеліктерін ескере отырып, олардың екінші деңгейдегі жинақтаушы қорлардың құралдарымен жұмыс істеуге дайын емес екендіктерін айтып өтуге болады. Сауда жүйелері тек қана офшорлық схемаларды тарту арқылы жүргізілетін операциялардың қомақты төлемін қамтамасыз ете алады, мұнда делдалдар арасында шарттасу мәмілелері де жүргізіледі. Биржа жүйелері салық қиындықтарына байланысты нарықтың ірі операторларының арасында әзірше танымал емес. Екінші деңгейдегі қорлардың қызметтерінің бастапқы кезеңінде олардың инвестицияларын мемлекеттік бағалы қағаздармен шектеу орынды болады. Зейнетақы жүйесін ұйымдастыруды жаңғырту басталмастан бұрын үлесіру жүйесіне жасалатын азаматтардың жарналарын компенсациялаудың сәйкес нұсқаларын таңдау кезінде, екінші деңгейдегі қорлардың активтеріндегі мемлекеттік бағалы қағаздар арнайы облигациялар түрінде ұсыныла алады, олар мемлекеттік зейнетақы міндеттемелерін айқын емес түрден айқын түріне ауыстыру үшін және олардың қорлануын көбейту мақсатында екінші деңгейге берілуі үшін шығарылады. Мұның барлығы міндетті зейнетақы қорлары болашақта өз қаржы құралдарын акцияға немесе басқада мемлекеттік емес бағалы қағаздарға салмауы қажет дегенді білдірмейді: тек осындай инвестициялар ғана табыстылықтың едәуір деңгейін потенциалды түрде қамтамасыз ете алады. Жекешелендіру процесінің жалғасуын ескере отырып, зейнетақы қорларын тарту критерилеріне сәйкес кейбір аукциондарға қатыстыруға болады. Белгілі бір компанияның акциясына салым жасау үшін, ондағы меншік құқығындағы шоғырлану деңгейіндегі шектеулердің болуы қажет.

Инвестициялық құралдарды таңдау туралы шешім мемлекеттік реттеуші ұйымдармен қабылдануы тиіс. Бағалы қағаздарды, әсіресе корпоративтілерді бағалау үшін мемлекеттік немесе жеке арнайы рейтинг агенттіктерін пайдаланған дұрыс. Бастапқы кезеңде тұрақты түрде қайта қарап отыратын инвестициялық салымдардың нақты нормаларын бекіту

қажет. Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасында сенімді инвестициялық құралдар жиынтығы өте шектеулі, ол шет елдік инвестициялар мүмкіндіктерін қарастыруға себепші болып отыр. Ең қолайлы нұсқа: зейнетақы қорларының сыртқы міндетті резервтерін жоғары сенімділікке ие шет елдік борышқорлық бағалы қағаздарға инвестициялау. Бұл оларды сақтау қаупін төмендетеді және қатысушылар үшін қосымша кепілдік ретінде бола алады. Кез-келген қорға өз активтерін шет елге инвестициялауға рұқсат беру, мұндай құралдарды басқару сапалы түрде ұйымдастырылғандығы мәселесімен бетпе-бет келеді. Әсіресе, зейнетақы қорларының меншік құралдарын инвестициялау кезіндегі мәселе назар аудартады. Мұндай салымдардың екі мақсатпен ғана жасалғаны дұрыс:

- меншік құралдарының инфляция нәтижесінде құнсызданудан сақтау үшін;

- әрекет ету барысындағы шығындарды жабу мақсатында зейнетақы қорын қосымша кіріспен қамтамасыз ету үшін.

Қордың әрекет етуінің бастапқы кезеңінде жинақтаушы зейнетақы қорларына оның құралдарының минималды бөлігін банкте депозитте сақтауға рұқсат берген орынды деп есептейміз, ал қалған ақша құралдары меншік құралдары ақша түріндегі минималды бекітілген бөліктен және қалдықтан тұрады. Меншік құралдарын инвестициялаудан түскен қордың табысы, оның ішкі шығындарының орнын толтыруға жұмсалуды қажет. Сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының резервтік қорға белгілі бір сомадағы аударымдар жасап отыру міндетін жүктеуге болады. Жаңа инвестициялық талаптар, осы талаптарға сәйкес қызмет етуші қорлардың да іс жүргізу процедурасын қамтуы қажет. Бұл бөлімнің ғылыми жаңалығына Қазақстандық БҚПБМ құрылу саласындағы ғылыми зерттеулер жоқтың қасы екендігінде. Бұл салаға байланысты негізгі Қазақстандық екі ғалым-практиктер К. Тулепбаевтың және А. Алибаевтың жұмыстарында жарияланған.

К. Тулепбаев нақты мәселенің өзекті екендігін алғаш рет 1998 жылы атап кеткен. Ол, мемлекеттік емес зейнетқымен қамтамасыз етудің қалыптасуы мен дамуын тежеуші фактор, ол жинақтаушы зейнетақы қорларының қалыптасуының бастапқы кезеңдерінде демографиялық, қаржылық және математикалық есептеулерге негізделген зейнетақы схемалары енгізілмеуінде екендігін атап көрсетеді [72, 73].

1998 жылы А.Алибаев әрекет етуші ақша құралдарының қозғалысының әрекет етуші тәртіптері облыстық, қалалық төлем орталықтарын жанай өтіп, тек қана Алматы арқылы жүргізілуі, инвестициялық кірістің жоғалуына мүмкіндік беретіндігін атап өтті [74]. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қатысушыларын зейнетақымен

қамтамасыз етудің қаржылық бағдарламаларының орындалуымен байланысты инвестициялық саясатты ұйымдастыру, жинақтаушы зейнетақы қорларын дамығуды жоспарлау функцияларын жетілдірудің басым бағыты болып табылады. Аталған басқару жұмыстарының ұйымдастыру бөліміндегі негізгі қағида ғылыми және практикалық дәйектемелері бар. Жаңа теориялық және әдістемелік тәсілдерді анықтау болып табылады. Инвестициялық саясатты жүргізу үшін "Жинақтаушы зейнетақы қорларының басқармасының аппарат құрамында инвестицияларды басқару" деп аталатын арнайы бөлімшелерді ашу ұсынылады. Ал зерттеуші А. Алибаев БҚПБМ схемасын алғаш рет талдады. Ол, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен БҚПБМ ЗАБК мен банк-кастодиандары БҚПБМ негізгі буыны ретінде арақатынастарының тізбегін құраған. Олар бір-біріне қатысты әрекет ету барысында, екі жақтың құқықтары мен міндеттері және пайда болған барлық құқықтық қатынастары толық көрсетілетін үш жақты кастодианды шартқа сүйене отырып әрекет етеді [74].

Қазіргі кезде бұл үш қатысушылардың арасындағы өзара әрекет келесі схема бойынша жүзеге асады. Жинақтаушы зейнетақы қорлары мен салымшы арасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі шартқа сәйкес, салымшы алушы жарналары жинақтаушы зейнетақы қорларының шарттасқан банк-кастодиандағы жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық зейнетақы шотына келіп түседі. Кастодиан шартының үшінші жағы ЗАИБЖҰ-мен жасалған шартқа сәйкес, Қазақстан Республикасы анықталған бағалы қағаздар портфеліне сәйкес қаржы құралдарын аударып, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырады. Зейнетақы активтерін басқару нәтижесінде алынған инвестициялық кіріс, салымшы және МЕЖЗҚ, ЗАБК, банк-кастодиандар арасында бөлінеді. Серіктестерді таңдау құқығына жинақтаушы зейнетақы қорлары ие болады. Бұл кастодианды шарт пен зейнетақымен қамтамасыз етудің мемлекеттік емес барлық жүйесінің негізгі звеносы жинақтаушы зейнетақы қорлары болып табылатындығын тағы бір дәлелдей түседі.

Зерттеуде жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық қызметтерін ретеуші заң нормативтік-құқықтық актілерді талдау негізінде, жүйеде нақты анықталған міндеттерді атқаратын және элементтер, процестер, әдістер, ұйымдардан тұратын БҚПБМ блоктарын бөліп қарастырады.

БҚПБМ зейнетақы активтерін өтімді құралдарға инвестициялау арқылы зейнетақы активтерін көбейту және сақталуын қамтамасыз етуші несиелік қатынастардың функционалдық түрін көрсетеді. БҚПБМ келесі

құрылымдардан тұрады: материалдық таратушы зейнетақы активтері және осы қатынастардың субъектілері (ЖЗҚ, ЗАИБЖҰ, ҚҚА, банк-кастодиан, ОҰБ).

БҚПБМ 4 блоктан тұратын басқарушы күрделі жүйе ретінде көрсетуге болады (сурет 22 бойынша):



Ескету-сурет автордың жүргізген зерттеулері нәтижесінде жасалды.

Сурет 22. БҚПБМ жүйесінің басқару блоктары

БҚПБМ процестік жағы, инвестициялық реттеу, инвестициялық басқару, ағымдағы бақылау, жоспарлау және оларды ұйымдастырудың әдістерін, тәсілдерін қамтитын «инвестициялық процесс» түсінігінде көрініс табады. Сонымен қатар, көрсетілген процестердің әрқайсысы олардың уақыт бойынша ағымын сипаттайтын жекелеген сатыларға бөліне алады.

Зерттеліп жатқан тақырып бойынша, Қазақстандық авторлардың еңбектерінде жүйенің құрамы әдетте инвестициялық процеспен немесе инвестициялық механизмнің элементарімен ғана шектелген. Әсіресе соңғы тәсіл көптеп кездеседі.

Зерттеу нәтижесі бойынша, инвестициялық жоспарлауды ұйымдастыру қағидалары оны жалпылама сипаттай отырып, құндық көрсеткіштің ерекше түрі ретінде зейнетақы активтерінің ерекшеліктерін ескеру қажет деп есептейміз.

Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл инвестициялық жоспарлауды ұйымдастыру қағидалары көрсетілген талаптарға жауап бере алады:

1. Зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде инвестициялық шешімдерді қабылдаудағы коллегиялық;
2. Пруденциалдық нормативтермен инвестициялық жоспарлаудың үйлесімі;
3. ЖЗҚ-ң қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлары арасындағы жоспарлық сәйкестілік;
4. Инвестициялық жоспарлардың орындалуын реттеу.

Баланстық әдіс (салымдарды диверсификациялау элементтерімен) ҚР зейнетақы нарығы субъектілері практикасында инвестициялық жоспарлаудың ең кең тарған әдісі болып табылады. Нормативтік әдіс-бұл инвестициялаудың кейбір түрлері жоспарларын қаржылық бақылау және реттеу агенттігі талаптарына сәйкестендіру барысында қолданылады.

Зейнетақы активтерін жоспарлау процестерін ұйымдастырудың жалпы әдістерімен қатар, олардың әрбір кезеңдерінің ерекше тәсілдері бар. Зейнетақы нарығының субъектілері шаруашылық процесте тікелей емес, инвестициялық механизм арқылы ықпал жасайтындығын атап өтуімізге болады. Сәйкесінше, инвестициялық механизмде Қаржылық қадағалау агенттігі реттеуші ролін жүзеге асыруды, оның зейнетақы нарығының субъектілерінің қызметтері мен процестеріне әсер етуші қамтамасыз етуші процестер мен элементтер блогы қажет (немесе реттеу блогы). Инвестициялық механизмнің бұл блогының негізгі міндеті, зейнетақы нарығының субъектілерінің инвестициялық жоспарларымен анықталатын, даму мақсаттары мен бағдарламалары аясында БҚПБМ тұрақты, ретті әрекет етуін қамтамасыз ету болып табылады. Реттеу процесі барысында ішкі бақылау (инвестициялық компаниямен) және сыртқы бақылау (ҚКА-мен) жүзеге асырылады, жүйенің және нақты шаруашылық жағдайға реттеуші әсерлері өңделеді, ал олар зейнетақы нарығы субъектілері қаржы жағдайына тікелей әсер ете отырып, зейнетақы нарығы субъектілері -теріс әсер ететін кемшіліктерді жоюға септігін тигізеді.

Сондықтан, зейнетақы активтерінің ынталандырушы мүмкіндіктері инвестициялық механизмнің осы блогының басты құралымен жүзеге асырылады және оны осы жүйенің негізгісі деп атауға болады. Жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелін басқарудың мақсатын келесі түрде көрсетуге болады: жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелінде жоғары потенциалды кіріс әкелетін және қауіптілігі минималды құралдарды



таңдау, және жинақтаушы зейнетақы қорларының портфель бойынша бағалы қағаздар портфелін құру қажет. Сонымен, зейнетақы нарығы субъектілерінде келесідей міндет пайда болады: минимуммен қатар табыстылықты максимумдау.

Потенциалды табыстылық және қауіптілік деңгейінің –екі факторы жинақтаушы зейнетақы қорларының болашақтағы бағалы қағаздар портфелін моделдеу кезеңіне тән, яғни жинақтаушы зейнетақы қорларының нақты бағалы қағаздар портфелі болғанға дейінгі кезең. Жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелінің кірісін бөлу кезінде тәуекел (қауіп-қатер) деген фактор болмайды, өйткені ол жүзеге асқан кірісі көрініс тапқан. Осы кезде жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелінің нақты кірісі және нарық кірісі (немесе нарық секторының) көрініс табады.

Зейнетақы нарығы субъектілерінің жұмысының тиімділігін бағалау осы шамаларды салыстыру арқылы жүргізіледі.

Біздің көзқарасымыз бойынша, жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелін ойдағыдай басқару үшін басты екі мәселені дұрыс шешіп алу қажет:

- инвестициялық шешім қабылдаушы зейнетақы нарығы субъектілері үшін беймәлімсіздікті төмендету;
- қажетті құралдарды іріктей ала отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелін сауатты түрде құру.

Беймәлімсіздікті төмендету мәліметтерді жинау және талдау арқылы жүзеге асады. Нәтижесінде, бағалы қағаздар нарығында болып жатқан процестерді түсіну жеңілдейді немесе бағалы қағаздар нарығындағы оның жекелеген секторларындағы іс-әрекеттерге іштей ықпал етеді. Нарық әрекеттеріне болжам жасау, оның болашақтағы беймәлімсіздік күйін төмендетуге мүмкіндік береді.

Беймәлімсіздікті төмендету зейнетақы нарығы субъектілерінің қаржылық салым жасаудың неғұрлым тиімді нұсқаларын табу (яғни, жоғарғы табыс әкелетін) мүмкіндігін арттырады және осы жағдайларға байланысты мағлұматтардың жетіспеушілігіне байланысты зейнетақы нарығы субъектілерінің қателік жіберу мүмкіндігін төмендетеді. Осылайша, беймәлімсіздікті төмендету тәуекелділікті төмендету және кірісті арттыруда айтарлықтай оң рол атқарады.

Жалпы, жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелін басқару барысында келесідей сатылы кезеңдерді бөліп қарастыруға болады:

1. Мәліметтер жинау. Бұл кезеңнің нәтижесі екінші кезеңге қажет болып табылатын мәліметтерді жинақтау.

2. Мәліметтерді талдау, яғни нарықтың құрылымы мен оның даму заңдылықтары туралы мәліметтер, нарықтың құрылымдық өзгерістеріне болжам жасау. Талдау кезеңі беймәлімсіздікті төмендету нәтижесі болып табылады. Жинақтаушы зейнетақы қорының бағалы қағаздар нарығы портфелін басқаруды ұйымдастыру процесінің бірінші және екінші кезеңдеріндегі жұмыстар, зейнетақы нарығы субъектілерінің аналитикалық бөлімшелері қызметкерлерімен атқарылады. Сонымен қатар, нарық туралы нарық қатысушыларының көңіл күйі туралы мәліметтердің біразы жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелінің басшыларына, тікелей нарықпен жақын жұмыс жасайтын трейдерлерден келіп түседі.

3. Келесі факторларды есекере отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелінің жалпы құрылымын моделдеу:

- жинақтаушы зейнетақы қорларының жалпы бағалы қағаздардың портфеліне біріктірілген, жекелеген портфелдердің инвестициялық мақсаттарымен берілген шектеулер;

- нарықтың кейбір секторларының табыстылығы және осы көрсеткіштердің өзгеру тенденциясы;

- нарықтың кейбір секторларындағы даму циклдары;

- анық көрінетін нарықтың құрылымдық бөлінуі;

- нарықтың кейбір секторларындағы инфрақұрылымдық элементтер мен контрагенттердің сенімділігі.

Кезеңнің негізгі нәтижесі жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелін басқарудың жалпы құрылымдық пропорцияларын бекіту және жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелін, нақты нарық секторына дағдыланған, өзара байланысты бірнеше портфелдерге бөлу болып табылады.

4. ЖЗҚ-ның бағалы қағаздар портфелінің кейбір бөліктерінің құрылымын моделдеу. Бұл кезеңнің нәтижесі жекелеген портфелдердің ішіндегі тұрақты құрылымдық қатынастарды бекіту болып табылады.

Үшінші және төртінші кезең жұмыстарының нәтижесінде ЖЗҚ-ның бағалы қағаздар портфелі толығымен құрылып бітеді. ЖЗҚ-н бағалы қағаздар портфелінің үлгісін құруға байланысты міндеттер толығымен ЖЗҚ-ның бағалы қағаздар портфелін басқарушыға жүктеледі.

5. Таңдалған үлгіге байланысты ЖЗҚ-ның бағалы қағаздар портфелін жүргізу жөніндегі шешімдерді жүзеге асырушы трейдерлерге нақты үкімдерді жасақтау.

6. Трейдерлерге берілген үкімдердің орындалуын жинақтаушы зейнетақы қорлары бағалы қағаздар портфелінің (табыстылығын) нақты және болжамды тиімділігі арасындағы қатынасқа бақылау жүргізу.

Егер жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелінің нақты және болжамды тиімділігі арасында айтарлықтай айырмашылық болған жағдайда талдау әдістеріне немесе шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру механизмдеріне немесе іріктеліп жиналған мәліметтерге өзгерістер енгізу қажет. Жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелін басқару процесіне зейнетақы нарығының субъектілерінің бірнеше бөлімшелері қатысады: аналитикалық бөлімше; портфелді инвестицияларды басқару бөлімшесі; сауда операцияларын басқару бөлімшесі.

Сонымен қатар, сауда операцияларын басқарудың кез-келген түрінде олар фирма ішіндегі есеп басқармасының қолдануының арқасында әрекет ете алады.

Осылайша, жинақтаушы зейнетақы қорлары бағалы қағаздар портфелін басқару процесінде зейнетақы нарығы субъектілерінің құрылымдылық бөлімшелерінің көп бөлігі тікелей қатыстырылған. Сондықтан, түрлі бөлімшелердің өзара әрекет ету мәселесі айтарлықтай рол атқарады.

Ірі зейнетақы нарығы субъектілеріне тән жұмыспен қамтылғандардың саны және қаржылық айналымдары қомақты болған жағдайда жеке әкімшілік менеджер қажет. Оның міндеті жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелін басқару кезінде түрлі бөлімшелердің іс-әрекеттерін үйлестіріп отыру. Жағдайды дер кезінде анықтап қосымша әкімшілік менеджерді қабылдау жөнінде шешім қабылдау, капиталдың айтарлықтай бөлігін сақтап қалуға көмектеседі.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелін басқарумен айналысатын кішігірім құрылымдар үшін қауіп-қатердің басқада түрлері бар, яғни ЖЗҚ-н бағалы қағаздар портфелін басқару функциясының көп бөлігі бір немесе бірнеше қызметкерлердің қолында болуы мүмкін, олар бір мезгілде трейдерлер, басшылар және клиенттерді менеджерлер ретінде әрекет ете алады. Мұнда басшылар мен трейдерлердің функцияларының араласып кетуі үлкен қауіп тудырады.

Қазақстан Республикасында портфель диверсификациясы әдеттегілерден өзгеше қағидаларды пайдалану арқылы қолданылуы қажет. Мұнда портфелдік теория үлкен ролді атқаруы тиіс. Бірақ, түрлі топтар акциялары бағамдары қозғалыстарының өзара әсерлерінің ұзақ мерзімді заңдылықтарының болмауына байланысты қысқа мерзімді заңдылықтарды табу және оларды пайдалану талап етіледі [75, 76].

Нәтижесінде, қазіргі таңдағы портфелді теориядан өзгеше ҚР-да бірдей бағамдағы акция топтарын құруға мәжбүрлейді. Бірақ, салалық қағида бойынша топтастыру міндетті емес. Осында Қазақстан нарығында

қолдану қажет болып табылатын диверсификация қағидасының екі түрін көрсетуге болады:

- инвестициялаудың ұзақтығына байланысты диверсификация қағидасы;

- өтімділік деңгейіне байланысты диверсификация қағидасы.

Жалпы портфельді басқару функциясы трейдерлер мен басқарушыға жүктеледі. Басқарушылар қысқа мерзімді операциялардан басқа бағалы қағаздар портфелін басқаруға байланысты барлық жұмыстарды атқарады. Трейдерлер қысқа мерзімді операцияларды жүргізу процесінде басшылар мен трейдерлердің функциясын үйлестіріп отырады.

Зерттеу нәтижесіне сәйкес ҚР жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфелінің құрылымдық базасының нәтижесі көрсеткендей зейнетақы активтерін инвестициялау мәселесінің өршуі өтімді қаржы институттарының тапшылығымен байланысты. Кейбір зерттеушілер атап көрсеткендей, альтернативаның болмауына байланысты зейнетақы активтері өтімділік, қауіптілік, табыстылық деңгейіне байланысты емес тек қана салым көзінің болуына байланысты орналастырылып отырады.

Зейнетақы активтерінің тұрақты түрде және қарқынды өсуі оларды неғұрлым сапалы және өтімді қаржы институттарына орналастыру үшін сәйкес жағдайлардың жасалуын талап етеді. Бірақ оларды инвестициялау мүмкіндігі шектеулі, осыған байланысты салым жасау қауіптілігі едәуір артады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар нарығының белсенділігімен байланысты жүргізілетін зейнетақы реформасына тәуелді болады. Бірақ, ішкі нарық жинақтаушы зейнетақы қорларының сұраныстарын қанағаттандыруға дайын емес. 2009 жылы қабылданған зейнетақы жүйесіндегі Заңындағы өзгерістер зейнетақы активтерінің сақталуына мемлекеттік кепілдіктер қарастырылған. Сондада болса, қаржы құралдарының тапшылығы мәселесі бар және азаматтардың зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Ең алғаш рет экономикалық әдебиеттерде зейнетақы активтеріне байланысты компаниялар үшін қаржы институттарын таңдауға байланысты тоқыраудың болатындығы жөнінде 1998 жылы болжамдар жасалған және жинақтаушы зейнетақы қорлары инвестициялық кірісін есептеуге байланысты негізгі мәселелерді алғаш рет атап өткен болатын. Оның айтуы бойынша, "Барлық зейнетақы қорларына байланысты нақты бекітілген әдістеме жоқ, әрбір қор өздігінше есептейді - біреулері күрделі пайыз арқылы, біреулері

қарапайым түрмен, сондықтан евробонд бойынша инвестициялық кірісті есептеудің нақты схемасы жоқ".

Қазақстан Республикасы жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы активтерінің инвестициялау құрылымы Қазақстан Республикасының заңдарының қатаң шектеулеріне тәуелді. Іс жүзінде зейнетақы нарығының барлық субъектілері әрекет етудің шектеулілігі аясында және экономикадағы ақша молшылығы кезінде, соңғы жарты-бір жыл ішінде табыстылықтың төмендеуіне ұшырауда. Тіпті, кейбір жинақтаушы зейнетақы қорлары қауіпті шегіне жетіп отыр, одан әрі салымшылар ақшаларының құнсыздануы басталады.

Мемлекет үшін бұл жағдай ұтымды болып отыр. Өйткені, бүгінгі күнге дейін жинақталған зейнетақы активтері мемлекетке, ішкі қарыздарға қатысты сыртқы қарыздар құрылымының бір бөлігін қайта қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Баршамызға белгілі, Қазақстан Республикасы сыртқы үкіметтік және кепілдендірілген қарызды шамамен 3,4 млрд долл құрайды. Мемлекет қарамағындағы МЖЗҚ құралдарының есебімен оның құрылымын қайта қарау, сыртқы қарыздар бойынша ауыртпашылықты белгілі бір дәрежеде жеңілдетер еді. Кейбір жинақтаушы зейнетақы қорлары практикасында, зейнетақы активтерінің мұндай рол атқарғандықтары белгілі.

Зерттеудің екінші бөліміндегі мәліметтер талдауын жалғастыратын болсақ, онда жиынтық зейнетақы активтеріндегі Қазақстандық эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары үлесінің артып отырғандығын байқаймыз. Басқа жағынан, Қазақстан Республикасы егемендік қарызының еуроноты және жергілікті атқару ұйымдарының облигациялары және жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфеліндегі долларлық құралдар үлесі бірден азайды, ал шет ел валютасындағы депозиттер немесе депозит сертификаттары жоқтың қасы.

Соңғы жылдары, тартымды инвестициялық құралдардың жеткіліксіздігі, жиынтық зейнетақы активтерін шет елдік корпоративтік секторға қайта бағыттауға алып келуде. Ақша құнсыздануының сыртқы және ішкі нарықтағы долларға қатысты тенгенің нығаюы, жергілікті нарықтағы шығындарын өтеу мақсатында, зейнетақы нарығы субъектілерін әлемдік нарықта қарқынды жұмыс істеуге итермелейді. Зейнетақы активтеріне қатысты шет елдік бағалы қағаздарға инвестициялау лимиті, әрбір жинақтаушы зейнетақы қорларының жиынтық зейнетақы активтеріне жалпы сомасының 30% құрайтынына қарамастан шет елдік, әсіресе тұрақты кіріс алып келетін (облигациялар)

бағалы қағаздар жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін аса тартымды емес.

Сонымен, қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасы жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін басқаруды ұйымдастырудың негізгі мәселелері, жинақтаушы зейнетақы қорларының ішкі институционалды инвесторлардың инвестициялық потенциалының үнемі өсіп отыруынан туындайтын тартымды-инвестициялық құралдарының едәуір тапшылығына байланысты болып отыр.

Кейбір мамандардың пікірінше, зейнетақы нарығында тоқырау басталып қойған, енді бірнеше айдан кейін толық дефолт және нарықтың күйреуі болады.

Шынында да мәселе өте көп. Олардың кейбірі локальды деңгейде, өзін-өзі реттеуші ұйымдардың немесе нарық қатысушыларының өздерінің күштерімен шешілуде, ал кейбіреулері, оның ішінде жоғарыда аталған екі мәселе мемлекеттің араласуын және көмегін талап етеді. Бұл неғұрлым жылдамырақ орындалса, ол соғұрлым нарық үшін де және бұдан 8 жыл бұрын зейнетақы жүйесінде жаңғыртуды бастаған мемлекет үшін де жақсы болар еді.

### ***3.5. «МЖЗҚ» АҚ-ның биржалық айналымдағы зейнетақы активтерінің өсу тенденциясы***

KASE биржалық айналымының сандық құрылымына талдау жасау, мемлекеттік емес бағалы қағаздар саны, эмитенттер сияқты баяу қарқынмен өсуде (кесте 16).

Мұнда мемлекеттік емес бағалы қағаздар құрылымында облигациялар нарығының қорлануы үлкен қарқынмен өсіп отырғандығын атап өту керек.

2011 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш акция және облигациялар бойынша сәйкесінше 82,1% және 117,5% құрайды.

Сондықтан, жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфельін толықтыру туралы айтудың өзі артық, өйткені акция болмағандықтан сұранысты да қанағаттандыру мүмкін емес.

*Кесте 17*

Қазақстанның қор биржасының эмитент құрылымы және қаржы құралдарының биржалық тізімі

Көрсеткіштер	2000ж	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011ж
KASE-ің арнайы	17	23	33	50	52	59

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

тізімі бойынша эмитенттердің саны						
Оның ішінде: категория «А»	8	14	23	32	34	39
Оның ішінде категории «Б»	9	9	10	18	18	20
Ресми тізімдегі KASE қағаз саны	29	39	57	88	129	143
Оның ішінде категория «А»	13	25	43	63	90	105
Оның ішіндегі категория «Б»	16	14	14	25	39	44
ОҰБ капиталдануы, млн. долл.	965,3	1 519,1	1 778,5	2 558,9	4 957,1	5 395,5
Акция нарығының капиталдануы, млн. долл	928,5	1 342,3	1 203,5	1 341,0	2 424,6	2 723,8
Облигация нарығының капиталдануы, млн. долл	36,8	176,8	575,0	1 217,9	2 532,5	3 031,7
ЖІӨ, млн. долл.	16 900,0	18 300,0	22 400,0	24 100,0	29 800,0	31 380,0
ОҰБ капиталдануы, ЖІӨ-ге %	5,7	8,3	7,9	10,6	16,6	17,1
Ескерту – ЖАҚ «Қазақстанның қор биржасы», ҚР ОҰБ жылдық есебі бойынша автор салыстыру жүргізген [52, 53].						

Мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығының қорлануы оптимисті болып көрінбейді. Мемлекеттік емес бағалы қағаздардың жалпы қорлануы 2011 жылдың қорытындысы бойынша ҚР ЖІӨ 17,1 % құрайды. Сонымен, KASE биржалық нарығына биржалық қызметтерінің стандарттары әбден қалыптасқан дамыған елдер деңгейіне жету әлі де болса біраз уақытты талап етеді. Мысалы, мемлекеттік емес бағалы қағаздардың қорлану көрсеткіші мемлекеттік емес бағалы қағаздарды ЖІӨ-ге бөлгенде Ұлыбританияда 100,6 %, ал АҚШ-та 200 % құрайды.

Басқа жағынан алатын болсақ, мемлекеттік емес бағалы қағаздардың жағымды жақтары, мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша нақты ставканың көбеюі болып табылады. Инфляциядан тазартылған корпоративтік облигацияның номиналды табыстылығы 0,1 %-дан 1,0 % көбеюі (кесте 17).

17-кестенің мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, депозиттердің нақты табыстылығы облигациялармен салыстырғанда төмен, бұл жағдай арбитражды пайда алуға мүмкіндік тудырады және корпоративті облигациялардың инвестициялық тартымдылығын біршама көбейтеді.

*Кесте 18*

**Кейбір қаржы құралдарының табыстылығы**

Көрсеткіштер	2000ж	2007ж.	2008ж.	2009 ж.	2010ж	2011ж
Мерзім соңындағы инфляция, %	17,8	9,8	6,4	6,6	6,8	7,2
Мем.емес облигац. Номин. Табыс., жылға %	17,9	11,1	8,3	7,6	7,6	7,6
Мем.емес облигац. нақты табыстылығы	0,1	1,3	1,9	1,0	0,8	1,0
Заңды тұлғалардың жылдамда-тылған тенгелік депозиттері бойынша орташа өлшенген номиналды ставкасы, жылына %	7,1	5,8	5,2	5,2	4	4,5
Заңды тұлғалардың жылдамда-тылған тенгелік депозиттері бойынша орташа өлшенген нақты ставкасы, жылына %	-10,7	-4,0	-1,2	-1,4	-3,3	-3,3
Ескерту- ЖАҚ «Қазақстанның қор биржасы», ҚР ОҰБ жылдық есебі бойынша автор салыстыру жүргізген [52,53].						

Өздеріне және салымшыларға қосымша пайда табуға әдеттенген зейнетақы нарығының субъектілері, валюта нарығының конъюктурасының өзгергеніне қарамастан, бұрынғы әрекеттерін жалғастыруда. Қалыптасқан жағдайға ықпал ету мүмкін болмаған кезде, «ұзын» тенге қағаздарын сатып алу мүмкіндігі болмай қалды.

Корпоративті облигациялардың эмитенттерінің көбі, портфельді инвесторлардың бұрынғы сұранысына сүйене отырып, әдеттегідей АҚШ долларымен жауап беруде, ал ҚР Қаржы Министрлігі 2011 жылдың соңында мемлекеттік бағалы қағаздарды көптеп эмиссиялады.

ҚР Ұлттық Банктің нотасы туралы айтсақ, олардың табыстылығы зейнетақы нарығының субъектілерін қанағаттандырмайды. Қазіргі кезде ҚР Ұлттық Банктің бағалы қағаздарының табыстылық ставкасы шамамен 5 %, ал 2011жылы 7,2 %, болған инфляцияны да жаба алмады.



Сонымен, Қазақстанның халықаралық қорының нақты табыстылығының азаюы, олардың инвестициялық тартымдылығын төмендетуші фактордың бірі болып табылады.

Зейнетақы активтерінің табыстылығы – зейнетақы нарығының субъектілері қызметтерінің тиімділігінің нақты және объективті көрсеткіштері болып табылады. 2011 жылы барлық жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің табыстылығы төмендеген, ол екі түрлі фактормен байланысты: біріншіден – барлық категориядағы бағалы қағаздар мен депозиттердің табыстылығының төмендеуі; екіншіден – АҚШ долларының қатысты тенгенің девальвациясы.

Біздің көзқарасымыз бойынша, зейнетақы активтерін экономиканың нақты секторындағы шаруашылық салаларын және зейнетақы саласын дамытудың басты бағыттарын қаржыландыру мақсатында пайдалану керек.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қаржы құралдарын нақты жобаларға тарту келесі құралдар негізінде құрылуы қажет: мемлекетпен кепілдік берілетін мемлекеттік емес бағалы қағаздар, банк құралдары, ипотекалық міндеттемелер, депозиттер.

Кейбір авторлармен ұсынылған жолды таңдау орынды болар еді деп есептейміз, яғни мемлекет меншігіндегі жеке қарыз алушы және кәсіпорындар, мемлекетпен кепілдендіретін және жарна немесе кепілзат ретінде мемлекетке беріле алатын облигациялар шығару негізінде түрлі құралдарды тарта алады [77, 78].

Зейнетақы активтерін өнеркәсіп салаларының негізгі қорларын жаңартуға жұмсаған орынды деп есептейміз, атап айтсақ:

- зейнетақы шоттары бойынша қызмет көрсетуге арналған меншіктің барлық формасындағы өндірістік кәсіпорындардың негізгі құрал-жабдықтарының лизингі;

- зейнетақылық қамсыздандыру бойынша қызмет көрсетуші шаруашылық салаларындағы алдыңғы қатарлы өндірістік және ғылыми-техникалық өзін-өзі ақтаушы бағдарламаларды қаржыландыру (медициналық қызмет көрсету);

- коммуналдық тұрғын-үй қоры және т.б.).

Бірқатар авторлармен арнайы кәсіби мемлекеттік бағалы қағаздар шығару ұсынылуда, яғни облигациялар, орналастырылған зейнетақы жинақтарын төлеу бойынша мемлекеттің міндеттемесі болып табылады.

Облигациялық шартты аталуы- мемлекеттік зейнетақы облигациясы және зейнетақыны сақтандыру облигациялары. Бұл бағалы қағаздар туындаған жалпы мәселелерді шешуде белгілі бір дәрежеде шешуге деген қадам болып отыр.

Нарықтық экономика бірқатар экономикалық жаңғыртудың соның ішінде елдегі зейнетақы жүйесін жаңғыртуды талап етті. Жаңа меншіктік бөлу, өндіру және тұтыну қатынастарына ұқсас, зейнетақымен қамтамасыз етудің мүлде жаңа жүйесін құру, Қазақстанның еңбекке жарамсыз азаматтарын қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда өзекті мәселе болып табылады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушыларымен жүргізілген зейнетақы жүйесіне жаңғырту жүргізу мерзімінде сандық және сапалық сияқты белгілі-бір жетістіктерге қол жеткізілген.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің сапалық нәтижесі болып мыналар табылады: салымшыларға қызмет көрсетуді жақсарту, салымшыларды жинақтаушы зейнетақы жүйесіне жөнінде хабардар етіп отыру, аймақтық бағдарламаларды дамыту, жарнама қызметтері, және осылардың нәтижесінде- зейнетақылық қызмет көрсету нарығында жинақтаушы зейнетақы қорлары арасында бәсекелестік сайыстың өршуі.

2009 жылы зейнетақы жинақтарының көлемі 32,26 млрд. теңгені құрады. Осы жылы Әлемдік банк, зейнетақы жүйесін Қазақстанның барлық экономикалық жобаларының ішінде ең үздігі деп танылды.

Біздің елде жыл сайын зейнетақы мөлшерін көтеріп отырады, ал соңғы жылдары зейнетақы төлемдерінің номиналдық өсімі, тұтыну бағаларының индексінен алда болды.

2009 жылы индексациялаумен қатар «МЖЗҚ» АҚ-ның зейнетақыны дифференциациялық көтеру жүргізілді. Еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің мәліметтері бойынша 2009 жылдың 1 маусымынан бастап 1055 мың зейнеткердің зейнетақысы көтерілді, ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлердің саны үш есеге азайды, 450 мың жуық адам ең жоғарғы зейнетақы ала бастады.

2009 жылы 5 желтоқсандағы №505-// «2010 жылы республика бюджеті туралы» ҚР Заңына сәйкес, 2010 жылы 1 қаңтарынан бастап, республикадағы минималды зейнетақы мөлшері 5800 тенге, ал 2012 жылы -9300 теңгені құрады.

Әлеуетті құрылымды ескере отырып зейнетақы төлеудің мемлекеттік орталығынан зейнетақы алушылардың саны 2012 жылы – 2302 мың адам немесе республиканың барлық тұрғындарының 11,7 % құрады, ал ауыл тұрғындарының үлесіне 43 % келеді. Жалпы зейнетақы алушылардың ішіндегі әйелдер 69,1 % құрайды, олардың 22,7% 4 немесе одан да көп бала туған және оларды 8 жасқа дейін тәрбиелеген көп балалы аналар. Ағымдағы жылдың басында зейнетақы алушылардың жалпы саны 185 мың адамды құрады.

Зейнетақы жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерге қатысты хронология көрсететін болсақ:

- 1991 жылға дейін тек қана әлеуметтік сақтандырудың формалды белгілері бар және идеологиялық қағидалар негізінде ұйымдастырылған, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі;

- кәсіподақтардың зейнетақыны төлеуге қатысуы;

өндіріс рентабелділігі бойынша алынатын жарналардың дифференциациясы;

- зейнетақы арқылы жұмыссыздықпен жанұяға байланысты кейбір мәселелерді шешу;

- зейнетақының көп бөлігі мемлекеттік бюджет дотациясы есебінен төленеді, яғни мемлекет жалғыз меншік иесі және жұмыс берушінің ролін атқарады;

- жұмыскер өзін-өзі қамтамасыз ету міндетін мойнына алмайды.

1991 жылы – ҚР мемлекеттік зейнетақы қорының құрылуы, оның қызмет етуінің сақтандыру қағидаларын анықтау, мемлекеттің кейбір категориядағы зейнеткерлер алдында (әскери, әлеуметтік зейнетақылар) міндеттерді нақты анықтап алу болып табылады.

1992 жылы – қосымша зейнетақымен қамтамасыз ету институтын құруға рұқсат еткен «Мемлекеттік зейнетақы қорлары туралы» ҚР Президентінің Указы жарияланды.

1993 жылы – сақтандыру жарналарының мөлшері көбейтілді.

1994 жылы – зейнетақыны хронологиялық төленбеуінің басталуы.

1996 жылы – ҚР Үкіметімен ҚР-дағы зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту концепциясы мақұлданды (бірақ бекітілген жоқ), сақтандырушыларға дербес шот енгізу тәжірибесі басталды.

1997 жылы – мемлекеттік емес зейнетақы қорлары жөніндегі заң қабылданды.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес біздің зерттеудің негізгі мәселесі, ұлттық зейнетақы жүйесін нарықтық экономикамен әлемдік стандарттарға сәйкестендіру. Жаңғыртудың тағы бір бағыты зейнетақы жүйесін қаржыландыру болып табылады. Нарықтық экономика аясында зейнетақы жүйесін жаңғыртуды қаржыландырудың негізгі бағыттары анықталуы тиіс.

Біздің пікіріміз бойынша, ол келесілерден тұрады:

1. Бірінғай қоғамдық, мемлекеттік есептеу орталығын ұйымдастыру және бастапқы мәліметтерді жинауға негізделген шоттар бойынша жүйенің құрылуы;

2. Зейнетақы қорларының нарығы міндеттемелерін қолдау;

3. Азаматтардың жаңғыртуды жүргізгенге дейінгі еңбек стажына сәйкес зейнетақы алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4. Зейнетақы қорларын реттеуші арнайы ұйымдардың қызметтерін ұйымдастыру және құру.

Жүргізілген зерттеу мен талдау нәтижелері жинақтаушы зейнетақы қорларының дамуындағы инвестициялық қызметтердің дамуына қатысты бірқатар мәселелер мен жетістіктерді бөліп қарастыруға мүмкіндік береді:

1. Биржа айналымындағы зейнетақы нарығы субъектілерінің үлесін төмендетудің теріс тенденциясы байқалады:

2012 жылы KASE шарттарының барлық көлемінің 4,1 % құраса, (2008 жылы-15,9%).

2. Ірі және ұсақ жинақтаушы зейнетақы қорлары арасында алшақтықтың ұлғаюы және кейбір жинақтаушы зейнетақы қорлары өзін-өзі басқаруға көшуі. Мұның барлығы зейнетақы нарығы субъектілері арасында тоқырауға алып келуі мүмкін.

Нәтижесінде олар, басқа зейнетақы нарығы субъектілерімен одақ құруға ұмтылады немесе жойыла бастайды, немесе басқа қаржы ұйымдарына түрленуі мүмкін. Бұл процестің теріс жағы ретінде, зейнетақы нарығының бәсекеге қабілетсіз және әлсіз субъектілерінің дефолт сериясының басталу мүмкіндігін айтуға болады. Бұл жағдайда, кейбір жерлерде нарықты локальды монополизациялауға қол жеткізе алатын қаржы-өнеркәсіптік топтар мен ірі банк құрылымдары арасында зейнетақылық қызмет көрсету нарығының жаңаша қайта құрылуы басталады.

3. Соңғы жылдары биржалық айналымның өсу қарқынымен салыстырғанда зейнетақы активтерінің басып озуының теріс тенденциясы байқалуда. Бұл факт, әрекет етуші KASE айналымының жинақтаушы зейнетақы қорлары сұранысын өтімді қаржы институттарына шоғырландыруға қабілетсіз екендігін көрсетеді.

4. Биржа айналымы құрылымының деформациялануы, яғни валюта операциялары мен репо операцияларының үлесіне KASE биржалық айналымының қомақты үлесінің сәйкес келуі.

Егер зейнетақы жүйесін жаңғыртудың негізгі даму мәселелерін формалды түрде қарастырсақ, онда оның негізінде оларды шешу жолдарын ұсынуға болады (кесте 18).

Аталған жеті мәселенің бесеуі ҚР бағалы қағаздар нарығының дамуына қатысып, ал қалған екеуі зейнетақы нарығы субъектілерінің қызметіне қатысты.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары жұмыстарының нәтижелеріне зерттеулер жүргізу жинақтаушы зейнетақы қорлары көлемі орталық ұлттық банк табыстылығын анықтаудағы негізгі фактор болып

табылатындығын көрсетеді және масштабтан үнемдеу жасауға байланысты шығындардың төмендеуімен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, ірі жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін неғұрлым тартымды компенсациялық пакет есебінен мамандарды тарту жеңіл болып келеді. Сәйкесінше, жинақтаушы зейнетақы қорлары ерікті немесе мәжбүрлеп біріктіру арқылы жинақтаушы зейнетақы қорлары қорлануын көбейтуге байланысты шаралар қажет.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің даму барысына талдау жүргізу нәтижесінде, ҚР жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін «пассивті» активтердің үлесі, яғни ұзақ мерзімді келешек үшін сатып алынатын активтер тиімді екендігі анықталды. Бастапқы кезеңде құралдарды тиімді таңдау мен әрі бағалы қағаздар портфелін маржиналды реттеу қысқа мерзімді салымдар жасауға қарағанда неғұрлым ұтымды стратегия болып табылады.

### *Кесте 19*

#### Биржа айналымындағы зейнетақы активтерін дамытудағы маңызды мәселелер және шешу жолдары

	Зейнетақы нарығындағы субъектілерінің дамуының маңызды мәселелері	Мәселелерді шешу жолдары
1	Биржа айналымындағы ЗНС үлесінің құлдырау тенденциясы	- ҚРҚМ МБҚ KASE-ге орналастыруға өту және бірінші ретгі дилерлер институтын жою; МББҚ және МБҚ бойынша биржалық саудаға ЗНС кіруін ырықтандыру; - биржа нарығындағы ЖЗҚ ЗА инвестициялау нормасын жұмсарту.
2	Нарықты локальды монополизациялауға алып келетін, неғұрлым әлсіз және бәсекеге қабілетсіз ЗНС дефолт сериясының басталу мүмкіндігі.	- ЖЗҚ дамуын ҚБА тарапынан дистанциялы бақылау негізінде ерте диагностикалау; - ЗА қорғау көзқарасы бойынша корпоративті басқару сұрақтарын нақты анықтау; - ЗНС дефолты кезінде шығындардың бір бөлігін жабуда мемлекеттің қатысу мүмкіндігі; - нарықтың үлесіне қатысты нормативтерді қатаңдату.
3	Биржа айналымының өсу қарқынымен салыстырғандағы ЗА басып озу тенденциясы	- МББҚН дамыту; МБҚН дамыту; - KASE операциялар арқылы БҚ-мен жұмыс жасау операцияларының инвестициялық тартымдылығын заңды түрде реттеу; - сауда жасаушы қаржы институттарының санын көбейту мақсатында KASE листингтік ережелерін дифференциациялау және жұмсарту.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛІЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

4	<p>Екі фактормен байланысты ЗА табыстылығының төмендеуі: 1. БҚ барлық категориялар және депозиттер бойынша табыстылықтың жалпы төмендеуі; 2. АҚШ долларына қатысты тенге ревальвациясы.</p>	<p>- инфляциямен күресудің монетарлы ережелерін дамыту; - жекелеген нарықтардағы бәсекелестікті күшейту (ауыл шаруашылық және азықтүлік); - ұлттық валютаны қолдау мақсатымен келетін мұнай долларларын теріс әсерлерін төмендету механизмін жасау.</p>
5	<p>ҚР БҚР өзінің табиғаты бойынша нарықтық болып табылмайтын келісімшарттар бар. Бұл өз кезегінде ЖЗҚ ЗА нақты табыстылығын өзгертуі мүмкін.</p>	<p>- БҚ-ды бағалау әдістемесін жетілдіру; - нарықтық емес келісімдердің орындалуына жол бермеу мақсатында биржалық сауданың шынайылығын арттыру.</p>
6	<p>БҚН дамуының жеткіліксіздігі, ол МEBҚ бойынша биржалық айналым үлесінің төмен болуы және БҚН қорлануының төмендігін көрсетеді.</p>	<p>- ЗА тікелей инвестиция ретінде пайдалану; - орналастырылған зейнетақы жинақтарын төлеу бойынша мемлекеттің міндеттемелері болып табылатын арнайы МБҚ шығаруды бастау; - ЖЗЖ қатысушыларының жеке зейнет ақы жоспарларын жүзеге асыру, оның ішінде жалдамалы жұмыс істемейтіндер және кәсіби зейнетақы схемасы; - ірі жобаларды қаржыландыру үшін арнайы БҚ шығаруға қатысты сұрақтарды қарастыру; - ЖЗҚ ЗА олардың бағалы қағаздарына инвестициялай алатын, эмитенттердің қызметтерінің шынайылығын арттыру; - ЗНС қызығушылықтарын және құқықтарын қорғау қағидаларын, АҚ төлем тәртіптерін және АҚ қызметтерінің шынайылығын нығайту; - БҚ бойынша табыстарға салық салуға байланысты салық заңдарын жетілдіру; - нормативтік актілерде қаржы құралдарының барлық түрлері бойынша инвестицияланған ЗА қорғауға байланысты шараларды қарастыру - нормативтік актілерде эмитенттің қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда, оның рейтингі төмендегенде және басқа да жоғарыда аталған факторлардың бірі орын алған жағдайда эмитенттер мен инвесторлардың іс-әрекеттерін қарастыру; - шет елдік корпоративтік БҚ ҚР БҚН шығуына рұқсат беру.</p>
7	<p>ЗНС тәуекелдерін басқару жүйесінің болмауы, яғни: инвестициялық бақару кезеңінде жүйелік тәуекелдердің пайда болу тәуекелділігі бірнеше есе өседі. ЖЗҚ БҚП басқарумен айналысатын кішігірім ЗРС үшін ЖЗҚ БҚП басқарудың көп</p>	<p>- ЗНС тәуекелдерін басқару жүйесін енгізуге байланысты ҚБА, ЗНС қатысуымен мемлекеттік бағдарлама жасап шығару; - ЗНС қызметіне тәуекел-менеджментті енгізу бойынша іс-әрекеттерді егжей-тегжейлі регламенттеуші нормативтік-құқықтық актілер жасау.</p>

	функциялары бір немесе бірнеше қызметкерлердің қолында болу жағына ауып кету қаупі туындайды.	
Ескерту- кесте автордың жүргізген зерттеулері нәтижесінде жасалды.		

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, жинақтаушы зейнетақы қорларының ұйымдық құрылымы бәсекелестік сайыста маңызды рөл атқарады. Вертикалды құрылымы мықты нақты бөліне алатын және ұйымдық орталықтары өзара тиімді әрекеттесетін, өкілдіктерді жіберудің дамыған жүйесі бар зейнетақы нарығының субъектілері нарықта үлкен жетістіктерге жете алады. Зейнетақы нарығы субъектілерінің алдына қойған мақсаттары мен артықшылықтары олардың қызметтеріне әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Артықшылықтардың бұрмалануы басқару құрылымы мен инвестиция тиімділігіне алып келеді, нәтижесінде жинақтаушы зейнетақы қорларының клиенттерінің көзқарасы бойынша жұмыс нәтижесі қанағаттанарлықсыз болады.

Қазіргі таңда жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық белсенділігін арттыру экономиканың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады (тұрғындардың экономикалық жаңғыртулардың кез-келген түріне деген сенімсіздігі) бұл сәйкесінше жаңғырту процесінің жүруін қиындатады. Бұдан келіп шығатыны, өтпелі кезеңдегі зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіндегі жаңғыртулар, яғни жоспарлы-әкімшілдіктен нарықты экономикаға өту барысында келесілерді ескеру қажет:

- зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі мемлекеттің қоғамдық және экономикалық саясатына тікелей тәуелді;

- сәйкесінше инвестициялық саясат экономиканың сыртқы жағдайларына байланысты, яғни нақты жағдайдағы мәселелерді шешуге және оларды ұйымдастыруды жетілдірудің құрылымдық қайта құру шараларына байланысты;

- бір жағынан әлі де тұрақтанбаған қоғамдағы экономикалық потенциалдың айтарлықтай төмендігімен және екінші жағынан жүйенің түрленуі іс-жүзінде сатылы түрде жүзеге асатындығына байланысты;

- сатылылық тұрғындардың жасалынып жатқан жаңғыртуларды қажетті деңгейде қабылдауы үшін де қажет. Мұндай жағдай ескі жүйенің кейбір элементтері сақталған жағдайда ғана мүмкін болады;

- тұрғындардың болып жатқан өзгерістерден хабардар болуы олардың жаңғырту процестерін дұрыс қабылдауда маңызды фактор болып табылады;

- сондықтан іс жүзінде ұзақ уақыттық процеске дайын болу қажет;

- қойылған мақсатқа сатылы түрде ұмтылу қажет. Мұнда нәтиженің табысты болуы заң шеңберінде зейнетақымен қамтамасыз ету жүйені дамытуға беретін мүмкіндіктеріне де баланысты;

- ынтымақтастық қағидасы, сақтандыру және жауапкершілік оң нәтижені қамтамасыз ететін жаңа үлестіру жүйесінің негізгі элементтері болып табылады.

ЖЗҚ мен «МЖЗҚ» АҚ-ның әрекет етуші функцияларын жүзеге асыру үшін, басқарушылармен алынған инвестициялық кірістің көлемін сомалы түрде азайту мүмкіндігін шектеу қажет. Осы мақсатта екінші және үшінші деңгейдегі зейнетақы қорлары үшін бірдей болып келетін бірқатар ережелерді енгізу орынды деп санаймыз:

- зейнетақы активтерін инвестициялауды ұйымдастырылған сауда жүйелері (биржа) арқылы жүзеге асыруға рұқсат беру;

- ұйымдастырылмаған нарықта бір күннің ішінде өзгеріске ұшырамайтын тәуелсіз бағадағы құралдармен ғана операциялар жүргізуге рұқсат беру (инвестициялық қорлардың ұпайларымен);

- зейнетақы қорларының қаржылары инвестицияланатын инвестициялық құралдарды айтарлықтай өтімді болуы қажет, олармен келісім операцияларын аз жүргізу мүмкіндігінің төмендігінен көрінеді, сонымен қатар сауда жүйелері арқылы.

Зейнетақы жүйесінің жаңа саяси және экономикалық жағдайларға бейімделу кезінде келесілерді ескеру қажет: өтпелі кезеңде ескі әрекет етуші жүйелер зейнетақылық сақтандырудың жаңа мекемелерінің құрылуы және жұмыстарының басталуына дейін сақталуы тиіс [79].

Жеке секторлардың және қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік белсенділігінің артуы сонымен қатар, әрбір еңбекке қабілетті азаматтардың өзін-өзі қамтамасыз етуге деген жауапкершілігінің артуы зейнетақымен қамтамасыз ету саласын жаңғырту барысында мемлекет үшін үлкен мәнге ие [79, 80]. Бұл әкімшілік-әміршілік басқару жүйесінің ыдырау ерекшеліктерімен, әлеуметтік қажеттіліктерді қаржыландырудың шектелуімен жетпіс жыл бойына мемлекет туралы тұрғындардың әл-ауқатын жалғыз ғана кепілі ретінде түсініктерін өзгерту қажеттілігімен байланысты.

БҰҰ жіктемесіне сәйкес Қазақстанда тұрғындардың "қартаю" кезеңінде тұр. Тұрғындарды тіркеудің соңғы нәтижесі бойынша елдегі 65 және одан жоғары жастағы азаматтардың саны 1042,5 мың адам немесе республиканың барлық тұрғындар санының 6,9 % құрайды [81, 192 б.].

Тұрғындардың қартаюы нақты жұмыс істейтін азаматтар күн сайын өсіп отырған, табыс жасауға қатыспайтын қарттардың санын



қамтамасыз ету керек дегенді білдіреді. Яғни, болашақта зейнетақыны төлеуге бөлінетін қоғамдық шығындар бірден өседі, ол экономикалық жүйеге теріс қысым көрсетуі мүмкін. Осы факторлардың барлығы зейнетақы жүйесін іс жүзінде жаңғыртуды қажет етті.

Күтілетін және болып жатқан демографиялық өзгерістерге сәйкес, ЖЗҚ өтудің әзірше аса үлкен альтернативті бәсекелесі жоқ. Бұл жағдай үлестіру механизмінің сақталуында ешқандай перспектива жоқ екендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, мұндай өзгерістер әлемдік сипатқа ие болып отырғандығын атап өтуіміз қажет. XX ғасырдың соңында бүкіл әлемде зейнетақы жүйесіндегі жаңғыртулар белсенді түрде жүзеге аса бастады. Белгілі бір шаруашылық жүйесіндегі нақты зейнетақылық жаңғыртулар оның қаржылық, саяси және тарихи ерекшеліктеріне байланысты. Бұл жағдайлар зейнетақы жүйесіне жаңғыртулар енгізудің өзектілігін көрсетеді.

60 жылдардың ортасында жер шарында барлығы 3 млрд адам болды. XX ғасырдың соңында планетадағы тұрғындар саны 6 млрдтан асты, яғни адамдардың екі есеге көбеюіне 40 жыл кетті. Ал осылайша, екі есеге көбею тағы да 100 жылды қажет етеді.

Алайда, қазіргі уақытта БҰҰ мәліметі бойынша Еуропада тұрғындардың өсуі іс жүзінде тоқталды. 21 ғасырдың басынан бастап көптеген елдерде табиғи кему процесі байқалуда. Сарапшылардың болжамы бойынша тұрғындардың кему процесі әлі де жалғасуда [82, 4 б.].

Әлемдік банктің болжамы бойынша қарттардың саны 40 жылдың ішінде 3 есеге көбейді және 1,4 млрд адамды құрайды. Осылайша, қарт тұрғындардың үлесі 2030 жылы жалпы тұрғындарға шаққанда өсіп, 16% жетеді. Жер шарындағы қарт тұрғындардың өсімі негізінен дамушы елдердің, әсіресе Азия аумағындағы елдердің есебінен жүзеге асады (1990ж 0,5 млрд адамнан 2050 ж 1,5 млрд адамға дейін) [83].

Сондықтан, зейнетақымен қамтамасыз ету мәселесі бүкіл әлемде өршуде және оның объективті түрде шешу қажет деп есептейміз. Мұның басты себебі жоғарыда атап өткендей орташа өмір сүру ұзақтығының көбеюі және туылу көрсеткішінің қысқаруымен байланысты тұрғындардың қартаюы процесінің жалғасуы.

Тұрғындардың қартаю дәрежесін сипаттайтын мәліметтерге тоқтаймыз. Қартаю дәрежесі көрсеткішінің негізгі критеріі зейнеткерлер санының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар санына қатынасын көрсететін коэффициент (dependency ratio) болып табылады немесе оған кері өлшем-қолдау коэффициенті (support ratio) -1 формуланы қараңыз:

$$K_T = Z/T; K_C = T/Z_c,$$

мұндағы: Кт- тәуелділік коэффициенті (немесе тұрғындардың қартаюу дәрежесі)

З-зейнеткерлердің саны, адам.,

Т-тұрғындардың жалпы саны, адам.,

Ққ-колдау коэффициенті

Сонымен, жақын жылдары тәуелділік коэффициентінің айтарлықтай өсімі болжануда. Егер 1990 ж ЭЫДҰ мүше елдері үшін бұл коэффициент 21,4% тең болса, ол 2040 жылы аталған факторлардың әсерінен бұл көрсеткіш екі есеге өсуі ықтимал [83].

Зерттеудің нақты бөлімі бойынша, қысқаша қорытындылар жасауға болады. Зейнетақымен қамсыздандыру кез-келген ел үкіметінің үнемі назарында болатын маңызды әлеуметтік мәселелер қатарына жатады. Бұл тұрғыда, тұрғындардың қарттығын әлеуметтік қамсыздандыру құқығы біздеде Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген [83].

Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту жүйесі ТМД елдерімен қатар Қазақстан үшінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені, бұл елдердің бәріне тән теріс факторлар эффектісі орын алады:

- дамыған елдердегі сияқты экономикасы өтпелі елдерде де тұрғындардың тез қартаюуы;

- дамушы елдерге тән болып келетін жан басына шаққандағы табыстың төмендігі;

- дәстүрлі зейнетақы жүйесі қоғамның бәріне жуығын қамтиды және зейнетақымен қамтамасыз етуге байланысты міндеттемелері қолда бар ресурспен сәйкес келмейді.

Осының барлығы зейнетақы жүйесін жаңғыртудың басты себептерінің бірі болып отыр.

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың басты мақсаты- экономикалық өсуді қамтамасыз ету қаржылық тұрақты және әділ жүйені құру болып табылады. Зейнетақы жүйесін жаңа саяси және экономикалық жағдайларға бейімдей отырып, өтпелі кезеңде ескі жүйе зейнетақылық сақтандырудың жаңа мекемелерінің пайда болуымен жұмыстарының басталуына дейін әрекет етуі тиіс.

Әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, келесідей қорытынды жасауға болады, «МЖЗҚ» АҚ-ның қамтамасыз ететін азаматтардың өз қарттықтарын қамтамасыз етуге деген жауапкершілігін арттыратын үлгі сәйкес келеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

ҚР зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту мәселелерін зерттеу мен талдау нәтижелері келесідей нәтижелер мен қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Соңғы 25 жылдықтағы жаңғырту теориясының эволюциясын сипаттау және оны қысқаша қарастыру біздің республикамыз үшін теориялық және практикалық қызығушылық танытып отырған экономиканың даму теориясына қатысты және оны Қазақстанның қазіргі таңдағы экономикасының маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастыруға болады.

Экономикалық жүйеде қаржы делдалдарының бір түрі болып табылатын зейнетақы жүйесі маңызды белсенділікті арттырушы роль атқаруы тиіс, яғни капитал салымдарын қажет ететін өнеркәсіп компаниялары мен ұсақ инвесторлардың қызығушылықтарының балансын қамтамасыз ету. Қаржы институттары жүйесінде Қазақстанның зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғыртуға сәйкес «БЖЗҚ» АҚ-ы келесідей ерекшеліктермен сипатталады:

- олар әлеуметтік бағыты бар институттар болып табылады;
- бұл зейнетақы жарналарын қабылдаушы және мүмкіндіктердің өсуіне байланысты зейнетақы активтерін қауіптілігін төмен және сенімді жобаларға инвестициялайтын қаржы институттары;
- жинақтаушы зейнетақы қорларында төлемдердің басталуы мен жарналар түсімдерінің аяқталуы арасында бірнеше жылды құрайтын уақыт лагтары пайда болады. Бұл, жинақтаушы зейнетақы қорларының ұзақ және орта мерзімді инвестиция жасауға және өзінің портфелін құруға мүмкіндік береді. Жинақтаушы зейнетақы қорлары қаржы нарықтарына тікелей және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар арқылы да қатыса алады.

2. Кез-келген зейнетақы қорының басты мақсаты- бұл оған қатысушылардың алдында зейнетақы төлеміне байланысты міндеттемелерді орындау. Активтерді инвестициялау, тартылған құралдардың өсімін қамтамасыз етудің негізгі тәсілі болып табылғандықтан, ол зейнетақы мөлшеріне сәйкес келетін табыс мөлшеріне кепілдік беру керек.

Инвестициялық саясатты белсенді түрде жүргізу жинақтаушы зейнетақы қорларын жаңғыртуда маңызды мәселелерінің бірі болып табылғандықтан оларды жасау қордың мақсаттарын, инвестициялаушы құралдардың көлемін және басқада маңызды міндеттердің шешілуін анықтауды талап етеді. Зейнетақы қорлары институционалды инвесторлар ретінде әрекет ете отырып, және салымшылардың қаржы

құралдарын шоғырландыра отырып оларды мынадай түрлі активтерге инвестициялайды: бағалы қағаздарға, банк депозиттеріне, мүліктерге және т.б. Жинақтаушы зейнетақы қорларымен зейнетақы құралдарын түрлі активтерге инвестициялауды жүзеге асырудың бірқатар ерекшеліктері бар, олардың негізгілері:

- салымшылардың зейнетақы жарналары қаржы қызметтерін реттеуші заңнамаларға сәйкес табысты активтерге инвестицияланады. Банк депозиттері, салымдар, акциялар бойынша дивиденттер, мүліктер және бағалы қағаздардан түсетін табыстардан құралатын инвестициялық табыстар, жинақтаушы зейнетақы қорларына өз салымшыларының болашақта зейнетақы алуына кепілдік беруге мүмкіндік береді.

- инвестициялық активтер белгілі бір уақыт аралығында ЖЗҚ-ның қарамағында бола отырып, қосымша инвестициялық табыс алу мақсатында қолданылады.

3. Мемлекетпен жүргізілген әлеуметтік саясат жаңғырту идеясымен сабақтас болуы керек, яғни зейнетақыны және жалақыны уақытында төлеу, кейбір әлеуметтік жеңілдіктерді алып тастау, атаулы әлеуметтік қорғау сияқты мемлекеттік міндеттемелерді сақтау қажет. Алайда, аталғандармен қатар әлеуметтік саланы кешенді жаңғырту бағдарламаларын өңдеп шығару үшін келесі шарттар қажет деп:

- экономиканы жаңғырту экономикалық өсудің қажетті қарқынын қамтамасыз ететін және тиімділікті көтерудің әдісі ретінде;

- жаңғырту үшін инвестициялар тарту мақсатында инвестициялық климатты жақсарту;

- нарықтық өзгерістерді қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және жаңғыртуды қолдауға бағытталған әлеуметтік саясат.

Қазақстан үшін зейнетақы жүйесін жаңғырту мәселесі Батыс және Шығыс Еуропа елдеріндегідей маңыздылыққа ие. Қорыға келе, нарықтық экономикаға көшкен басқа елдер сияқты Қазақстандық зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту қажеттілігін түсіндіру үшін келесі қолайсыз факторларды атап өткіміз келеді:

- дамыған елдердегі сияқты тұрғындардың жылдам қартаюы;

- дамушы елдерге тән жан басына шаққандағы табыстың төмендігі;

- үлестіруші зейнетақы жүйесі тұрғындардың барлығына жуығын қамтиды және зейнетақымен қамтамасыз етуге байланысты міндеттемелердің мөлшері қолда бар нақты ресурстармен сәйкес келмейді.

4. Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары, әрекет етуші азаматтар, ұйымдар мен кәсіпорындардың ерікті мақсатты жарналарын тартуға,

қатысушыларға қосымша зейнетақыны, ұзақ уақыт ішінде үздіксіз немесе өмір бойы төлеп отыру үшін қор активтерін басқаруды компанияларға беруге, орналастыруға және азаматтар алдында басқа да міндеттемелерді орындауға бағытталған коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. Яғни, қатысушыларды мемлекеттік емес зейнетақымен қамтамасыз ету, ЖЗҚ ерекше түрі болып табылады. Қордың қаржы құралдарын инвестициялау мұндай іс-әрекеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Жалпы ҚР мемлекеттік емес зейнетақы қорларының көбінің инвестициялық стратегиясын, тартылған қаржы құралдарын сақтауға және табысты кепілдендірілген минималды мөлшерін қамтамасыз етуге бағытталған консервативті жүйе ретінде қарастыруға болады.

Жүргізілген талдау нәтижесінде, зейнетақы қорларының экономиканы қаржыландыруға қатысу мүмкіндігі автормен сызба түрінде ұсынылады. Сонымен, оған сәйкес жалпы инвестициялық қорлардың құрылымы әрекет етуші талаптарға сәйкес келгенімен нақты жағдайда, зейнетақы қорларының активтерін осылайша пайдалану ел экономикасында қажетті рол атқармайды. Қазіргі кездегі, қаржы құралдарының белгілі-бір үлесін мемлекеттік бағалы қағаздарға міндетті инвестициялау, инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру емес, мемлекеттік қағаздарды жабу болып отыр.

Мемлекеттік қазыналық облигациялар нарығындағы табыстылықтың төмендеуі ЖЗҚ инспекциясымен Үкіметтің бағалы қағаздарына салым жасаудан бас тартудың себепшісі ретінде қабылданбайды. Сәйкесінше, әрекет етуші нормативтік талаптар бойынша, зейнетақы қорлары өз активтерінің белгілі бір бөлігін, тіпті олар қордың инвестициялық мақсаттарына сай келмесе де мемлекеттік міндеттемелерге инвестициялауға міндетті.

5. Зерттеу нәтижесіне сүйене отырып, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің жаңғырту қажеттілігінің шарттары ретінде келесілерді қарастырамыз:

- қарттарды кедейшіліктен қорғау;
- зейнеткерлікке шыққаннан кейін кепілдендірілген табыспен қамтамасыз ету (яғни оның мөлшері зейнеткерлікке шығар алдындағы жалақы сомасына пропорционалды белгілі бір соманы құрайды);
- инфляция немесе басқада факторлардың нәтижесінде нақты өмір сүру деңгейінің төмендеуінен тағайындалған табысты қорғау (қор басшылары немесе билік өкілдерінің түрлі қаржы махинациялары және т.б.).

- демографиялық факторлардан, елдің экономикасындағы саяси және экономикалық жағдайлардан салыстырмалы түрде еріктілігін қамтамасыз ету;

- инвестициялық фактор-зейнетақы жүйесін дамыту және бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, егер әмбебап көзқарастан бас тартып ішінара түріне өткенде бұл мәселелер шешімін табуы мүмкін. Өтпелі экономика негізінде әлеуметтік әділдік қағидасын сақтау басты мәнге ие болады, ал оған көп деңгейлі зейнетақы жүйесін құру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Оны құру үшін, нарықты экономикадағы елдердің жаңғырту тәжірибелерін, әсіресе өзіміздің экономикалық жүйесінің ерекшеліктерін ескеру қажет деп есептейміз, ол сәйкесінше керек жолды таңдауға, қателіктерді болдырмауға мүмкіндік береді.

6. Мемлекеттік зейнетақы қоры міндетті болса, мемлекеттік емес зейнетақы қорының бірқатар артықшылықтары бар:

- ұлттық қарыздан құтылу мақсатындағы ең арзан ресурс көзі;

- бір сала аумағында пайдалануға жұмсалатын шығындар арасындағы сәйкессіздікті едәуір төмендетеді;

- жоғары маманданған жүйе күшін ұстап тұру және тарту құралы ретінде компанияларға, жеке зейнетақы қорларын пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Егер мемлекеттік зейнетақы қорларына төмен табысты мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестиция жасау және өндірістік пайдасы төмен жағдайдағы тұрғын үй жобалары мен әлеуметтік инфрақұрылымды қаржыландыру тән болып келсе, онда сәйкесінше олардың табыстылығы төмен болып келеді. Ал мемлекеттік емес зейнетақы қорлары әлемдегі тәжірибе көрсеткендей, өз қаражат құралдарын жоғары пайда әкелетін жерлерге салады.

7. Диссертациялық зерттеу барысында ЖЗҚ әрі қарай дамыту, зейнетақы жүйесін жаңғыртуда жетістікке жетуге мүмкіндік беретін бірқатар мәселелерді шешуді талап етеді. Ең алдымен зейнетақы жүйесінің сенімді институционалды инфрақұрылымын құру қажет. Бұл міндеттің орындалуы, міндетті жинақтау қағидаларына негізделген екінші деңгейдің жаңадан құрылуымен және үш деңгейлі зейнетақы жүйесіне көшуге байланысты қажетті болып табылады.

8. Зерттеулерге сүйене отырып, зейнетақы жүйесін жаңғыртудың нақты кезеңінде, ең алдымен қажет болып табылады:

- Өтпелі кезең аясында зейнетақы жүйесінің әрекет етуінің заң механизмдерін жетілдіру;

- Зейнетақы жүйесінің тиімді әрекет етуінің экономикалық механизмін жасап шығару;
- Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының инвестициялық іс-әрекетіне қатаң бақылау жасайтын механизм орнату;
- Зейнетақы төлемдеріне мемлекеттік кепілдіктер орнату;
- Жинақтау қағидасына сәйкес жасалған, мемлекеттік зейнетақы қорынан еңбек етуіне байланысты немесе әлеуметтік зейнетақының ең төменгі деңгейімен қамтамасыз ету;
- «МЖЗҚ» АҚ-ның инвестициялық стратегиясын жүзеге асыру.

9. Біздің көзқарасымыз бойынша, зейнетақы активтерін экономиканың нақты секторындағы шаруашылық салаларын және зейнетақы саласын дамытудың басты бағыттарын қаржыландыру мақсатында пайдалану керек. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қаржы құралдарын нақты жобаларға тарту келесі құралдар негізінде құрылуы қажет: мемлекетпен кепілдік берілетін мемлекеттік емес бағалы қағаздар, банк құралдары, ипотекалық міндеттемелер, депозиттер. Сонымен қатар, зейнетақы активтерін өнеркәсіп салаларының негізгі қорларын жаңартуға жұмсаған орынды деп есептейміз, атап айтсақ: зейнетақы шоттары бойынша қызмет көрсетуге арналған меншіктің барлық формасындағы өндірістік кәсіпорындардың негізгі құрал-жабдықтарының лизингі; зейнетақылық қамсыздандыру бойынша қызмет көрсетуші шаруашылық салаларындағы алдыңғы қатарлы өндірістік және ғылыми-техникалық өзін-өзі ақтаушы бағдарламаларды қаржыландыру (медициналық қызмет көрсету; коммуналдық тұрғын-үй қоры және т.б).

10. Көптеген Қазақстандық ЗАИБЖАҰ және ЖЗҚ-ның нақты мерзімде айтарлықтай жұмыс істеу тәжірибесі жоқ. Шетелге қаржы құралдарын инвестициялау елдің өз зейнеткерлерін қамтамасыз етуге арналған материалдық базасын құру мүмкіндігін шектейді.

Мұнда ипотекалы бағалы қағаздар туралы ерекше атап өтуге болады, өйткені олар зейнетақылық қаржыларды салуда сенімді құрал болып табылады. Қазақстандық ипотекалық компаниялар алғаш рет шығара бастаған ипотекалық облигациялар нарығы дамуының жаңа кезеңі тек қана бізде емес сонымен қатар, бүкіл ТМД мемлекеттерінде 2009 жылдың жазында басталды.

Осы тұрғыда Қазақстанда зейнетақы қорларының облигацияларды сатып алуға қатысты Чили тәжірибесін қолданған орынды деп есептейміз. Бұл елдің зейнетақы қорларының бағалы қағаздар портфеліндегі облигациялар шамамен 58 % құрайды.

Сонымен қатар, зейнетақы қорларының тұрғын үй құрылыстарын қаржыландыруда жанама қатысуы келесі қаржы құралдарының көмегімен жүзеге асыруға болар еді:

- жылжымайтын мүліктермен операция жүргізуші ашық компаниялардың акциялары;

- қорлардың жылжымайтын мүліктерге салған акциялары.

Мұнда инвесторлардың бағалы қағаздар портфелінің құрылымына байланысты екендігін атап өтеміз. Олар мүлікке байланысты бизнес шеңберінде өз ресурстарын тұрғын үй құрылысы жобаларын қаржыландыруға пайдаланады. Тұрғын үй құрылысын несиелеу мемлекетке, банктерге де тиімсіз болып табылады. Қазіргі кезде мұндай облигациялар шығару біздің елде ұзақ мерзімді мемлекеттік облигациялардың болуын автоматты түрде қамтамасыз ете алар еді.

11. Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың негізгі даму мәселелерін формалды түрде қарастыра отырып, онда автормен оларды шешу жолдары ұсынылды. Ұсынылған талдауда аталған тоғыз мәселенің бесеуі ҚР БҚН дамуына, ал қалған төртеуі ЗНС қызметіне қатысты.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, жинақтаушы зейнетақы қорларының ұйымдық құрылымы бәсекелестік сайыста маңызды рөл атқарады. Вертикалды құрылымы мықты нақты бөліне алатын және ұйымдық орталықтары өзара тиімді әрекеттесетін, өкілдіктерді жіберудің дамыған жүйесі бар зейнетақы нарығының субъектілері нарықта үлкен жетістіктерге жете алады. Зейнетақы нарығы субъектілерінің алдына қойған мақсаттары мен артықшылықтары олардың қызметтеріне әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Артықшылықтардың бұрмалануы басқару құрылымы мен инвестиция тиімділігіне алып келеді, нәтижесінде жинақтаушы зейнетақы қорларының клиенттерінің көзқарасы бойынша жұмыс нәтижесі қанағаттанарлықсыз болады.

12. Қазіргі таңда әлеуметтік фактор экономиканың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады (тұрғындардың экономикалық жаңғыртулардың кез-келген түріне, әсіресе әлеуметтік секторға қатысты өзгерістерге деген сенімсіздігі) бұл сәйкесінше жаңғырту процесінің жүруін қиындатады. Бұдан келіп шығатыны, өтпелі кезеңдегі әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіндегі жаңғыртулар, яғни жоспарлы-әкімшілдіктен нарықты экономикаға өту барысында келесілерді ескеру қажет.

13. ЖЗҚ әлеуметтік функцияларын жүзеге асыру үшін, басқарушылармен алынған инвестициялық кірістің көлемін сомалы түрде азайту мүмкіндігін шектеу қажет. Осы мақсатта екінші және үшінші деңгейдегі зейнетақы қорлары үшін бірдей болып келетін бірқатар ережелерді енгізу орынды деп санаймыз:



- зейнетақы активтерін инвестициялауды ұйымдастырылған сауда жүйелері (биржа) арқылы жүзеге асыруға рұқсат беру;

- ұйымдастырылмаған нарықта бір күннің ішінде өзгеріске ұшырамайтын тәуелсіз бағадағы құралдармен ғана операциялар жүргізуге рұқсат беру (инвестициялық қорлардың ұпайларымен);

- зейнетақы қорларының қаржылары инвестицияланатын инвестициялық құралдарды айтарлықтай өтімді болуы қажет, олармен келісім операцияларын аз жүргізу мүмкіндігінің төмендігінен көрінеді, сонымен қатар сауда жүйелері арқылы.

14. Зейнетақымен қамсыздандыру кез-келген ел үкіметінің үнемі назарында болатын маңызды әлеуметтік мәселелер қатарына жатады. Бұл тұрғыда, тұрғындардың қарттығын әлеуметтік қамсыздандыру құқығы біздеде Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген.

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың басты мақсаты- экономикалық өсуді қамтамасыз ету қаржылық тұрақты және әділ жүйені құру болып табылады. Зейнетақы жүйесін жаңа саяси және экономикалық жағдайларға бейімдей отырып, өтпелі кезеңде ескі жүйе зейнетақылық сақтандырудың жаңа мекемелерінің пайда болуымен жұмыстарының басталуына дейін әрекет етуі тиіс.

Әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, келесідей қорытынды жасауға болады, әлеуметтік сақтандыру салаларына өзгерістер енгізуге зейнетақы жүйесінің ЖЗҚ қамтамасыз ететін белсенді мемлекеттік реттеумен азаматтардың өз қарттықтарын қамтамасыз етуге деген жауапкершілігін арттыратын үлгі сәйкес келеді.

### ӘДЕБИЕТ

1. ҚР Президенті Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», 28.02.2008 ж
2. «Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы, 1997
3. ҚР Азаматтық кодексі
4. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы. 1 маусым 2008ж.
5. Карагусова Г. Пенсионная система Республики Казахстан: опыт реформирования // Экономист. – 2010
6. Аналитическая записка «О состоянии накопительной пенсионной системы в Казахстане». – Астана. 2009
7. ҚР Ұлттық Банкі статистикалық бюллетені (1998-2005 жж)
8. Зейнетақы активтерін инвестициялау//Құнды қағаздар нарығы, №11. 2004.
9. Инвестиционно-финансовый портфель (Книга инвестиционного менеджера. Книга финансового менеджера. Книга финансового посредника)./Отв. ред. Рубин Ю.Б., Солдаткин В.И. — М.: «СОМИНТЭК», 1993ж.
10. Г. Пазылхаирова. Пенсионные фонды в системе финансового капитала Республики Казахстан.//Транзитная экономика. – 2009
11. Тулепбаев К. М. Становление и развитие пенсионной реформы в Республике Казахстан.//Саясат.—1999.(7)
12. А. Рот, А. Захаров, Я. Миркин, Р. Бернард, П. Баренбойм, Б. Борн. Основы государственного регулирования финансового рынка. — М.: «Юстицинформ», 2008
13. Алибаев А. «О ситуации на пенсионном рынке»./Труд в Казахстане: проблемы, факты, комментарии. — 2010
14. Назарбаев Н.А. Казахстан-2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда. 2008, 11 октября.
15. Халитова М.М., Сущность модернизации экономики Казахстана на современном этапе // Каз НУ им. Аль-Фараби. - Алматы, 2012. - N2.
16. Гитман Л.Дж., Джонк М.Д. Основы инвестирования: Пер. с англ.- Москва: Дело, 2007. - 1024 с.
17. Э. Боди, А.Кейна, Мароу А.Дж. Принципы инвестиций. – Москва, 2008. - С. 26.
18. Тумусов В.Ф. Инвестиционный потенциал региона: Теория. Проблемы. Практика. – М, 2009. - С. 19.

19. Массе П. Критерии и методы оптимального определения капиталовложений. – Москва, 2007. - С. 97.
20. Комитет по регулированию деятельности накопительных пенсионных фондов Министерства труда и социальной защиты населения РК. Нормативные правовые акты. - Алматы, 1999. - Т.2. - 144 с.
21. Закон РК "Об инвестициях" от 08 января 2009. - N 373-11.
22. Кейнс Дж. М. Общая теория занятости, процента и денег. Пер. с англ. Москва, 1998. - С. 117.
23. Нурланова Н.К. Формирование и использование инвестиции в экономике Казахстана: стратегия и механизм.-Алматы: Гылым, 1998. - С. 27.
24. Маршалл А. Принципы политической экономии. Москва, 1984. – 584 с.
25. Мюрдаль Г. Современные проблемы " третьего мира". Пер.с англ. Москва: Прогресс, 1972. – 767 с.
26. Плешов А. Г. Олова И.В: Очерки зарубежного страхования.-Москва: Анкил, 1997. - 200 с.
27. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егеменді Қазақстан. 2012, 04 наурыз.
28. Тулепбаев К. Международный опыт пенсионного обеспечения // Банки Казахстана. 2007. - N12. - С. 18.
29. Кенжегузин М.Б. Казахская модель устойчивого экономического развития (научные основы построения и реализации). – Алматы: ИЭ МОН РК, 2009 - Т.1. –400 с.
30. Карагусова Г. Д. Пенсионная система в Республике Казахстан: опыт реформирования // Экономист. - 2009. - N11. - С. 99-103.
31. Берешов С.и др. Совершенствование методики анализа уровня жизни населения и расчета ПМ, основанного на определении продовольственного набора и непродовольственных товаров и услуг МПК / Научный отчет НИИ труда.- Алматы, 2007. – 65 с.
32. Латиноамериканские пенсионные системы в фактах и цифрах// Рынок ценных бумаг Казахстана, 2007. - N8. - С. 24.
33. Конысбаев А.Т. Зарубежный опыт пенсионного обеспечения. Алматы: Национальная Высшая Школа Государственного Управления при Президенте РК, 2006.
34. Алибаев А. Накопительная пенсионная система Казахстана: итоги, проблемы, перспективы // Рынок ценных бумаг Казахстана, 2007. - N8.
35. Алибаев А. Зарубежный опыт реформирования пенсионных систем// Рынок ценных бумаг Казахстана, 2008. - N8. - С. 22-24.

36. Социальное обеспечение в странах Запада (США, Канада и Великобритания).- Москва, 2012. - 153 с.
37. Ерощенков С. Мировой опыт реформирования пенсионных систем// Общество и экономика, 2007. - N10. - С. 155-175.
38. Грудцына Л. Пенсионное обеспечение в зарубежных странах // Адвокат, 2008. - N 5. - С.77.
39. Тулепбаев К.М. Негосударственные пенсионные фонды // Советы Казахстана.- 2010ж. 8. 02.- N2. - С. 9.
40. Постановление Правления НБ РК от 29.07.03.- N264 "Об утверждении Правил осуществления деятельности по инвестиционному управлению пенсионными активами" (с изменениями, внесенными постановлением Правления НБ РК от 26.12.03г - N488) от 26 декабря 2009г. N488.
41. Четыркин Е.,Кабалкин С. Мировой опыт реформирования пенсионных систем: уроки для России // Вопросы экономики-2000.- N8. - С. 154.
42. Система частных пенсионных фондов в Чили / Материалы Ассоциация администраций пенсионных фондов. - Сантьяго: ААПФ, 1997. - С. 30.
43. Четыркин Е.М. Пенсионные фонды. Зарубежный опыт для отечественных предприятий, актуарные расчеты.- Москва: АО "Арго", 1993. - 100 с.
44. Хотулев Е. Мировой опыт инвестирования средств государственных пенсионных фондов // Рынок ценных бумаг, 2009. - N3.- С. 66.
45. Малютина Н.Н. Развитие системы пенсионного обеспечения в зарубежных странах // Труд за рубежом, 2007.- N1.- С. 100-119.
46. Американские пенсионеры // Деловая неделя, N8.-28.07.00.
47. Виттас Д. Сильные и слабые стороны пенсионной реформы Чили/. Всемирный банк, 2005. - 121 с.
48. Дряхло Н., Куприянов Е. Системы мотивации персонала в Западной Европе и США // Проблемы теории и практики управления, 2008. - N2. - С. 15.
49. Шарп У.Ф., Александер Г.Д., Бейли Д.В. Инвестиции: Пер. с англ.- Москва: Инфра-М, 2007. - С. 124.
50. Бекишева А. Использование положительного опыта чилийской модели в реформировании пенсионной системы Казахстана // Аль Пари, 2007.- N5, С. 31-33.
51. Закон РК "О внесении дополнений и изменений в некоторые законодательные акты РК по вопросам пенсионного обеспечения" от13.03.03г. N394-11 // Труд в Казахстане, 2009. - N1 - С. 41.

52. Закон РК О пенсионном обеспечении в РК., Алматы: Юрист, 2008, с-36.
53. Информация Агенства РК по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций. - Алматы, 2010. -1 с.
54. Еспенбетова Б. Вопросы моделирования оптимальной структуры инвестиционного портфеля пенсионных фондов // Банки Казахстана.- 2008. - N8. - С. 53-58.
55. Мухтарова К. Распределение доходов и бедность в переходной экономике. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 224 с.
56. Рогачева Т. Экономические компоненты качества жизни населения. – Алматы: Евразия, 2000. - 176 с.
57. Регионы Казахстана, 2012ж., Статистический сборник. // Под. ред. К.С. Абдиева, Алматы, 2012. - 500 с.
58. Казахстан и его регионы. Ежеквартальный журнал // Под ред. А. Шокаманова 2010.- N1. -144 с.
59. ЖЗҚ мен ЗАИБЖҰ әр тоқсандық есебі 2011-2012жж.// Понорама, 2012.
60. Нурмуханбетов Е. Анализ пенсионного рынка Казахстан по итогам 2011 года // Рынок ценных бумаг Казахстана. 2011. - N2.- 39 с.
61. Казахстан: 2011-2012 годы // Информационно-аналитический сборник. Алматы: Агенство РК по статистике, 2012.
62. ИАФР "Ирбис" // Рынок ценных бумаг Казахстана, 2011. - N8.
63. ИАФР "Ирбис" // Рынок ценных бумаг Казахстана, 2011. - N9.
64. Ежемесячные отчеты информационного агенства финансовых рынков «Ирбис».- 2011-15 мая.-12.
65. Годовые отчеты ЗАО "Казахстанская фондовая биржа" за 2000-2011.
66. Годовые отчеты Национального банка РК за 2000-2011.
67. Программа развития накопительной пенсионной системы Республики Казахстан на 2011-2007 годы / Проект.-Астана, 2010. – 29 с
68. Программа дальнейшего углубления социальных реформ в Республике Казахстан на 2007-2012 годы /Проект МТСЗН РК.-Астана, 2012. – 23 с.
69. Предложения НПФ и ООИУПА по расширению возможностей инвестирования пенсионных активов и усилению финансовой устойчивости НПС /Ассоциация финансистов Казахстана, Ассоциация пенсионных фондов, Ассоциация вкладчиков, Ассоциация управляющих активами, Союз участников пенсионной системы РК.- Алматы, 2011. - 3 с.
70. Формирование инвестиционного портфеля // Рынок ценных бумаг Казахстана, 2011. - N1. - 52 с.

71. Коржова Н. Методы и практика актуарного прогнозирования развития пенсионных систем в государствах с переходной экономикой. - М., 1998. – 108 с.
72. Еврошенков С. Мировой опыт реформирования пенсионных систем // Общество и экономика.-2011.- №7-8. - С. 199.
73. Предупреждение кризиса старения населения: политика защиты престарелых и содействия экономическому росту // Доклад семинара "Реформа пенсионного обеспечения для стран СНГ и Монголии".- Вашингтон: ИЭР ВБ, 2007. - 180 с.

## **МОНОГРАФИЯ**

Қожабеков С.С.  
Молдабекова А.Ш.  
Муратова Д.Б.

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

Subscribe to print 14/12/2018. Format 60×90/16.  
Edition of 300 copies.  
Printed by “iScience” Sp. z o. o.  
Warsaw, Poland  
08-444, str. Grzybowska, 87  
info@sciencecentrum.pl, <https://sciencecentrum.pl>



ISBN 978-83-66216-07-5

